

USTAZ USTANYMY

Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

№09(118) (2025 ж. Қыркүйек/Сентябрь 2025 г.)


"TAMSAN"

вокалдық тобының
жетекшісі –
халықаралық,
республикалық
байқаулардың лауреаты,
педагог

Алматы облысы,
Наурызбай ауданы
Оқушылардың
инновациялық
шығармашылық
орталығы



**АРАЛБАЕВА ГАЛИЯ
КАСЫМБЕКОВНА**





USTAZ USTANYMY

Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«USTAZ USTANYMY» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының
№09(118) (2025 ж. Қыркүйек) шығарылымы. Выпуск №09(118) (Сентябрь 2025 г.)
республиканского научно-методического журнала «USTAZ USTANYMY».

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ: білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-
тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық, педагогикалық инновациялық тәжірибелерді
тарату бойынша материалдар жариялау.

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ: публикация материалов по распространению
учебно-методического, научно-практического, информационно-аналитического,
педагогического инновационного опыта в области образования.

«USTAZ USTANYMY» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 13 ақпандағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ26VPY00064454 берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан аумағында.

«USTAZ USTANYMY» журналы айына 4 рет жарық көреді.

Республиканский научно-методический журнал «USTAZ USTANYMY» в городе Нұр-Сұлтан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 13.02.2023 года № KZ26VPY00064454.

Территория распространения: На территории Казахстана.
Журнал " USTAZ USTANYMY " выходит 4 раз в месяц.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан
Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертақызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы



«USTAZ USTANYMY» ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.
С правилами для авторов научно-методического журнала «USTAZ USTANYMY» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Мазмұны / Содержание

Калкабекова Г.Е. Ынтымағы жарасқан ел тарихы (XII ғасырдың екінші жартысы - XV ғасырдың аяғы)	4
Унасбаева Г.Е. Биология сабақтарында оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы инновациялық тәсілдер	7
Кабижанова С.К. «Әдеби мұраның заманауи ізі»	10
Курманханова Б.Б. "Эмоциялық интеллектті дамыту тәсілдері"	12
Сембаева Ұ.М. Оқушылардың спорттық белсенділігі арқылы қимыл үйлесімділігін дамыту.....	14
Бетмерзаева А.Ж. Особенности физического воспитания слабослышащих детей 3–5 лет	16
Ибраева Э.А. Жаратылыстану білгірі	18
Чогыбаева А.Т. Электр заряды. Зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы. Зарядтың сақталу заңы. Кулон заңы.....	21
Жанай А. «Оқушылардың жылдам оқуын дамытуға тиімді әдіс-тәсілдер»	25
Окасова Н.Б. “Бастауыш сыныптарда метопәндік оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту”	28
Садырбаева А.С. Сараланған оқытудың қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы тиімділігі	31
Аширбаев Ж.Н. Тарих сабағын оқытуда инновациялық оқыту технологияларын пайдаланудың маңызы	34
Әуелбай Г.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын дамыту жолдары....	36
Садуакасова Р.Н. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген танымдық белсенділігін ойындар арқылы арттыру.....	40
Қайрылған Н.Қ. Химиядағы жасанды интеллект құралдары	41
Жалғас Е.С. Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл	43
Касымбаева К.Т. М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының композициялық құрылымы	44
Саламат Ж.К. «Информатика пәнінде жасанды интеллекті тиімді пайдалану»	47
Култлеуова Ж.М. Заттардың қасиеті қалай өзгереді ?	50
Тусупбаев А.Т. Жасанды интеллект және цифрлық трансформация: мектептегі ақпараттандыру саясатына ықпалы	52
Жармухамбетқызы Н. Вокалистің концерттік орындауға психологиялық дайындығы	55
Берегенова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қызметтің жеке тұлға негізін қалыптастыруға әсері.....	57
Саргулова А.А. Оқушылардың дағдыларын дамыту (ЖИ арқылы сыни ойлау, функционалдық және цифрлық сауаттылықты жетілдіру)	59
Амирбекова Г.С. Веб-бет жасау негіздері (HTML/CSS)	62
Елжанова К.Б. Оқушыларды информатика пәнінен ҰБТ-ге дайындаудың тиімді жолдары	64
Шаганбаева А.Т. Білім мен ғылым жолындағы алғашқы қазақ зиялылары	67
Жотабаев Н.Ө., Ванкеева Г.Б. «Тоғызқумалақ ойынының әдіс-тәсілін үйретуде ақпараттық технологияларды қолдану ерекшеліктері».....	70
Аркұл Т.Ғ. Мектептегі әлеуметтік педагогтың қызметінің маңызы	72
Кеңесбекова А.Б. Көркем еңбек сабағында оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту процесі.....	75
Искабилова П.Б. Өскелең ұрпаққа тәрбие беруде педагогтың маңызы	79
Темиргалиева А.Б. Информатика сабақтарындағы дифференциацияланған әдісті қолданудың педагогикалық негіздері	82
Абдыкадыров Б.З., Булгакова Н.Б. «Қазақ даласындағы XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың ортасындағы ұлт-азаттық қозғалыстар»	85
Салимбаева М.А. Ұстаз - ата-ана – оқушы – үштік одақ	87
Жунусбекова Д.А. Оқушылардың логикалық ойлау дағдысын дамытудың негізгі шарттары.....	90
Сарсенбаева С.А. Құрамалы бөлшектерден робот құру. Роботтың шығу тарихы мен оның түрлері..	92
Махметжанова Н.А. Балабақшада біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықты дамыту.....	96
Еншлес У. Логика әлемі.....	100
Нусипбекова А.Ж. Биология пәнін оқыту барысында оқушылардың ақпараттық күзиреттілігін қалыптастыру жолдары	103

Калкабекова Гульмира Есенбаевна

Тарих-құқық пәнінің мұғалімі

“О.Жандосов атындағы орта мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қызылжар ауылы

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ЕЛ ТАРИХЫ (XII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ - XV ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ)

Аннотация.

Мақалада XII ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың соңына дейінгі қазақ тарихындағы саяси, әлеуметтік және мәдени үдерістер талданады. Еуразия даласындағы ірі мемлекеттік құрылымдардың дамуы мен ыдырауы, ру-тайпалардың этностық бірігуі, қазақ халқының қалыптасуы мен Қазақ хандығының құрылуы тарихи деректер негізінде сараланады. Сонымен қатар халықтың бірлік пен ынтымаққа ұмтылысы, осы құндылықтардың этностық тұтастық пен мемлекет құрудағы рөлі айқындалып, қазіргі білім беру үрдісіндегі маңыздылығы көрсетіледі.

Кілт сөздер: қазақ тарихы, XII–XV ғасырлар, ынтымақ, бірлік, этностық тұтастық, Қазақ хандығы.

Адамзат өркениетінің тарихына көз жүгіртсек, әрбір халықтың тағдыры өз ішінде ғана емес, айналасындағы өзге жұрттармен қарым-қатынасына да тығыз байланысты қалыптасқанын көреміз. Қазақ халқының тарихы да осы үрдістен тыс қалған жоқ. XII ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың соңына дейінгі аралық — Еуразия даласында саяси тұрақсыздықпен, соғыс қақтығыстарымен, мемлекеттік құрылымдардың пайда болып, ыдырауымен ерекшеленген аса күрделі кезеңдердің бірі болды. Дегенмен, дәл осы дәуірде халықтың бірлігін, ынтымағын сақтап қалу, этностық және саяси тұтастықты қамтамасыз ету жолында жасалған қадамдар қазақ елінің кейінгі ғасырларда дербес мемлекет құруына негіз болды. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі – ру-тайпалардың, халықтар мен хандықтардың арасындағы алауыздықтармен қатар, ынтымақтастық пен өзара қолдаудың да айқын көрініс тапқандығы еді.

Шыңғыс ханның жорықтарынан кейінгі дәуірде Дешті Қыпшақ даласы, Жетісу өңірі, Орталық Азия кеңістігі үлкен тарихи өзгерістерді бастан кешті. Бір жағынан, бұл кезең жойқын соғыстардың, қираулардың, халықтардың ыдырауы мен көшу-қондардың уақыты болса, екінші жағынан, жаңа мемлекеттік бірлестіктердің, саяси құрылымдардың пайда болу дәуірі болды. Қазақ халқының арғы тарихына қарасты көптеген тайпалар осы дәуірде этностық тұрғыдан бірігіп, ортақ мәдени-рухани құндылықтарға сүйене отырып, біртұтас халыққа айнала бастады. Тарихи деректерде наймандар, қыпшақтар, керейіттер, арғындар, дулаттар, қаңлылар секілді тайпалардың басынан кешкен оқиғалары көрсетіледі, ал олардың арасындағы саяси одақтар мен қарым-қатынастар болашақ қазақ мемлекеттілігінің іргетасын қалады.

Бұл дәуірдегі ең маңызды үрдістердің бірі – Алтын Орда мен одан кейінгі Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан мемлекеті сияқты ірі мемлекеттік құрылымдардың тарихы еді. Әрбірі өз кезеңінде Дешті Қыпшақ даласындағы халықтарды біріктіруге, саяси тұрақтылық орнатуға тырысқанымен, түрлі ішкі қайшылықтар мен сыртқы қысымдар олардың ұзақ ғұмыр сүруіне мүмкіндік бермеді. Мұндай қайшылықтардың туындауына тайпалардың дербестікке ұмтылысы, билікке таласқан әулеттер арасындағы күрес, сондай-ақ көршілес мемлекеттердің әскери-саяси қысымдары әсер етті. Алтын Орда дәуірінде күшті орталықтанған билік орнағанымен, уақыт өте келе ішкі алауыздық оның ыдырауына әкелді, ал бұл өз кезегінде қазақ халқының болашақ этностық бірігу жолына жаңа бағыт ашты.

Алайда аталған мемлекеттік құрылымдардың тәжірибесі кейінгі дәуірге үлкен сабақ болды. Олар жүргізген әкімшілік жүйе, әскери тәртіп, дипломатиялық қарым-қатынас дәстүрлері Қазақ хандығының мемлекеттік негізін қалыптастыруға септігін тигізді. Әсіресе хандық биліктің беделі мен халық алдындағы жауапкершілігі, ру-тайпа басшыларымен ақылдасу тәжірибесі, соттық-әдеттік құқықтың орнығуы – қазақ қоғамының саяси мәдениетінде терең із қалдырды. Дәл осы жерде «ынтымақ» ұғымының тарихи маңызы ерекше айқындалады: халықты әділ басқарған билеушілер заманы кейінгі ұрпақ жадында тұрақтылық пен өркендеудің кезеңі ретінде сақталды, ал алауыздық пен өзара қырқыстың дәуірі құлдырау мен күйзеліс ретінде есте қалды.

XIV–XV ғасырлардағы қазақ даласында бірлік пен ынтымақтың қажеттілігі айқын сезілді. Себебі даладағы рулар мен тайпалардың әрқайсысы жеке-дара өмір сүре алмайтын еді. Дала халқының тұрмысы көшпелі мал шаруашылығына негізделгендіктен, жайылым мен қонысқа байланысты туындайтын дауларды бейбіт жолмен шешу қоғам үшін өмірлік маңызға ие болды. Бұдан бөлек, сыртқы қауіп-қатерлердің жиі туындауы ру-тайпаларды ортақ мүдде жолында бірігуге итермеледі. Егер бірлік болмаса, әр ру өз алдына бөлініп кеткен жағдайда халықтың әлсіреп, көрші мемлекеттердің ықпалына түсіп қалу қаупі зор еді.

Сауда-саттықтың дамуы мен Ұлы Жібек жолының бойындағы қалалардың гүлденуі тек бейбіт жағдай мен өзара сенімге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асты. Түркістан, Сығанақ, Отырар сияқты қалалар тек экономикалық орталық қана емес, сондай-ақ саяси және мәдени ықпалдастықтың ордасына айналды. Бұл қалаларда түрлі этностардың, діндердің, мәдениеттердің өзара байланысы нығайып, толеранттылық пен ынтымақтың үлгісі қалыптасты. Ислам діні кеңінен таралып, халықтың рухани өмірінде басты рөл атқара бастады, бұл да ортақ құндылықтарды қалыптастырып, қоғамды біріктіруші факторға айналды. Осындай тарихи жағдайлар «бірліксіз тірлік жоқ» деген халықтық қағиданы бекіте түсті.

Қазақ хандығының құрылуы — осы ұзақ жолдың заңды қорытындысы. XV ғасырдың екінші жартысында Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастауымен құрылған хандық қазақ халқының тарихындағы ең маңызды бетбұрыстардың бірі болды. Бұл оқиға тек саяси акт емес, сонымен бірге халықтың ғасырлар бойғы ынтымаққа ұмтылысының нәтижесі еді. Сұлтандардың Әбілқайыр хан билігінен бөлініп шығуы – сол дәуірдегі әлеуметтік топтардың мүддесін қорғау, халыққа әділетті билік орнату ниетімен тікелей байланысты болды. Сондықтан Қазақ хандығының негізі саяси тәуелсіздікке ғана емес, сонымен қатар рухани және әлеуметтік әділеттілікке ұмтылыстан туындаған еді.

Қазақ хандығы құрылуымен бірге халықтың этностық аумағы біртіндеп айқындалып, мемлекеттік шекаралар белгілене бастады. Мұның өзі халықтың өзіндік болмысын айқындап, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етті. Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастамасы кейінгі хандардың билік жүргізу тәжірибесіне жол ашты, ал ел ішіндегі ынтымақты сақтау – мемлекеттілікті нығайтудың басты шартына айналды. Тарихтан алар үлкен сабақ – бірлік бар жерде халықтың болашағы айқын, ал алауыздық жайлаған тұста мемлекеттің күйреу қаупі басым. Сондықтан да XV ғасырдағы Қазақ хандығының құрылу тәжірибесі бүгінгі ұрпақ үшін де мәңгілік құндылық болып қала береді.

Осы дәуірдегі ынтымақ пен бірліктің тарихи тәжірибесі бүгінгі күн үшін де аса құнды. Себебі қазіргі әлемде де жаһандану, мәдени алмасу, геосаяси ықпалдар жағдайында ұлттық бірлік пен ынтымақ мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Қазақ елінің тарихындағы XII ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың соңына дейінгі кезең – бірлікке ұмтылудың, ынтымақты сақтаудың, халықты ортақ мақсатқа жұмылдырудың тарихи мектебі іспеттес. Сондықтан мектеп қабырғасында тарих пәнін оқытқанда, бұл кезеңді тек саяси оқиғалар тұрғысынан ғана емес, халықты біріктірген рухани-мәдени құндылықтар тұрғысынан да қарастырудың маңызы зор. Мұғалім үшін осы дәуірдің сабақтарын қазіргі оқушыларға жеткізу — олардың бойында елжандылық, бірлік, ынтымақ, өзара сыйластық құндылықтарын қалыптастырудың маңызды жолдарының бірі болмақ.

Қорыта айтқанда, XII ғасырдың екінші жартысынан XV ғасырдың аяғына дейінгі қазақ тарихы – қиындықтар мен қақтығыстарға толы болса да, халықтың ынтымағы мен бірлігінің арқасында жаңа сапалық деңгейге көтерілген дәуір. Бұл кезең қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуы мен мемлекет құруға дайындығының тарихи негізін қалады. Тарихи оқиғаларды ғылыми тұрғыдан зерделей отырып, оны жас ұрпақтың санасына жеткізу – тарих пәні мұғалімінің басты міндеттерінің бірі. Өйткені ынтымақ пен бірлікті қадірлеу – өткен дәуірден бүгінгіге жеткен мәңгілік құндылық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кляшторный, С.Г., Султанов, Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992.
2. Ақынжанов, М. Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи оқиғалар. – Алматы: Санат, 2001.
3. Golden, P. Central Asia in World History. – Oxford: Oxford University Press, 2011.
4. Soucek, S. A History of Inner Asia. – Cambridge: Cambridge University Press, 2000.

ИСТОРИЯ СТРАНЫ, СПЛОЧЁННОЙ ЕДИНСТВОМ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XII ВЕКА – КОНЕЦ XV ВЕКА)

Аннотация.

В статье анализируются политические, социальные и культурные процессы в казахской истории с второй половины XII века до конца XV века. Рассматривается развитие и распад крупных государственных образований в Евразийских степях, этническое объединение родов и племён, формирование казахского народа и основание Казахского ханства на основе исторических источников. Также подчёркивается стремление народа к единству и согласию, их роль в этнической целостности и государственном строительстве, а также значимость этих ценностей в современном образовательном процессе.

Ключевые слова: история Казахстана, XII–XV века, согласие, единство, этническая целостность, Казахское ханство.

THE HISTORY OF A NATION UNITED IN HARMONY (SECOND HALF OF THE 12TH CENTURY – END OF THE 15TH CENTURY)

Abstract.

This article analyzes the political, social, and cultural processes in Kazakh history from the second half of the 12th century to the end of the 15th century. It explores the development and decline of major state formations on the Eurasian steppes, the ethnic consolidation of tribes and clans, the formation of the Kazakh people, and the establishment of the Kazakh Khanate, based on historical sources. The paper also highlights the people's aspiration for unity and harmony, the role of these values in achieving ethnic integrity and statehood, and their relevance in the modern educational process.

Keywords: Kazakh history, 12th–15th centuries, harmony, unity, ethnic integrity, Kazakh Khanate.

Унасбаева Гаухар Еренсизовна

Биология пәні мұғалімі, педагог-модератор

«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің "Рахат ауылдық округі №1 орта мектеп" КММ

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қ, Өрікті с/о

**БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК
ЖӘНЕ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР****Аңдатпа**

Бұл мақалада биология пәнін оқыту барысында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мен сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған инновациялық әдістер қарастырылады. Виртуалды зертханалар, интерактивті платформалар және жобалық жұмыстар оқушыны белсенді білім алушыға айналдырып, ғылыми тұрғыдан ойлауына ықпал етеді. Автор оқушылардың дербес зерттеу жүргізуін, талдау жасауын және шешім қабылдауын дамытуға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдерді талдайды. Сонымен қатар, пәнге деген қызығушылықты арттыратын практикалық жаттығулар мен пәнаралық жобалардың рөлі көрсетіледі.

Кілт сөздер: биологияны оқыту, зерттеушілік қабілет, сыни ойлау, инновациялық технологиялар, виртуалды зертхана, жобалық жұмыс, практикалық дағдылар, АКТ, пәнаралық байланыс

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушыларға тек дайын білімді жеткізу жеткіліксіз, оларды өз бетінше ізденуге, деректерді талдауға және ғылыми тұрғыдан ой қорытуға үйрету басты мақсаттардың біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, оқушылардың зерттеушілік қабілетін қалыптастыру мен сыни ойлау дағдыларын дамыту биология пәнінде ерекше маңызға ие. Өйткені биология – тәжірибелерге, бақылауларға және ғылыми талдауға негізделген пән.

Инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы бұл міндетті жүзеге асырудың тиімді жолдарын ұсынады. Виртуалды зертханалар, интерактивті бағдарламалар, жобалық жұмыстар мен пәнаралық тапсырмалар оқушыларды белсенді білім алушыға айналдырып, олардың зерттеушілік және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Бұл әдістер тек білімді меңгертуге ғана емес, оқушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылық әлеуетін ашуға және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Сондықтан биология сабақтарында зерттеушілік пен сыни ойлауды дамытуға бағытталған инновациялық тәсілдерді тиімді пайдалану – білім сапасын арттырудың, оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің және заманауи қоғам талаптарына сай құзыретті маман даярлаудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Негізгі бөлім

1. Оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытудың педагогикалық негіздері

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушы тек дайын білімді қабылдаушы емес, оны талдап, өз бетінше зерттеуші тұлға болуы тиіс. Зерттеушілік қабілет – оқушының білімді тәжірибе арқылы меңгеріп, дербес ғылыми ізденіске араласуын қамтамасыз ететін маңызды құзырет. Биология пәні – табиғатты, тірі ағзалардың құрылысын, қызметін, экологиялық жүйелердің дамуын зерттейтін ғылым. Сондықтан бұл пәнде зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру оқушылардың ғылыми ойлауын қалыптастырудың ең тиімді жолдарының бірі болып саналады.

Зерттеушілік қабілетті дамыту барысында оқушы ақпарат жинайды, гипотеза құрады, тәжірибелер жүргізеді, нәтижелерді талдап, қорытынды жасайды. Бұл процестер біртіндеп оқушыны ғылымның әдіснамалық мәдениетіне жетелейді. Мысалы, жасушаның бөлінуін зерттеу кезінде оқушы виртуалды зертханада тәжірибені бірнеше рет қайталап, әр кезеңін бақылап, салыстырмалы талдау жасай алады. Мұндай тапсырмалар оқушыға білімді жай жаттап қана қоймай, оны қолдануды үйретеді.

Зерттеушілік әрекеттерді дамыту үшін жобалық жұмыстар, проблемалық оқыту, тәжірибелік жаттығулар, виртуалды зертханалар кеңінен қолданылады. Бұл әдістер оқушыға дербес ойлау, жаңа білім іздеу және ғылыми негізде шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

2. Виртуалды зертханалардың зерттеушілік қабілетті дамытудағы рөлі

Виртуалды зертханалар – оқушылардың тәжірибелерді компьютерлік ортада қауіпсіз орындауына мүмкіндік беретін заманауи құрал. Дәстүрлі зертханада кейде құрал-жабдықтың жетіспеуі, реагенттердің қымбат болуы немесе қауіпсіздік талаптары тәжірибені толық орындауға кедергі келтіреді. Ал виртуалды зертханалар осы шектеулерді жояды.

Мысалы, генетика тақырыптарын өткенде оқушылар әртүрлі генотиптердің фенотипке әсерін виртуалды тәжірибе арқылы бақылай алады. Экология бөлімінде экожүйенің динамикасын, популяция санының өзгеруін немесе климаттық факторлардың әсерін модельдеуге болады. Мұндай тәжірибелерді қайта-қайта орындау мүмкіндігі оқушылардың талдау жасау қабілетін дамытады.

Виртуалды зертханалардың тағы бір артықшылығы – оқушының сыни ойлауын қалыптастыру. Себебі тәжірибені орындау барысында оқушы әрбір нәтижеге күмәнмен қарап, оның себебін түсіндіруге ұмтылады. Бұл ғылыми ойлау мәдениетінің негізін қалайды.

3. Сыни ойлауды қалыптастыру әдістері

Сыни ойлау – оқушының ақпаратты талдап, салыстырып, дәлелдер келтіріп, дұрыс шешім қабылдау қабілеті. Биология сабақтарында сыни ойлауды дамыту үшін бірнеше әдістер қолданылады:

- Проблемалық сұрақтар қою. Мысалы: «Экожүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қандай факторлар маңызды?» немесе «Климаттың өзгеруі биологиялық әртүрлілікке қалай әсер етеді?» Мұндай сұрақтар оқушыны ойлануға, пікірталас жүргізуге жетелейді.

- Топтық талқылаулар. Оқушылар бір мәселені әртүрлі көзқарас тұрғысынан талқылап, ортақ шешім қабылдауға үйренеді.

- Пікірсайыс әдісі. Мысалы, гендік инженерияның пайдасы мен зияны туралы пікірталас жүргізу оқушылардың аргумент құру, қарсы дәлел айту дағдыларын дамытады.

- Зерттеу нәтижесін қорғау. Оқушылар орындаған жобалық жұмыстарын немесе тәжірибелерін сынып алдында таныстырып, сұрақтарға жауап береді. Бұл олардың өз ойын дәлелдеуге, деректерді жүйелі түрде ұсынуға үйретеді.

Сыни ойлауды дамыту тек биология пәніне ғана емес, оқушылардың болашақ кәсіби өміріне де қажетті қабілет болып табылады.

4. Жобалық және пәнаралық жұмыстардың тиімділігі

Жобалық әдіс – оқушының зерттеушілік қабілетін дамытудың ең тиімді жолдарының бірі. Жоба барысында оқушы тақырып таңдап, мақсат қояды, деректер жинайды, тәжірибе жасайды және қорытынды шығарады. Бұл үдеріс оның дербес ойлауын, ақпаратпен жұмыс істеуін, уақытты тиімді пайдалануды үйретеді.

Мысалы, «Аймақтағы экологиялық жағдайды бағалау» атты жоба аясында оқушылар топырақтың, судың немесе ауаның құрамын талдауы мүмкін. Жоба нәтижесінде олар нақты қорытындылар жасап, ұсыныстар береді. Бұл тек теориялық білімді бекітіп қана қоймай, оқушылардың азаматтық жауапкершілігін де арттырады.

Пәнаралық жобалар биологияны басқа пәндермен байланыстырып оқытудың тиімділігін арттырады. Мысалы, математикамен интеграция – популяцияның сандық өзгерістерін есептеу; информатикамен интеграция – биоинформатика саласында генетикалық деректерді өңдеу; химиямен интеграция – биохимиялық процестерді модельдеу. Мұндай жобалар оқушылардың аналитикалық ойлауын дамытады және білімді кешенді қолдануға үйретеді.

5. Интерактивті бағдарламалар мен АКТ құралдарын қолдану

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазіргі заманғы сабақтардың ажырамас бөлігіне айналды. Интерактивті бағдарламалар оқушыларға білімді визуалды түрде меңгеруге, өз нәтижесін тексеруге және жедел кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Мысалы, Kahoot!, Quizizz платформалары арқылы биологиялық тақырыптар бойынша викториналар ұйымдастыру оқушылардың қызығушылығын арттырады. PhET симуляциялары жасушалық процестерді немесе генетикалық тәжірибелерді модельдеуге мүмкіндік береді. Google Forms арқылы оқушылардың білімін тексеріп, нәтижесін бірден көруге болады.

АКТ қолдану оқушылардың мотивациясын күшейтіп қана қоймай, олардың уақытты тиімді пайдалануына, ақпаратты талдауға және сыни тұрғыдан бағалауға үйретеді. Сонымен қатар, мұғалімге сабақ жоспарын дайындауды жеңілдетіп, оқушылардың жетістігін жүйелі бақылауға мүмкіндік береді.

6. Педагогикалық тәжірибені жетілдіру жолдары

Инновациялық технологияларды енгізу мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыруды талап етеді. Педагог тек пәндік біліммен шектелмей, заманауи құралдарды тиімді пайдалана білуі қажет.

- Мұғалім виртуалды зертханаларды қолдануды меңгеріп, оқушыларға нақты нұсқаулық беруі тиіс.

- Сабақ жоспарын құру барысында дәстүрлі әдістер мен жаңа технологияларды үйлестіріп, «гибридті оқыту» тәсілін қолдану ұсынылады.

- Оқушылардың зерттеушілік жобаларын бағыттап, ғылыми жұмыс жүргізудің қарапайым әдістерін үйрету қажет.

- Жаңа технологияларды пайдалану барысында уақытты тиімді басқару, сабақ құрылымын жаңарту, оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру педагогтың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Инновациялық технологияларды жүйелі пайдалану мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, сабақ сапасын арттыруға, оқушының тұлғалық дамуына ықпал етеді.

7. Нәтижелер мен күтілетін ықпал

Оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған инновациялық тәсілдерді қолдану мынадай нәтижелерге жеткізеді:

- оқушылардың биология пәніне деген қызығушылығы артады;
- зерттеушілік дағдылар қалыптасады, ғылыми ойлау дамиды;
- сыни тұрғыдан ойлау қабілеті күшейіп, дербес шешім қабылдауға бейімделеді;
- топтық жобалар арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдылары дамиды;
- педагогтің кәсіби тәжірибесі жаңарып, сабақ заманауи талаптарға сай өткізіледі.

Бұл нәтижелер білім беру сапасын арттыруға, оқушының жан-жақты дамуына және ХХІ ғасыр дағдыларын меңгеруіне ықпал етеді.

Қорытынды

Биология пәнінде оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл бағытты жүзеге асыруда инновациялық технологиялардың, соның ішінде виртуалды зертханалар мен интерактивті

бағдарламалардың маңызы зор. Олар оқушыны белсенді білім алушыға айналдырып, тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге, ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеушілік қабілетті дамыту үшін жобалық және пәнаралық жұмыстардың, ал сыни ойлауды қалыптастыру үшін пікірталас, проблемалық сұрақтар мен талқылау әдістерінің тиімділігі ерекше байқалады. Интерактивті бағдарламалар мен АКТ құралдары оқушының мотивациясын арттырып, оқу процесін жекелеңдіруге жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, оқушылардың зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін дамыту – олардың болашақтағы кәсіби, ғылыми және өмірлік табысының негізі. Биология сабақтарына инновациялық тәсілдерді жүйелі енгізу педагогикалық тәжірибені жаңғыртып қана қоймай, білім сапасын арттыруға және оқушылардың жан-жақты дамуына жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбілқасымова, А. Е. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Алматы: Білім, 2019. – 240 б.
2. Нұрғалиева, Г. К. Биологияны оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 312 б.
3. Жанпейісова, М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы: 2006. – 256 б.
4. Қоянбаев, Ж. Б., Қоянбаев, Р. М. Педагогика. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 380 б.
5. Оспанов, Т. А. Оқыту үрдісіндегі инновациялық әдістер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 198 б.

Кабижанова Сырым Каршыгақызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі
Қажымұқан ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

«ӘДЕБИ МҰРАНЫҢ ЗАМАНАУИ ІЗІ»

Әдеби мұра – ұлттың мәдени байлығының негізі, оның тарихи жады мен рухани құндылықтарының көрінісі. Цифрлық дәуірде әдеби мұраны сақтау, тарату және жаңғырту мүмкіндіктері кеңейіп, жаңа технологиялар, әсіресе жасанды интеллект (ЖИ) мен цифрлық технологиялар арқылы оның заманауи ізі қалыптасуда. Бұл мақалада әдеби мұраның цифрлық ортадағы рөлі, оның жаңа форматтары, сабақта қолдану мүмкіндіктері және ЖИ мен цифрлық технологиялардың әсері талқыланады.

Цифрлық технологиялар әдеби мұраны сақтау мен таратудың жаңа әдістерін ұсынады. Электронды кітапханалар, онлайн архивтер мен цифрлық платформалар әдеби шығармаларды кең аудиторияға қолжетімді етуде. Мысалы, Қазақстанда «Қазақ әдебиеті» порталы мен «Абай» электронды кітапханасы сияқты платформалар ұлттық әдебиеттің классикалық және қазіргі туындыларын цифрлық форматта ұсынады. Бұл платформалар әдеби мұраны сақтаумен қатар, оны жаңа ұрпаққа жеткізудің тиімді жолын қалыптастырады.

Цифрлық архивтердің артықшылықтары

1. **Қолжетімділік:** Интернет арқылы әдеби шығармалар әлемнің кез келген нүктесінен оқылымды.
2. **Сақтау:** Физикалық кітаптардың тозуына жол бермей, мәтіндерді мәңгілік сақтауға мүмкіндік береді.

3. Интерактивтілік: Мультимедиалық элементтер (аудио, видео, интерактивті түсіндірмелер) арқылы оқырмандардың қызығушылығын арттырады.

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект әдебиет сабақтарын түрлендіріп, оқушылардың әдеби мұраны тереңірек түсінуіне және шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік береді. Төменде сабақта қолданудың нақты жолдары көрсетілген:

Цифрлық платформалар, мысалы, Google Classroom немесе Moodle, әдеби шығармаларды талдауға және талқылауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер Абайдың өлеңдерін немесе Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын цифрлық форматта жүктеп, оқушыларға тапсырмалар бере алады. ЖИ-ге негізделген құралдар, мысалы, Grammarly немесе ProWritingAid, оқушылардың эссе жазу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

ЖИ құралдары әдеби шығармаларды талдауда қолданылады. Мысалы, Natural Language Processing (NLP) технологиялары мәтіннің стилін, тақырыбын және кейіпкерлердің дамуын талдауға мүмкіндік береді. Сабақта мұғалімдер ЖИ-мен жұмыс істейтін платформаларды (мысалы, IBM Watson немесе Google Cloud Natural Language) қолданып, Абай өлеңдеріндегі философиялық идеяларды немесе Шәкәрімнің шығармаларындағы моральдық құндылықтарды анықтауға болады. Бұл оқушыларға шығарманың терең мағынасын түсінуге көмектеседі.

VR және AR технологиялары әдеби мұраны визуалды түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Абайдың Семейдегі өміріне арналған виртуалды тур оқушыларға ақынның шығармашылық ортасын сезінуге көмектеседі. AR қолданбалары арқылы оқушылар кітап беттеріндегі кейіпкерлерді немесе оқиғаларды «тірілтіп», шығарманы интерактивті түрде зерттей алады.

Аудиокітаптар мен әдеби подкасттар сабақта әдеби мұраны қолжетімді етудің тиімді жолы. Мысалы, Абайдың «Қара сөздері» аудио форматта тыңдалып, талқылануы мүмкін. ЖИ-мен жұмыс істейтін дауыс синтезаторлары (мысалы, Amazon Polly) шығармаларды түрлі тілдерде оқуға мүмкіндік береді, бұл шетелдік оқушылар үшін әдеби мұраны зерттеуді жеңілдетеді.

Оқушыларға ЖИ құралдары арқылы әдеби шығармаларға негізделген шығармашылық жобалар жасау тапсырылады. Мысалы, Canva немесе Adobe Spark сияқты платформаларда оқушылар әдеби кейіпкерлерге арналған постерлер жасай алады. ЖИ-мен жұмыс істейтін DALL·E сияқты құралдар арқылы шығармадағы оқиғаларды визуализациялауға болады, бұл оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады.

Цифрлық дәуір әдебиеттің жаңа түрлерін дүниеге әкелді. Электронды кітаптар, аудиокітаптар, блогтар мен әлеуметтік желілердегі әдеби контент – бұл әдеби мұраның заманауи көрінісі. Мысалы, Instagram және Twitter сияқты платформаларда ақындар мен жазушылар өз шығармаларын қысқа форматта ұсынып, оқырмандармен тікелей байланыс орнатады. Бұл әдебиеттің демократиялануына ықпал етеді. Сабақта мұғалімдер оқушыларға осы платформаларда әдеби мазмұн жасауды тапсырып, шығармашылықпен айналысуға ынталандыра алады.

Пандемия кезінде онлайн әдеби кештер мен вебинарлар танымал болды. Мысалы, Zoom платформасында өткізілген Абай шығармашылығына арналған халықаралық оқулар қазақ әдебиетін әлемге танытты. Сабақта мұндай форматты қолдану арқылы оқушылар әдеби шығармаларды талқылап, өз ойларын ортаға сала алады.

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект әдеби мұраны сақтау, насихаттау және сабақта қолданудың жаңа мүмкіндіктерін ашты. Электронды кітапханалар, ЖИ-ге негізделген талдау құралдары, VR/AR технологиялары және әлеуметтік желілер арқылы әдебиет кең аудиторияға қолжетімді болды. Сабақта бұл технологияларды қолдану оқушылардың әдеби мұраны терең түсінуіне және шығармашылықпен айналысуына ықпал етеді. Дегенмен, мұраны сақтау мен дамытуда сапа, авторлық құқық және технологиялық қолжетімділік мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Әдеби мұраның заманауи ізі – дәстүр мен инновацияның үйлесімі, ол ұлттың рухани байлығын болашақ ұрпаққа жеткізудің кілті болмақ.

Курманханова Балнур Бактыгазиевна

Педагог- психолог

Абай облысы білім басқармасы Бородулиха ауданы білім бөлімінің

"Жезкент орта мектебі" КММ

Абай облысы, Бородулиха ауданы, Жезкент кенті

**"ЭМОЦИОНАЛЬНО-ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ"**

Қазіргі таңда білім беру процесінде оқушының эмоциялық интеллектін дамыту — тұлғалық қалыптасудың, психологиялық тұрақтылықтың және әлеуметтік бейімделудің маңызды факторы болып табылады. Эмоциялық интеллект — адамның өз эмоциясын дұрыс тануы, басқаруы және өзгелердің эмоциясын түсіну қабілеті. Бұл дағды әсіресе мектеп жасындағы балалар үшін маңызды, өйткені ол оқу мотивациясына, қарым-қатынас мәдениетіне және өзін-өзі реттеуге тікелей әсер етеді. Сонымен бірге, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Визуалды құралдар мен интерактивті тапсырмаларды біріктіру арқылы оқушылардың эмоциялық және цифрлық дағдыларын қатар дамыту өзекті мәселе саналады. Эмоциялық интеллект — оқушының өз эмоциясын тану, түсіну, басқару және өзгелердің эмоциясын дұрыс қабылдау қабілеті. Бұл дағды тұлғаның психологиялық тұрақтылығы мен әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді. Бүгінгі күні бұл бағытты дамытуда цифрлық құралдарды тиімді қолдану өзекті мәселе. Мұғалім интерактивті слайд-презентациялар, визуалды тапсырмалар және «Эмоция картасы», «Эмоция динамикасы» сияқты жаттығулар ұйымдастыру арқылы оқушыларға эмоцияларын түсінуге, сипаттауға, бақылауға және басқаруға мүмкіндік береді.

Іс-әрекеттегі зерттеу ұғымы

Іс-әрекеттегі зерттеу — педагогтің нақты оқу ортасында жаңа әдістер мен құралдарды тәжірибе жүзінде сынап, олардың тиімділігін бақылап, білім сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс процесі. Бұл жағдайда, педагог-психолог эмоциялық интеллектке арналған жаттығулар мен практикалық жұмыстарды қолдана отырып, оқушылардың эмоциялық даму деңгейін зерттейді, алынған нәтижелер негізінде әдістемесін жетілдіреді.

Білім сапасын арттырудағы орны

Эмоциялық интеллектті дамыту білім сапасына жан-жақты оң әсер етеді. Эмоцияны тану мен басқару қабілеті жоғары оқушы өзін-өзі реттеуге, тиімді қарым-қатынас жасауға, сабаққа белсенді қатысуға бейім болады. Сонымен қатар, цифрлық сауаттылықты жетілдіру арқылы оқушылар ақпараттық қоғам талаптарына сай құзыреттілік қалыптастырады. Сондықтан ұсынылып отырған педагогикалық идея — білім сапасын арттырудың тиімді құралы.

Эмоциялық интеллект ұғымы және оның құрылымы

Эмоциялық интеллект — адамның өз эмоциясын тану, түсіну, басқару және өзгелердің эмоциясын дұрыс қабылдау қабілеті. Бұл ұғым алғаш рет ғылымда ХХ ғасырдың соңында қолданысқа енді. Эмоциялық интеллект адамның ішкі күйін түсінуге, эмоция арқылы дұрыс шешім қабылдауға және қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Эмоциялық интеллекттің негізгі компоненттері

Ғалымдардың зерттеулері бойынша эмоциялық интеллект бірнеше негізгі компоненттерден тұрады:

- **Өзін-өзі тану** – жеке эмоцияларды дұрыс анықтау және түсіну;
- **Өзін-өзі басқару** – эмоцияны бақылау, күйзеліс жағдайында сабыр сақтау;
- **Ішкі мотивация** – өз-өзін ынталандыру және мақсатқа жету үшін эмоцияны дұрыс бағыттау;
- **Эмпатия** – басқа адамдардың сезімін түсіну және оған сәйкес әрекет ету;
- **Әлеуметтік дағдылар** – қарым-қатынас орнату, командада жұмыс істей білу, конфликтілерді шешу.

Эмоциялық интеллектті дамытудың маңызы

Эмоциялық интеллект адамның тұлғалық дамуында, кәсіби және әлеуметтік бейімделуінде маңызды рөл атқарады. Әсіресе, мектеп жасындағы балалар үшін бұл дағдының қалыптасуы оқу жетістігіне, өзін-өзі бағалауға, психологиялық тұрақтылыққа ықпал етеді. Эмоциясын басқара алатын бала күйзеліс жағдайын жеңіл еңсеріп, әлеуметтік ортада дұрыс әрекет етеді. Сонымен қатар, эмоциялық интеллектті дамыту арқылы қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады, бұл мектеп ұжымындағы қолайлы психологиялық ахуалға оң әсер етеді. Сондықтан эмоциялық интеллектті жүйелі түрде дамыту – заманауи білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Оқушылардың эмоционалдық дамуына цифрлық құралдардың әсері

Цифрлық сауаттылық және эмоциялық интеллект байланысы

Қазіргі білім беру процесінде цифрлық сауаттылық — оқушының заманауи технологияларды дұрыс қолдану қабілеті ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік және эмоциялық дамуына ықпал ететін маңызды фактор. Цифрлық құралдарды тиімді қолдану арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуға болады. Әсіресе, визуалды мазмұн мен интерактивті тапсырмалар баланың өз эмоциясын тануына, оны ашық білдіруіне және басқалардың эмоциясын дұрыс түсінуіне мүмкіндік береді.

Цифрлық құралдардың артықшылықтары мен шектеулері

Цифрлық құралдардың артықшылықтарына мыналар жатады:

- Көрнекілік пен визуалды қолжетімділік;
- Интерактивтілік арқылы қызығушылықты арттыру;
- Жедел кері байланыс ұйымдастыру мүмкіндігі;
- Тапсырмаларды жекелей және топтық орындауға ыңғайлы орта.

Сонымен қатар, шектеулері де бар:

- Ұзақ уақыт экран алдында болу психологиялық шаршауды арттыруы мүмкін;
- Техникалық қиындықтар туындауы ықтимал;
- Кейбір оқушылардың цифрлық құралдармен жұмыс істеу дағдысының жеткіліксіздігі.

Эмоциялық интеллектті дамытуда интерактивті әдістердің рөлі

Визуалды және топтық жұмыс тәсілдері

Эмоциялық интеллектті дамытуда визуалды құралдар мен топтық жұмыс тәсілдері ерекше рөл атқарады. Визуалды әдістер арқылы оқушылар өз эмоциясын сурет, символ немесе түстер арқылы еркін бейнелей алады. Бұл, әсіресе, өз сезімін сөзбен жеткізуге қиналатын балалар үшін тиімді. Топтық жұмыс барысында оқушылар бір-бірінің эмоциясын байқай отырып, өзара түсіністікке, эмпатияға үйренеді. Топтағы пікір алмасу, бірлескен тапсырмалар оқушының әлеуметтік бейімделуін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

Ойын элементтері мен рефлексияны қолдану

Ойын — балалар үшін табиғи дамудың негізгі құралы. Ойын арқылы оқушы эмоцияны еркін білдіреді, жағымды және жағымсыз сезімдерді таниды. Эмоциялық интеллектті дамытуда түрлі рөлдік ойындар, ситуациялық тапсырмалар, «Эмоция таны» немесе «Көңіл-күй картасы» сынды жаттығулар үлкен нәтиже береді. Сонымен бірге, рефлексия кезеңі — оқушының өз эмоциясын талдап, неге солай сезінгенін түсінуіне ықпал етеді. Рефлексия арқылы бала өзін-өзі бақылау мен эмоцияны басқаруға біртіндеп үйренеді.

Сембаева Ұлдана Мугманалықызы

Дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-модератор
Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің
"Жезкент орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ СПОРТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ АРҚЫЛЫ ҚИМЫЛ
ҮЙЛЕСІМДІЛІГІН ДАМУ**

Аннотация. Мақалада оқушылардың спорттық белсенділігін арттыру арқылы қимыл үйлесімділігін дамытудың маңызы қарастырылған. Қимыл үйлесімділігі – тұлғаның дене мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде өмір сүру сапасына, денсаулығына және әлеуметтік бейімделуіне тікелей ықпал ететін кешенді құбылыс. Спорттық белсенділіктің жүйелі түрде жүргізілуі оқушылардың қимыл дағдыларын қалыптастырумен қатар, олардың психологиялық тұрақтылығын, эмоционалдық теңгерімін және ұжымдық қарым-қатынасқа бейімділігін арттыратыны ғылыми негізделген. Мақалада әдістемелік құралдар мен педагогикалық тәсілдер, сондай-ақ заманауи тәжірибелер мен халықаралық зерттеулерге сүйенген ғылыми тұжырымдар талданады. Нәтижесінде дене шынықтыру сабағында оқушылардың спорттық белсенділігін күшейту арқылы қимыл үйлесімділігін дамытуға ықпал ететін негізгі бағыттар айқындалады.

Кілт сөздер: спорттық белсенділік, қимыл үйлесімділігі, дене шынықтыру, оқушылар, әдістемелік құрал, дамытушы оқыту.

Қазіргі таңда мектеп жасындағы балалардың дене дамуы мен психологиялық саулығын қамтамасыз етуде дене шынықтыру пәнінің маңызы ерекше екендігі ғылыми және әдістемелік тұрғыдан бірнеше рет дәлелденген. Әсіресе қимыл үйлесімділігі – тұлғаның жалпы дене мәдениетінің көрсеткіші ретінде айрықша назар аударуды қажет етеді, себебі ол тек спорттық жетістіктер үшін ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде қозғалыс әрекеттерін дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қимыл үйлесімділігі дамыған оқушы түрлі жағдайларда тез шешім қабылдап, қимылды реттеуде тиімділік танытып, өзінің күш-қуатын үнемдеп жұмсай алады. Мұндай қабілет балаға оқу үрдісінде де, өмірлік ортада да қажет болатын әмбебап дағды болып табылады.

Спорттық белсенділік арқылы қимыл үйлесімділігін дамытудың ерекшелігі – ол тек қозғалыс жаттығуларын орындауға ғана емес, оқушылардың танымдық әрекеті мен әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыруға да ықпал етеді. Мәселен, футбол, баскетбол, волейбол секілді ұжымдық спорт түрлері балаларды бірлесіп әрекет етуге, тактикалық ойлауды дамытуға үйретсе, жеке спорт түрлері – гимнастика, жеңіл атлетика, жүзу сияқты бағыттар оқушының жеке жауапкершілігін, мақсат қоя білу қабілетін жетілдіреді. Екі жағдайда да қимыл үйлесімділігі алдыңғы қатарға шығады: бірде кеңістікте тез бағдарлау, бірде қозғалыс реттілігін сақтай отырып, қателікке жол бермеу қажеттігі туындайды.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, қимыл үйлесімділігін дамыту үшін дене шынықтыру мұғалімі бірқатар инновациялық тәсілдерді қолдануы тиіс. Ең алдымен жаттығулардың мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне, физиологиялық мүмкіндіктеріне және қызығушылықтарына сәйкес болуы шарт. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларына қарапайым ойын элементтерін, кедергілер арқылы секіру, тепе-теңдік жаттығуларын беру тиімді болса, жоғары сынып оқушылары үшін күрделі қозғалыс комбинацияларын, реакция жылдамдығын қажет ететін тапсырмаларды енгізу нәтижелі. Сонымен қатар сабақ барысында дене жаттығуларының ырғақтылығына, қозғалыс қарқынына, олардың әртүрлі жағдайларда орындалуына мән берілуі қажет. Бұл тәсілдер оқушыны қимыл-қозғалыс мәдениетіне тәрбиелеумен қатар, оларды физикалық тұрғыдан шынықтырады.

Сонымен қатар қимыл үйлесімділігін дамытуда сабақтардың құрылымы мен кезеңдік ұйымдастырылуы да маңызды рөл атқарады. Жаттығуларды біртіндеп күрделендіру, олардың орындалу ұзақтығын арттыру немесе қозғалыс шарттарын өзгерту оқушылардың бейімделу қабілетін дамытып, қозғалыстың дәлдігі мен үйлесімділігін жетілдіреді. Мәселен, бір қозғалысты алдымен баяу орындап, кейін жылдамдықты арттыру, немесе бір жаттығуды жабық кеңістікте орындап, одан кейін ашық алаңға көшіру – қозғалыс әрекеттерін әртүрлі жағдайда үйлестіруге үйретеді. Бұл әдістер оқушылардың жүйке-бұлшықет жүйесін шынықтырып қана қоймай, олардың психологиялық тұрақтылығын арттырып, күрделі жағдайларда тез шешім қабылдауына ықпал етеді.

Осыған қоса қазіргі заманғы дене шынықтыру әдістемесі оқушылардың мотивациясын арттыруды да басты назарға алады. Мұғалім қимыл үйлесімділігін дамытуға бағытталған тапсырмаларды тек қана жаттығу түрінде емес, қызықты ойын немесе жарыс формасында ұсынғанда, балалардың белсенділігі күшейіп, тапсырмаларды орындауға деген ынтасы жоғарылайды. Әсіресе топтық жаттығуларда бір-біріне көмектесу, қолдау көрсету арқылы ұжымдық рух қалыптасып, қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру әлеуметтік тәжірибемен ұштасады. Мұндай әдістемелік амалдар дене шынықтыру сабақтарын тек қана денсаулықты нығайтудың құралы емес, сонымен бірге тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін ортаға айналдырады.

Спорттық белсенділікті жүйелі ұйымдастыру оқушы бойында төзімділік, икемділік, күш және жылдамдық сияқты дене сапаларын дамытумен қатар, үйлесімді қимылдың қалыптасуына да ықпал етеді. Әсіресе спорттық ойындар кезінде баланың кеңістік пен уақытты дәл сезіну қабілеті артып, қозғалыстарды жоспарлау мен оларды орындаудағы үйлесімділік жетілдіріледі. Бұл үрдіс тек қимыл икемділігін ғана емес, сонымен бірге мидың когнитивті функцияларын да дамытады, яғни есте сақтау, зейін қою, ойлау қабілеттері спорттық белсенділік арқылы жетіледі деген ғылыми тұжырымдар бар.

Қазіргі заманда оқушылардың спорттық белсенділігін арттыру үшін тек дәстүрлі дене шынықтыру сабақтарымен шектелмей, қосымша үйірмелер, спорттық жарыстар, ойын түріндегі жаттығулар ұйымдастыру қажет. Мұндай шаралар балалардың спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды жүйелі түрде қозғалыс әрекеттеріне баулиды. Сондай-ақ мектеп пен ата-ананың бірлескен іс-әрекеті бұл бағытта ерекше орын алады: отбасыда спорттық мәдениетті қалыптастыру, денсаулықты нығайтуға мән беру, баланы спорттық өмір салтына бейімдеу – қимыл үйлесімділігін дамытудың негізін қалайды.

Ғылыми-педагогикалық тұрғыдан алғанда, спорттық белсенділік пен қимыл үйлесімділігінің байланысы кешенді сипатқа ие. Яғни мұғалім сабақ жоспарын құрастыру барысында тек физикалық жүктемені ғана емес, оның психологиялық және әлеуметтік аспектілерін де ескеруі қажет. Қимыл үйлесімділігі дамыған бала өзіне сенімді, ұжымда белсенді, қиын жағдайларда төзімді бола алады. Демек, қимыл үйлесімділігін дамыту тек спорттық жетістікке апаратын жол ғана емес, ол – тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал ететін әмбебап құрал.

Сонымен қатар қимыл үйлесімділігі баланың ойлау жүйесіне, қабылдауына, назарын шоғырландыруына тікелей әсер етеді. Себебі қозғалысты үйлестіре білу барысында бала әрекеттерін алдын ала жоспарлайды, кеңістікте дұрыс бағдар жасауды және уақытпен

есептесуді үйренеді. Бұл дағдылар тек спортта ғана емес, күнделікті өмірде де қажет: мәселен, жолдан өту, уақытты тиімді бөлу, белгілі бір тапсырманы жүйелі орындау сияқты әрекеттердің барлығы қимыл үйлесімділігімен байланысты. Мұғалімнің міндеті – осы дағдыларды дамыту арқылы оқушылардың тек дене дайындығын емес, интеллектуалдық әлеуетін де арттыру.

Осылайша, оқушылардың спорттық белсенділігі арқылы қимыл үйлесімділігін дамыту – дене шынықтыру мұғалімдерінің әдістемелік шеберлігін қажет ететін, ғылыми негізделген әрі өмірлік маңызы бар педагогикалық үдеріс. Бұл бағыттағы жұмыстардың тиімділігі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған сабақтарда, ойын түрлерінде және спорттық жарыстарда көрініс табады. Сондықтан да заманауи мектептің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың спорттық белсенділігін арттыру арқылы олардың қимыл үйлесімділігін жетілдіруді басты назарда ұстау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айтмұхамбетов Б. Дене тәрбиесі және спорт педагогикасы. – Алматы: Білім, 2019.
2. Gallahue D., Ozmun J., Goodway J. Understanding Motor Development: Infants, Children, Adolescents, Adults. – Boston: McGraw Hill, 2020.
3. Bailey R. Physical Education and Sport in Schools: A Review of Benefits and Outcomes. – Journal of School Health, 2018.

Бетмерзаева Алина Жумагуловна

Инструктор физической культуры, педагог-модератор
КГКП "Детский сад №96" отдела образования по городу Усть-Каменогорску
управления образования ВКО



ОСОБЕННОСТИ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ СЛАБОСЛЫШАЩИХ ДЕТЕЙ 3–5 ЛЕТ

Введение

Физическая культура играет ключевую роль в развитии детей дошкольного возраста. Для слабослышащих детей данное направление приобретает особое значение, так как движение становится не только средством укрепления здоровья, но и важным компонентом социальной адаптации. С помощью двигательной активности дети учатся взаимодействовать с окружающими, преодолевают барьеры в общении и формируют уверенность в собственных силах.

Особенности психофизического развития.

Слабослышащие дети дошкольного возраста имеют ряд характерных особенностей, которые необходимо учитывать в работе педагога:

- замедленный темп формирования речевых и коммуникативных навыков;
- повышенная потребность в наглядности, опоре на зрительные и тактильные стимулы;

- возможные трудности в координации движений и пространственной ориентировке;
- снижение выносливости и внимания при длительных нагрузках.

Эти факторы требуют особого подхода к организации физического воспитания: постепенного усложнения упражнений, ясных показов и использования жестовой поддержки.

Задачи физического воспитания.

Для детей 3–5 лет со сниженным слухом основными задачами физической культуры являются:

1. Оздоровительные – укрепление опорно-двигательного аппарата, развитие дыхательной системы, профилактика нарушений осанки.
2. Развивающие – формирование основных движений (ходьба, бег, прыжки, метание), развитие координации и чувства равновесия.
3. Воспитательные – формирование дисциплины, умения действовать в коллективе, развитие интереса к активным играм.

Методы и приёмы работы.

В практике рекомендуется сочетать традиционные и адаптированные методы:

- Показ движений с акцентом на замедленное выполнение и фиксацию поз.
- Зрительные ориентиры (яркие предметы, линии на полу, карточки с изображением движения).
- Тактильные сигналы (прикосновение к плечу или ладони ребёнка для привлечения внимания).
- Музыкально-ритмические элементы, но с акцентом на вибрацию и ритм, доступный для восприятия.
- Игровая форма занятий, включающая подвижные игры, упражнения с мячами, скакалками, обручами.

Организация занятий.

Продолжительность занятий для детей 3–5 лет должна составлять 15–20 минут в младших группах и до 25 минут в старших.

Используются упражнения в малых подгруппах для возможности индивидуальной помощи.

Важно чередовать активные и спокойные виды деятельности, чтобы избежать переутомления.

Обязателен контроль дыхательных упражнений: глубокие вдохи и выдохи через нос, упражнения на «надувание шарика», «дуй на перышко» и многие другие упражнения на дыхание.

Роль педагога.

Инструктор по физической культуре или воспитатель должен выступать не только организатором, но и партнером в деятельности. Для слабослышащих детей важно эмоциональное сопровождение: улыбка, поддерживающий жест, похвала. Это формирует доверие и желание участвовать в занятиях.

Заключение

Физическая культура для слабослышащих детей 3–5 лет является мощным средством коррекционно-развивающего воздействия. Она способствует укреплению здоровья, расширению двигательного опыта, развитию коммуникативных навыков и успешной социальной адаптации. Правильная организация занятий с учётом индивидуальных особенностей детей позволяет добиться положительной динамики не только в физическом, но и в общем психическом развитии дошкольников.

Ибраева Эльмира Адилбековна

Бастауыш сынып мұғалімі

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай қаласы білім бөлімінің Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БІЛГІРІ

***Аннотация:** мақалада бастауыш сынып оқушыларының табиғат туралы білімін тереңдету және ғылыми көзқарасын қалыптастыру мақсатында жаратылыстану пәнін оқытудың тиімді әдістері қарастырылады. Жұмыста проблемалық жағдаяттар тудыру, далалық зерттеу жүргізу, STEM-білім беру элементтерін пайдалану, тәжірибелік жобалар ұйымдастыру сияқты заманауи тәсілдердің оқушылардың зерттеушілік қабілетін, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын, дербес ізденісін дамытудағы маңызы айқындалады. Сонымен қатар цифрлық сауаттылықты қалыптастыру, табиғатқа экологиялық жауапкершілікпен қарау, эмоциялық интеллектіні жетілдіру және оқушылардың деректерді талдау, жүйелеу дағдыларын қалыптастыру мәселелері талданады.*

***Кілт сөздер:** жаратылыстану, бастауыш сынып, проблемалық жағдаят, STEM-білім беру, далалық зерттеу, экологиялық тәрбие, цифрлық сауаттылық, зерттеушілік қабілет, сын тұрғысынан ойлау, эмоциялық интеллект*

Жаратылыстану бастауыш мектеп оқушыларының ой-өрісін кеңейтетін, олардың табиғат құбылыстарын танып-білуге деген қызығушылығын дамытатын ең маңызды пәндердің бірі болып табылады. Әсіресе 3-сынып кезеңі оқушылардың зерттеушілік дағдыларының қалыптасуына, бақылау, салыстыру, болжау, қорытынды жасау сияқты ойлау қабілеттерінің дамуына ең қолайлы уақыт болып саналады. Осы кезеңде балалардың зейіні тұрақтанады, олардың танымдық белсенділігі артады, әлемді танып-білуге деген табиғи құштарлығы күшейеді. Мұғалім үшін басты міндет – осы құштарлықты қолдау, оқушыларды жаратылыстану пәні арқылы ізденуге, зерттеуге, табиғатты бақылауға, оның құбылыстары мен заңдылықтарын түсінуге жетелеу. «Жаратылыстану білгірі» ұғымы жай ғана пәндік білімді меңгерген оқушыны ғана емес, сонымен қатар алған білімін тәжірибеде қолдана алатын, табиғат құбылыстарын түсіндіре білетін, сыни тұрғыдан ойлай алатын, ізденімпаз тұлғаны білдіреді.

3-сынып оқушыларына жаратылыстану пәнін меңгертуде ең алдымен олардың жас ерекшеліктеріне сай әдістерді таңдау маңызды. Сабақта балаларға дайын ақпарат берумен шектелмей, оларды тәжірибе жасауға, бақылауға, сұрақ қоя білуге үйрету керек. Мысалы, табиғаттағы өзгерістерді байқауға арналған бақылау күнделіктерін жүргізу – балаларды жүйелілікке, дәлдікке үйретеді. Олар аптаның әр күнінде ауа райын белгілеп, температураны, бұлттың түрін, желдің бағытын жазып отырады, кейін осы деректер негізінде ауа райының өзгеруін болжай алады. Бұл әрекет олардың логикалық ойлауын дамытады, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға үйретеді. Сонымен қатар, шағын тәжірибелер ұйымдастыру – сабақтың ең қызықты бөлігі. Мәселен, судың айналымын көрсету үшін мөлдір ыдысқа су құйып, оны күн көзіне қою арқылы булануды, кейін судың қақпақта тамшыға айналып қайтадан түсуін көрсетуге болады. Мұндай қарапайым тәжірибелер балалардың ғылыми ұғымдарды көзбен көру арқылы түсінуіне мүмкіндік береді.

Сабақта АКТ құралдарын пайдалану да оқушылардың қызығушылығын арттырады. Интерактивті тақтадан табиғи құбылыстардың анимацияларын көрсету, виртуалды зертханаларда тәжірибе жасау, онлайн-викториналар ұйымдастыру балалардың пәнге деген сүйіспеншілігін арттырады және ақпаратты есте сақтауды жеңілдетеді. Мысалы, жануарлардың тіршілігі туралы бейнебаяндарды тамашалау немесе өсімдіктердің өсу

кезеңдерін жылдамдатылған түсірілім арқылы көрсету оқушының қиялын дамытып, табиғаттағы өзгерістерді нақтырақ елестетуге көмектеседі.

Ойын элементтері де жаратылыстану сабағының ажырамас бөлігі болуы тиіс. Ойын арқылы оқыту – бастауыш сынып жасындағы балаларға ең тиімді әдіс. «Табиғат детективі» ойынында оқушыларға жануар немесе өсімдік туралы жұмбақ сипаттамалар беріліп, оны табу тапсырылады. «Экологиялық патруль» ойынында сынып пен мектеп ауласындағы тазалықты тексеру, табиғатты қорғау туралы ұсыныстар жасау ұсынылады. Бұл ойындар экологиялық мәдениетті қалыптастырады, балалардың табиғатқа қамқорлықпен қарауына ықпал етеді. Сонымен қатар «Жануарлар әлемі викторинасы» сияқты топтық сайыстар оқушылардың топта жұмыс істеу дағдыларын дамытады, өз пікірін айтуға, жауапкершілік алуға үйретеді.

Жаратылыстану сабақтарын басқа пәндермен байланыстыра оқыту да тиімді нәтижелер береді. Пәнаралық байланыс оқушылардың білімін кешенді түрде қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, математика сабағында өлшем бірліктерін меңгерген соң оларды жаратылыстану сабағында қолдануға болады: өсімдіктің биіктігін, жапырақтың ұзындығын өлшеу, тәжірибе нәтижелерін кестеге түсіру. Қазақ тілі сабағында табиғат құбылыстары туралы мәтіндер құрастыру, эссе жазу – оқушылардың тіл байлығын дамытады, жаратылыстану ұғымдарын дұрыс қолдануға үйретеді. Бейнелеу өнері сабағында жануарлар мен өсімдіктерді суреттеу, табиғат көріністерін салу – балалардың шығармашылық қабілетін арттырады, табиғаттың әсемдігін сезінуге үйретеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін оларды алған білімін өмірде қолдануға үйрету маңызды. Мысалы, тұрмыста қолданылатын су, электр энергиясы, тағам өнімдері туралы әңгімелеп, оларды үнемді пайдаланудың маңыздылығын түсіндіру – баланың жауапкершілік сезімін оятады. Қалдықтарды сұрыптау, қоқысты қайта өңдеу, табиғи ресурстарды сақтау туралы әңгімелер экологиялық тәрбиені күшейтеді. Бұл дағдыларды ерте жастан қалыптастыру – баланың болашақта саналы азамат болып өсуіне негіз қалайды.

Жаратылыстану пәнінде мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, бағыт беруші, зерттеуге жетелеуші, балалардың қызығушылығын оятушы тұлға болуы тиіс. Сабақта ашық сұрақтар қойып, оқушылардың өз пікірін айтуына мүмкіндік беру, олардың ойлау белсенділігін арттырады. Мысалы: «Неге күн бұлтты кезде көлеңке анық болмайды?», «Егер өсімдікті суармаса не болады?», «Құстар неге күзде жылы жаққа ұшады?» деген сұрақтар балаларды ойландырады, жауапты өздері іздеуге итермелейді.

Жаратылыстану пәні тек табиғат құбылыстарын таныстырумен шектелмейді, ол балалардың ғылыми көзқарасын, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамытудың қуатты құралы болып саналады. 3-сыныпта бұл пәнді оқыту барысында оқушылардың табиғаттағы тепе-теңдік, энергия айналымы, тірі ағзалардың өзара байланысы туралы бастапқы түсініктері қалыптасады. Бұл кезеңде олардың дербес ойлау және қорытынды шығару қабілеттері дами бастайды. Мұғалім бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланып, оқушыларға табиғаттағы әрбір құбылыстың бір-бірімен байланысын көрсетіп, олардың ойлау көкжиегін кеңейтуі тиіс. Мысалы, судың ластануы тек жануарларға емес, адамның денсаулығына да әсер ететінін түсіндіру арқылы балаларға экологиялық жауапкершілік сезімін ерте жастан қалыптастыруға болады.

Жаратылыстануды оқытуда проблемалық жағдаяттар туындату әдісі де аса тиімді. Оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін мәселе ұсынылады, мысалы: «Егер ормандағы ағаштар кесілсе, жануарлар мен адамдар өміріне қандай әсері болады?», «Егер қоқысты бөліп жинамасақ, не болады?» деген сұрақтар арқылы оларды ойландыруға, дәлелдер келтіруге, пікірталас жүргізуге мүмкіндік беріледі. Бұл балалардың ойлау тереңдігін арттырады, дәлелді сөйлеуге үйретеді, зерттеушілік қабілетін дамытады.

Сондай-ақ жаратылыстану сабақтарында экскурсиялар мен далалық зерттеулер ұйымдастыру – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын ең қуатты құралдардың бірі. Мектеп ауласындағы өсімдіктерді бақылау, жәндіктерді зерттеу, құстардың даусын тыңдау – балалардың табиғатты жан-тәнімен сезінуіне мүмкіндік береді. Осындай іс-шаралардан кейін оқушылар бақылағандарын дәптерге түсіреді, сурет салады, қысқаша

сипаттама жазады. Бұл олардың жазба тілін дамытады, ғылыми стильдегі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Жаратылыстану сабақтарында топтық және жұптық жұмыстарды жиі қолдану оқушыларды ынтымақтастыққа үйретеді, бір-бірін тыңдауға, өз ойларын ортаға салуға тәрбиелейді. Топпен тәжірибе жасау кезінде әр бала өзінің үлесін қосады: бірі бақылау жүргізеді, бірі нәтижені жазады, бірі қорытынды жасайды. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын дамытады, жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Қорытындылай келе, «Жаратылыстану білгірі» тақырыбында жүргізілетін жұмыс тек пәндік білім берумен шектелмей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятуды, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Сабақтарда қолданылатын тәжірибелер, ойындар, пәнаралық байланыстар, АКТ құралдары білімді тереңдетіп қана қоймай, оқушыларды жауапты, ізденімпаз, табиғат жанашыры ретінде тәрбиелейді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, оқушыға деген сенімі мен қолдауы – осы жұмыстың табысты болуының басты кепілі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әбдіғашпарова, С. (2022). *Бастауыш мектепте жаратылыстануды оқытудың инновациялық тәсілдері*. Алматы: Рауан баспасы.
2. Құсайынова, Г., & Мұстафина, А. (2023). «STEM-білім беру бастауыш буында: мүмкіндіктері мен тиімділігі». *Білім – Образование*, №3, 45-52.

ЗНАТОК ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ

Аннотация: В статье рассматриваются эффективные методы преподавания предмета "естествознание" с целью углубления знаний младших школьников о природе и формирования у них научного мировоззрения. В работе подчеркивается значение современных подходов, таких как создание проблемных ситуаций, проведение полевых исследований, использование элементов STEM-образования, организация практических проектов для развития исследовательских способностей учащихся, навыков критического мышления и самостоятельного поиска. Также рассматриваются вопросы формирования цифровой грамотности, экологической ответственности по отношению к природе, развития эмоционального интеллекта, а также навыков анализа и систематизации данных у учащихся.

Ключевые слова: естествознание, начальные классы, проблемная ситуация, STEM-образование, полевые исследования, экологическое воспитание, цифровая грамотность, исследовательская способность, критическое мышление, эмоциональный интеллект.

NATURAL SCIENCE EXPERT

Abstract: This article explores effective methods of teaching the subject of natural science aimed at deepening primary school students' knowledge about nature and fostering their scientific worldview. It highlights the importance of modern approaches such as creating problem situations, conducting field research, integrating STEM education elements, and organizing practical projects to develop students' research skills, critical thinking, and independent inquiry. The article also addresses the development of digital literacy, fostering ecological responsibility toward nature, enhancing emotional intelligence, and cultivating skills in data analysis and systematization among students.



Keywords: natural science, primary school, problem situation, STEM education, field research, ecological education, digital literacy, research skills, critical thinking, emotional intelligence.

Чогыбаева Акмоншак Турганбаевна
 Физика пәні мұғалімі, педагог-модератор
 Бейнеу политехникалық колледжі МКҚК
 Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы



ЭЛЕКТР ЗАРЯДЫ. ЗАРЯДТЫҢ БЕТТІК ЖӘНЕ КӨЛЕМДІК ТЫҒЫЗДЫҒЫ. ЗАРЯДТЫҢ САҚТАЛУ ЗАҢЫ. КУЛОН ЗАҢЫ

Күні:	Оқытушының аты-жөні: Чогыбаева Акмоншак Турганбаевна Бейнеу политехникалық колледжі МКҚК	
Топ:	Қатысқандар саны:	
	Қатыспағандар саны:	
Сабақ тақырыбы	Электр заряды. Зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы. Зарядтың сақталу заңы. Кулон заңы	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	10.3.1.1 - электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолдану	
Сабақ мақсаттары	1. Есеп шығаруда электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын пайдалану; 2. Нүктелік зарядтардың әр түрлі ортадағы әсерлесу күшін есептеуді үйренеді; 3. Тәжірибиелерден денелердің электрлену тәсілдерін анықтап сипаттайды.	
Бағалау критерийлері	1. Кулон заңы және электр зарядының сақталу заңын пайдаланып, есептерді шығарады; 2. Нүктелік зарядтардың вакуумде және қандай да бір ортадағы әсерлесу күшін есептейді; 3. Денелердің электрлену тәсілдерін бақылай отырып зарядталу жолы мен оның сипаттамасын сәйкестендіреді.	
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Электр,элементар заряд,Кулон заңы, электр тұрақтысы, күш, вакуум,электрон, протон Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Субатомдық бөлшектер деп Денені және әдістері арқылы электрлеуге болады. Кулон заңы вакуумдегі қозғалмайтын екі нүктелік зарядтың өзара әрекеттесу күші тура пропорционал және олардың кері пропорционал. Диэлектрик өтімділігі деп	
Құндылықтарды дарыту	Тұрмыста және өндірісте денелердің электрленуіне мысалдар келтіру арқылы оқушының пәнге қызығушылығын қалыптастыру.	
Пәнаралық байланыстар	Биология «Тірі ағзалардағы электрлену», математика «Кері және тура пропорционал тәуелділігі»	
Бастапқы білім	Электр заряды. Электрлену. Зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы. Зарядтың сақталу заңы. Кулон заңы	

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 5 мин</p>	<p>Стикерлер арқылы 3 топқа бөлінеді. Бірдей таңбалы стикерлерді алған студенттер топтасады.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>1- топ. Протон тобы 2 – топ. Электрон тобы 3 – топ. Нейтрон тобы</p> <p>Өткен білімдерін пысықтау мақсатында LearningApps сервисінде «Жұбын тап» әдісі арқылы тапсыраманы орындайды.</p> 	<p>Стикерлер</p> <p>https://learningapps.org/watc?v=ptxvyt25521</p>
<p>Сабақтың ортасы 15 мин</p> <p>5 мин</p> <p>10 мин</p>	<p>Тапсырма - 1. «Конверттегі тапсырмалар» әдісі. Электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын пайдаланып есептер шығарады. Әрбір конвертте үш топқа дайындалған есептер болады</p> <p>«Протон» тобының тапсырмасы Бір-бірінен 3 см арақашықтықта тұрған әрқайсысы 10 нКл екі заряд өзара қандай күшпен әсерлеседі?</p> <p>«Электрон» тобының тапсырмасы 1мкКл және 10 нКл екі заряд 9мН күшпен біріне бірі қандай қашықтықтан әсер етеді?</p> <p>«Нейтрон» тобының тапсырмасы Зарядтардың біреуін 4 есе арттырғанда, өзара әсер күші өзгеріссіз қалу үшін, олардың ара қашықтығын неше есе өзгерту керек?</p> <p>Бағалау: Есепті шығарып, конвертті келесі топқа береді. Соңында жауаптардың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды. «Плюс, минус» тәсілі арқылы бағалайды.</p> <p>Тапсырма – 2. Жеке жұмыс. «Кім жылдам?» әдісі арқылы білім деңгейі әртүрлі студенттерге деңгейлік тапсырмалар беріледі.</p> <p>А – деңгейі. Суда бір – бірінен 3,3см қашықтықта орналасқан $0,66 \cdot 10^{-7}$ Кл және $1,1 \cdot 10^{-3}$ Кл екі нүктелік зарядтың өзара әсерлесу күшін есептендер.</p> <p>В – деңгейі. Шамасы және таңбасы жағынан бірдей екі нүктелік заряд вакуумда бір – бірінен 3м қашықтықта орналасқан және 0,40 Н күшпен тебіледі. Әр зарядтың шамасын анықтаңдар</p> <p>С - деңгейі.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/courses/physics-kk/ehlektrodinamika/ehlektrostatika/lesson/ehlektrozaryady-kulon-zangy</p> <p>Физика – 10 сынып, оқулық.</p> <p>А.П Рымкевич «Физика есептерінің жинағы»</p>

Теріс екі нүктелік заряд вакуумде бір – бірінен 48 см жерде орналасқан және өзара 10^{-3} Н күшпен әрекеттеседі. Әрбір зарядта қанша электроннан бар?

Бағалау критерийі	Дескриптор
Нүктелік зарядтардың вакуумде және қандай да бір ортадағы әсерлесу күшін есептейді	1. ХБЖ келтіру; Кулон заңының формуласын жазып, судағы зарядтардың әсерлесу күшін есептейді.
	2. Вакуумдегі зарядтардың шамасын анықтайды.
	3. Кулон заңының формуласын түрлендіріп, электрондардың санын табады.

Бағалау: Дескриптор арқылы бағалау. Көбірек қолдауды қажет етеін студенттерге есеппен бірге дескриптор беріледі. Өздігінен орындай алатын студенттер тапсырма орындап болғаннан кейін берілген дескриптормен өзін өзі бағалайды.

Тапсырма – 3


«Дыбыстау» тәсілі. Топтарға үш түрлі дыбыссыз бейнематериал беріледі. Олар өзара ақылдасып, бейнематериалда көрсетілген зарядтау жолдарын бақылай отырып зарядталу жолын айтады және және оның сипаттамасын сәйкестендіреді.

<https://bilimland.kz/kk/courses/physics-kk/ehlektroindamika/ehlektrostatika/lesson/ehlektrozaryady-kulon-zangy>


1.



2.



3.



Жанай Айжан

Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің
"Мартбек Мамыраев атындағы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**«ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЫЛДАМ ОҚУЫН ДАМУЫҒА ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР»****Аңдатпа.**

Бұл мақалада оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіру, әсіресе мәтінді жылдам әрі түсініп оқуға баулу мақсатында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер қарастырылады. Жұмыста көрнекілік пен визуалды материалдарды пайдалану, мағыналық оқу стратегиялары, мәтін құрылымын талдау, уақытты тиімді басқару, зейін мен есте сақтау қабілетін дамытуға бағытталған жаттығулардың маңызы ашып көрсетіледі. Сонымен қатар, оқу мотивациясын арттыру, жеке оқыту қарқынын ескеру және цифрлық ресурстарды қолдану арқылы жылдам оқуға жетелеудің заманауи жолдары талданады. Ұсынылған тәсілдер бастауыш және орта буын оқушыларына оқу процесін жеңілдетіп, олардың тілдік және когнитивтік қабілеттерін дамытады.

Түйінді сөздер: жылдам оқу, түсініп оқу, оқу дағдысы, тиімді әдіс-тәсілдер, зейінді дамыту, когнитивтік қабілет, визуалды оқыту, оқу мотивациясы, оқу стратегиясы, цифрлық ресурстар.

Кіріспе

Оқу – оқушының білім алуындағы ең алғашқы және ең маңызды дағдысы. Дұрыс оқи алған бала ғана жаңа білімді игеріп, ойлау қабілетін дамытады. Ал оқу жылдамдығы жоғары болған сайын, оқушының мәтінді түсінуі де жеңілдейді, есте сақтауы нығаяды.

Жылдам оқу – тек қана «тез оқу» емес, ол – дұрыс оқу, түсініп оқу, есте сақтап оқу және өз ойымен байланыстыра алу. Сондықтан әрбір мұғалімнің міндеті – оқушыны саналы әрі жылдам оқуға үйрету.

Негізгі бөлім**1. Жылдам оқудың маңызы**

Жылдам оқу — білім алудың сапасын арттыратын, оқушының интеллектуалдық әлеуетін дамытатын маңызды дағды. Бұл тек оқу қарқыны ғана емес, сонымен қатар мәтінді түсініп, есте сақтау қабілетімен тікелей байланысты күрделі үдеріс. Жылдам оқуға дағдыланған оқушы оқу тапсырмаларын тиімді орындап, басқа пәндер бойынша да үлгерімін арттыра алады.

Біріншіден, жылдам оқу зейінді шоғырландыруды талап етеді. Оқушы мәтіннің негізгі ойын жылдам аңғарып, артық ақпараттан ажырата біледі. Бұл — кейінгі оқу әрекеттеріне қажетті базалық қабілеттердің бірі.

Екіншіден, бұл дағды ойлау және есте сақтау қабілетін дамытады. Себебі жылдам оқыған сайын оқушы миды белсенді жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Мәтінді жылдам оқып, оны түсініп, есте сақтау — когнитивтік дағдылардың жетілуіне себеп болады.

Үшіншіден, жылдам оқу уақытты тиімді пайдалануға үйретеді. Қазіргі заманғы ақпарат ағынында оқушылардың қысқа уақытта көп мәлімет игеруі – аса маңызды қажеттілік.

Төртіншіден, бұл дағды танымдық қызығушылықты арттырады. Жылдам әрі түсініп оқуға үйренген бала кітаппен достасады, әртүрлі жанрлардағы мәтіндерге қызығушылық танытады.

Бесіншіден, жылдам оқу сөздік қор мен тіл байлығын арттырады. Көп оқыған оқушының сөйлеу мәдениеті жоғары болады, өз ойын еркін жеткізуге бейімделеді.

2. Жылдам оқуды қалыптастырудың кезеңдері

Жылдам оқу бірден қалыптаспайды, бұл белгілі бір кезеңдерден тұратын ұзақ әрі жүйелі үдеріс. Ол төмендегідей сатылармен дамиды:

1. Әріптерді танып, дұрыс айту – бұл алғашқы қадам. Оқушы әріптің пішіні мен дыбысын сәйкестендіреді.
2. Буындап оқу – буын арқылы оқып үйрену баланың дыбыстарды дұрыс қосуына көмектеседі.
3. Сөздерді тұтас оқу – жиі кездесетін сөздерді бірден тануға үйрету оқуды шапшаңдатудың маңызды шарты.
4. Сөйлемді және тұтас мәтінді оқу – мәтінді бөлшектемей, бір деммен оқу дағдысы қалыптасады.
5. Мәтінді түсініп, мазмұндап айту – ең соңғы әрі маңызды кезең. Бұл баланың оқығанын түсінетінін, талдай алатынын көрсетеді.

3. Тиімді әдіс-тәсілдер

а) Уақытпен оқыту

Бұл әдісте оқушы 1 минут ішінде қанша сөз оқитыны есептеледі. Оқу нәтижесі күнделікке жазылып, прогресс қадағаланады. Жетістікке жеткен бала марапатталып, мотивациясы артады. Бұл әдіс баланың оқу жылдамдығын арттырып, өзіне деген сенімін нығайтады.

ә) Қайталап оқу

Бір мәтінді бірнеше рет қайталап оқыту – оқушының сөз тануын және оқу қарқынын арттыруға әсер етеді. Әр оқығанда жылдамдығын арттырып отыру – баланы еркін әрі сенімді оқуға баулиды.

б) Көру аймағын дамыту

Оқушының көзбен шолып оқу қабілетін жетілдіру үшін «Сөзді тап», «Әріпті тастап оқу» сияқты жаттығулар қолданылады. Бұл әдіс көздің шапшаңдығын арттырып, тұтас мәтінді көру ауқымын кеңейтеді.

в) Мәнерлеп оқу

Мәтінді дұрыс интонациямен, тыныс белгілеріне мән бере отырып оқу — оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Дауыс ырғағы арқылы мәтін мазмұнын жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

г) Ойын элементтері

Ойын арқылы оқуға қызықтыру – баланың белсенділігін арттыратын тиімді әдіс. «Кім тез оқиды?», «Қате тап» сияқты жарыстар оқушылар арасында оқу белсенділігін оятады, қызығушылығын арттырады.

ғ) Топтық жұмыстар

Мәтінді бөліп алып, топпен оқыту ынтымақтастыққа тәрбиелейді. Жарыса оқу арқылы балалардың белсенділігі артып, бір-біріне көмектесу, қолдау көрсету дағдылары қалыптасады.

д) Қосымша жаттығулар

Жұмбақтар, мақал-мәтелдер оқу, көзге арналған жаттығулар, сөздерден жылдам сөйлем құрау сияқты тапсырмалар — жылдам ойлау мен шапшаң есте сақтауға әсер етеді. Бұл жаттығулар баланың оқу дағдысын жан-жақты дамытады.

4. Мұғалімнің рөлі

Мұғалім – оқушының оқу процесіндегі басты жетекшісі. Жылдам оқуға үйретуде мұғалімнің қолдауы, әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдауы маңызды.

- Әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, оқу қарқынын бейімдеу қажет.
- Оқушының жеке жетістіктерін бағалап, мадақтау, қолдау көрсету арқылы мотивациясын сақтау – мұғалімнің басты міндеті.
- Жылдам оқу процесі барысында жетістіктерді визуалды көрсету (кесте, график) – баланың даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.
- Үнемі жаттықтыру мен қызықтыру арқылы мұғалім оқу дағдысын тұрақты түрде дамытып отырады.

Қорытынды

Оқушылардың жылдам оқуын дамыту — олардың оқу сапасын арттырудың, білімге деген қызығушылығын оятудың және жеке қабілеттерін ашудың тиімді жолы. Бұл жүйелі жұмыс пен дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдерге тікелей байланысты. Мұғалім оқушының даму қарқынын ескере отырып, қолайлы орта қалыптастырса, жылдам оқу – баланың табысты білім жолына нық қадам басуына мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Айтбаева А. Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру әдістері. – Алматы: Рауан, 2019.
2. Қалиева Ш. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға қызығушылығын дамыту. – Астана: Фолиант, 2020.
3. Жұмабекова Ф. Қазақ тілі сабағында оқушылардың жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру. – Алматы: Мектеп, 2018.
4. Мұқанова К. Жылдам оқуға үйретудің тиімді жолдары. – «Бастауыш мектеп» журналы, №4, 2022.

Орыс тіліндегі әдебиеттер:

5. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – Москва: Просвещение, 2017.
6. Бунеев Р.Н., Бунеева Е.В. Методика обучения чтению в начальной школе. – Москва: Баласс, 2018.

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЁМЫ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ БЫСТРОГО ЧТЕНИЯ У УЧАЩИХСЯ

Аннотация.

В данной статье рассматриваются эффективные методы и приёмы, направленные на развитие учебных навыков учащихся, в особенности на обучение быстрому и осознанному чтению. В работе раскрывается значение использования наглядных и визуальных материалов, стратегий смыслового чтения, анализа структуры текста, эффективного управления временем, а также упражнений, направленных на развитие внимания и памяти. Кроме того, анализируются современные подходы к формированию навыков быстрого чтения с учётом индивидуального темпа обучения, повышения учебной мотивации и использования цифровых ресурсов. Предлагаемые методы облегчают учебный процесс для учащихся начального и среднего звена и способствуют развитию их языковых и когнитивных способностей.

Ключевые слова: *быстрое чтение, осознанное чтение, учебные навыки, эффективные методы, развитие внимания, когнитивные способности, визуальное обучение, учебная мотивация, стратегии чтения, цифровые ресурсы.*

Окасова Нургуль Бактыбаевна

Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
“Жармұхамбет орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Алматы облысы, Қарасай ауданы



“БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МЕТОПӘНДІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ”

***Аннотация:** мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда метапәндік оқытудың рөлі ғылыми тұрғыдан қарастырылған. Зерттеуде метапәндік оқытудың оқушылардың когнитивтік қабілеттерін, сыни ойлауын, шығармашылық дағдыларын және әлеуметтік бейімделуін арттырудағы ықпалы айқындалды. Мақалада педагогикалық дизайн ұстанымдарын қолданудың маңызы, цифрлық технологияларды, жобалық-зерттеу жұмыстарын, коллаборативті әдістерді және «мысалдан үлгі жасау» тәсілін кіріктірудің тиімділігі талданған. Сонымен қатар, метапәндік тапсырмалардың білімнің трансферін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды күшейту және оқушының дербес танымдық белсенділігін арттырудағы рөлі ашып көрсетіледі. Мақала нәтижелері бастауыш мектеп мұғалімдеріне оқыту әдістерін жетілдіруге және функционалдық сауаттылықты кешенді дамытуға бағыт береді.*

***Кілт сөздер:** метапәндік оқыту, функционалдық сауаттылық, бастауыш мектеп, жобалық әдіс, зерттеушілік дағды, цифрлық сауаттылық, пәнаралық байланыс, когнитивтік даму, сыни ойлау, білім трансфері.*

Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың тек білімді меңгеруін ғана емес, оны өмірлік жағдаяттарда қолдана білуін, түрлі жағдайларда тиімді шешім қабылдап, ақпаратты талдап, өңдеп және қолдану қабілетін дамытуды басты мақсаттардың бірі ретінде айқындайды. Бұл міндет функционалдық сауаттылық ұғымымен тығыз байланысты. Функционалдық сауаттылық – оқушының алған білімін күнделікті өмірде, әлеуметтік қатынастарда және болашақ кәсіби қызметінде қолдана білу біліктілігі. Бастауыш сынып кезеңі – бұл қабілеттің негізі қаланатын ең маңызды кезең. Дәл осы уақытта балалардың танымдық қызығушылығы жоғары, ақпаратты қабылдау қабілеті белсенді және өмірлік тәжірибені жинақтау үдерісі қарқынды жүреді. Сол себепті метапәндік оқыту тәсілдері бастауыш мектепте функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Метапәндік оқыту – әртүрлі пәндердің мазмұнын интеграциялау арқылы оқушының жалпы ойлау қабілетін, танымдық дағдыларын, проблемаларды шешу тәсілдерін қалыптастыруды көздейтін әдіс. Бұл тәсіл білім алуды фрагменттік күйден арылтып, оқушыларға әлемді тұтас қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, математика, дүниетану, әдебиеттік оқу және бейнелеу өнерін бір тақырыптық блок аясында біріктіріп өткізу оқушыға алған білімін түрлі қырынан қолданып, оны өмірмен байланыстыруға жағдай жасайды. Мұндай сабақтарда оқушылар тек

ереже жаттап қана қоймайды, сонымен бірге оны тәжірибе жүзінде сынап көреді, өз ойын дәлелдеуге, пікір алмасуға және шығармашылық тұрғыдан қолдануға үйренеді.

Метапәндік тәсіл оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға ерекше ықпал етеді. Мәселен, мәтінді талдау барысында оқушы тек негізгі мазмұнды түсініп қана қоймай, мәтіннен қажетті ақпаратты іздеп табады, оны салыстырады, сұрақтар қояды, болжам жасайды. Мұндай әрекеттер ақпаратпен жұмыс істеудің жоғары деңгейлі дағдыларын қалыптастырады, бұл кейінгі оқу сатыларында аса қажет. Сонымен қатар метапәндік сабақтар оқушыларды топтық жұмысқа, пікірталас мәдениетіне, түрлі көзқарастарды сыйлауға және ұжымдық шешім қабылдауға баулиды, бұл олардың коммуникативтік құзыреттілігін күшейтеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда жобалық және зерттеушілік әдістердің рөлі зор. Метапәндік сабақтарда оқушылар нақты мәселені зерттеп, шешімін табуға бағытталған шағын жобалар орындай алады. Мысалы, «Менің туған қалам» тақырыбын өткенде оқушылар географиялық картаны зерттеп, халық саны мен табиғи ерекшеліктері туралы мәлімет жинайды, оны математикалық кестеге түсіреді, кейін сынып алдында баяндама жасап қорғайды. Бұл үдеріс оқушылардың деректерді іздеу, оларды өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастырады, яғни функционалдық сауаттылықты арттырады.

Метапәндік оқыту барысында цифрлық технологияларды қолдану да маңызды. Электронды ресурстар, мультимедиялық материалдар, онлайн тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың цифрлық сауаттылығын дамытады. Қазіргі оқушылардың көпшілігі ақпаратты цифрлық форматта қабылдауға дағдыланғандықтан, сабақта интерактивті платформалар, онлайн викториналар, бейне тәжірибелерді қолдану олардың білімді жылдам әрі тиімді меңгеруіне көмектеседі. Бұл тәсіл сонымен қатар әр оқушының жеке қарқынымен жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп, сараланған оқытуды жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Метапәндік сабақтардың тағы бір ерекшелігі – оқушылардың креативті ойлауын дамытуға мүмкіндік беруі. Сабақ барысында оқушыларға стандартты емес тапсырмалар беріліп, оларды бірнеше жолмен шешу ұсынылады. Бұл олардың ой ұшқырлығын арттырып, жаңа идеялар ұсынуға жетелейді. Мысалы, табиғат құбылыстарын зерттеу кезінде оқушылар сурет салып қана қоймай, оны ғылыми тұрғыдан түсіндіреді, әдеби мәтін құрайды, математикалық есептер шығарады. Бұл интеграцияланған әрекет оқу процесін жандандырады және білімді тек жаттап алу емес, оны қолдану дағдысын қалыптастырады.

Метапәндік оқыту арқылы функционалдық сауаттылықты дамытудың тағы бір тиімді тетігі – өмірлік жағдаяттарды модельдеу. Сабақта рөлдік ойындар, жағдаяттық тапсырмалар қолданылғанда оқушылар нақты өмірде кездесетін проблемаларды шешудің жолдарын іздейді. Мысалы, «Дүкенде сатып алу» тақырыбы бойынша ұйымдастырылған ойын барысында оқушылар ақшаны санауды, дұрыс таңдау жасауды, қарым-қатынас мәдениетін үйренеді. Мұндай тәжірибе олардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, жауапкершілігін арттырады.

Бастауыш мектепте метапәндік оқытуды тиімді енгізу үшін педагогикалық дизайн ұстанымдарын қолдану маңызды. Бұл жерде сабақ жоспарлау барысында оқушының ойлау деңгейі, когнитивті қабілеті, әлеуметтік өзара әрекет ету дағдылары ескеріледі. Қазіргі заманғы зерттеулер көрсеткендей, метапәндік оқытудың тиімділігі көбіне білімнің трансферін қамтамасыз ету қабілетіне байланысты. Оқушылар тек жеке пәндік білімді меңгеріп қоймай, оны басқа пәндерде және өмірлік жағдайларда қолдана алуы тиіс.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың инновациялық тәсілдерінің бірі — жобалық-зерттеу жұмыстары. Бұл тәсілде бастауыш сынып оқушылары өз бетінше шағын зерттеулер жүргізіп, нәтижелерін сынып алдында қорғайды. Мұндай жұмыс түрі баланың зерттеушілік дағдыларын, сыни ойлауын және дербес шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Сонымен қатар, метапәндік тапсырмаларға цифрлық құралдарды кіріктіру ұсынылады. Мысалы, онлайн-симуляциялар, интерактивті ойындар, деректерді визуализациялау құралдары (графиктер, диаграммалар құру) оқушылардың деректерді талдау және логикалық қорытынды жасау қабілетін жетілдіреді. Бұл тәсіл оларды цифрлық сауаттылыққа баулиды, бұл да функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі болып саналады.

Метапәндік оқытуда коллаборативті оқыту әдістерін пайдалану да маңызды. Топтық жобалар немесе рөлдік тапсырмалар арқылы оқушылар бір-бірімен келіссөз жүргізуді, идея алмасуды, ортақ шешім қабылдауды үйренеді. Бұл олардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырады және әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді.

Тағы бір жаңа әдіс – «мысалдан үлгі жасау» (pattern-based learning) тәсілі. Бұл әдіс оқушыларды түрлі пәндерде қайталанатын заңдылықтарды байқауға үйретеді. Мысалы, математикадағы симметрия ұғымы бейнелеу өнері немесе музыка сабақтарымен байланыстырылады. Осылайша, оқушылар білімнің тұтастығын сезінеді және оны өмірде қолданудың жаңа жолдарын табады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тек сабақпен шектелмейді. Сыныптан тыс жұмыстар, үйірмелер, шығармашылық жобалар да бұл үдеріске үлес қосады. Мұғалімдер ата-аналарды да осы жұмысқа тартуы тиіс, себебі функционалдық сауаттылықтың қалыптасуы отбасындағы оқу мәдениетімен тығыз байланысты. Үйде кітап оқу дәстүрі, бірлесіп тапсырма орындау, тәжірибе жасау балалардың оқу мотивациясын арттырады және білімнің өмірмен байланысын сезінуге көмектеседі.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптарда метапәндік оқыту функционалдық сауаттылықты дамытудың қуатты құралы болып табылады. Бұл тәсіл оқушыны тек пәндік біліммен қаруландырып қана қоймай, оны өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйретеді, ақпаратты талдау, синтездеу және бағалау дағдыларын дамытады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, сабақтың мазмұнын құрастырудағы креативтілігі, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалана білуі және оқушылардың жас ерекшелігін ескеруі бұл процеске тікелей әсер етеді. Метапәндік оқыту жүйелі жүргізілген жағдайда оқушылардың ойлау қабілеті, танымдық дербестігі, шығармашылығы мен әлеуметтік бейімделу дағдылары дамиды, бұл олардың болашақта білімді тұлға болып қалыптасуына негіз қалайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жұмабаева Г. «Метапәндік білім беру және оның мектептегі рөлі». – Алматы: Білім, 2023.
2. UNESCO. “Global Education Monitoring Report: The Role of Transversal Skills in 21st Century Learning.” – Paris, 2022.
3. Хасенова А., Бекенов Н. «Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың инновациялық әдістері». – Нұр-Сұлтан: Педагогика және Психология журналы, 2021.
4. OECD. “Future of Education and Skills: Education 2030.” – OECD Publishing, 2020.
5. Қараева С. «Бастауыш мектептегі пәнаралық байланыстың психологиялық-педагогикалық негіздері». – Шымкент, 2022.

Садырбаева Арай Саматовна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ «Теміртау қаласының білім бөлімінің
«№24 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



САРАЛАНҒАН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі мектептегі өзекті мәселелердің бірі – оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет пәніне қызығушылығының төмендеуі мен оның салдарлары талданады. Жұмыста тіл байлығының азаюы, сауатты сөйлеу мен жазу дағдыларының әлсіреуі, оқуға деген құлшыныстың төмендігі мәселелері қарастырылған. Аталған проблемаларды шешуде сараланған оқытудың тиімділігі мен қажеттілігі сипатталады. Саралап оқыту – әр оқушының жас ерекшелігі мен жеке қабілетін ескеретін, оқу процесін жекелендіретін заманауи әдіс екені айқындалады. Мақалада саралаудың ішкі және сыртқы формаларының мәні мен қолдану ерекшеліктері кеңінен ашылып, олардың оқу үдерісіне ықпалы нақты мысалдармен көрсетілген. Оқу материалын меңгеруде қиындық көретін немесе керісінше, дарынды оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыру жолдары сараланған оқытудың негізінде тиімді жүзеге асырылатыны дәлелденеді.

***Түйінді сөздер:** сараланған оқыту, оқушы белсенділігі, оқу мотивациясы, ішкі саралау, сыртқы саралау, тілдік дағды, қызығушылық, дербес оқыту, жеке ерекшелік, педагогикалық тәсілдер.*

Бүгінгі мектептің маңызды мәселелерінің бірі-оқушылардың қазақ тілін мен әдебиетке деген қызығушылығының төмендеуі, нәтижесінде сауаттылықтың, мәдениеттің төмендеуі; тіл байлығының; өз ойын дұрыс, қисынды түрде жеткізе алмау орын алады. Зерттеулердей көрсеткендей, сыныптарда барлық оқушылар оқу ақпаратын өңдей алмайды, оқу мәтінінің негізгі идеясын бөліп көрсетуде, ақпаратты кілт сөздерге дейін жинақтауда қиындықтарға тап болады. Оқушылар эссе жазуды ұнатпайды, өйткені олар тілдік құралдарды жетік білмейді және белгілі бір мәселелер бойынша өз пікірлерін толық жеткізе алмайды. Оқушылардың сөйлеуі лексикалық қор тұрғысынан бай емес, өйткені олар аз оқиды, шығармашылық жұмыстарға материал жинай алмайды.

Ұзақ мерзімді жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, қызығушылықты сақтау және дамыту сабақта материалдың мазмұны саласында да, әдістерде де жаңалықты қалыптастыруға ықпал етеді. Жұмыстың дәстүрлі формалары кейде тиісті нәтиже бермейді, сондықтан өз жұмысында оқытуда, олардың тәуелсіздігі мен оқу іс-әрекетіндегі белсенділікті қалыптастыруда сараланған тәсілді қолдану қажет.

Сондай-ақ, білім беруде қолданылатын технологиялардың көпшілігі әр оқушының жеке психологиялық даму ерекшеліктерін ескермей, бірыңғай талаптармен, уақыт шығындарымен,

зерттелетін материалдың көлемімен топтық оқыту әдісіне бағытталғанын атап өткен жөн. Бұл оқуда айтарлықтай нәтиже бермейді.

Оқу-бұл оқушының оқу іс-әрекетіне қабілеттілігін сипаттайтын жеке тұлғаның интегралды даралығы. Оқу-бұл оқушылардың көптеген жеке қасиеттері мен қабілеттеріне байланысты өте күрделі білім. Білім алу процесінің сәттілігі көптеген факторларға байланысты, олардың арасында баланың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту маңызды рөл атқарады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқуды саралау маңызды істердің бірі болып отыр, себебі әр білім алушының өзіндік даму ерекшеліктері бар. Барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмаймыз. Білім алушының жас, қабілет ерекшеліктерін ескеріп, оның қажеттігін орындай алатындай әдістемемен оқыту керек.

Сараланған оқытудың мақсаттары: жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін, оның мүмкіндіктері мен қабілеттері ескере отырып оқу процесін ұйымдастыру.

Сараланған тәсілді жүзеге асыра отырып, мұғалімдер келесі талаптарды басшылыққа алады:

- оқушыларға қолайлы атмосфера құру;
- оқу үдерісін ынталандыру үшін оқушылармен белсенді қарым-қатынас жасау;
- баланың өз мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес оқуы;
- оқудан не күтілетіні туралы түсінікке ие болуы;
- әр түрлі деңгейдегі білім алушыларға олардың мүмкіндіктеріне сәйкес бағдарламаны игеру ұсынылады.

Сараланған оқытуды ұйымдастырудың екі негізгі формасы бар: ішкі және сыртқы саралау.

Сыртқы саралау-бұл оқушыларды анық белгілеріне қарай тұрақты топтарға бөлу. Мұнда білім алушылардың қабілеті, қызығушылығы ескеріледі. Оқытуды сыртқы саралаудың мәні білім берудің бағытталған мамандандыруында, оқушылардың тұрақты танымдық қызығушылықтары, бейімділігі мен қабілеттері саласында, олардың максималды жеке дамуына жағдай жасау мақсатында жатыр. Сыртқы саралау оқушылардың таңдаған пәндеріне деген қызығушылықтарына, бейімділіктеріне және қабілеттеріне байланысты ерекшеліктерге ие.

Бұл ерекшелік:

- жаңа материалды зерделеу, мәселелерді шешу, эксперименттік және шығармашылық тапсырма -

ларды орындау кезінде қосымша әдебиеттермен оқушылардың өзіндік жұмысының үлкен көлемінде;

- оқытудың дәріс-семинар жүйесін енгізу, тақырыптық сынақтарды енгізу және оқу материалын игеру блоктарын ірілендіру есебінен оқытуды қарқындатуда;

- мұғалімнің оқушылармен жеке жұмысын күшейтуде (сабақта және сабақтан тыс уақытта);

- сенімнің, ынтымақтастықтың ерекше атмосферасын құруда, ілімге, ұзақ ақыл-ой белсенділігі мен еңбекке деген көңіл-күйді қалыптастыруда.

Ішкі саралау- кездейсоқ белгілер бойынша құрылған балалардың өзіндік ерекшеліктері ескеріледі. Бұнда топтарға бөлу айқын не еркін болуы мүмкін, қойылған оқу мақсатына қарай топ құрамы өзгеріп отырады. Бұл форма оқушылардың жеке және топтық ерекшеліктерін мүмкіндігінше толық есепке алуға негізделген. Ол материалды оқу қарқынының өзгергіштігін, оқу тапсырмаларын саралауды, әр түрлі іс-әрекеттерді таңдауды, мұғалімнің көмегінің сипаты мен мөлшерін анықтауды қамтиды. Сонымен қатар, әртүрлі деңгейлерде және әртүрлі әдістермен оқу жұмыстарын жүргізу үшін оқушыларды сынып ішіндегі топтарға бөлуге болады.

Қазіргі кезеңдегі ішкі саралаудың ерекшелігі-оның оқуда қиындықтарға тап болған балаларға ғана емес, сонымен қатар дарынды балаларға да бағытталуы. Ішкі саралау оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алудың дәстүрлі түрінде де, оқу нәтижелерін

жоспарлау негізінде деңгейлік саралау жүйесінде де жүзеге асырылуы мүмкін. Дәстүр бойынша, ішкі саралаудың мәні оқушыларды бағдарламалық материалды игерудің бірдей деңгейіне жетелейтін психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерді ескере отырып, жеке жолдармен оқытудың формалары мен әдістерін қолданудан тұрды.

Саралай оқытуда баланың денсаулығы, физикалық, психикалық, әлеуметтік жағдайы, адаптациясы ескерілуі тиіс. Оқыту үдерісі кезінде оқушының темпераменті, есте сақтау қабілеті, интеллектісі жағдаятқа қатысты әртүрлі көрінуі мүмкін, сондықтан мұғалім қырағылықты, байқампаздықты өзіне серік етіп жүргені абзал. Оқыту кезіндегі саралау оқушыларға оқу тапсырмасын өз шамасы бойынша орындауға немесе қолдау алу арқылы орындауға мүмкіндік береді. Бұл әрекеттен оқушының оқуға деген сенімділігі мен ынтасын анық байқауға болады. Педагог саралау тәсілдерін аудиторияның ыңғайына қарай ұтымды қолданып отыруы керек, әрі кәсіби шеберлігін үнемі шыңдап отырғанда ғана белгілі нәтижеге қол жеткізеді.

Қорыта айтқанда, оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, тілдік қорын байыту және шығармашылық қабілетін дамыту – бүгінгі білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Бұл мақсатқа жетуде сараланған оқыту тәсілі ерекше рөл атқарады. Ол әр баланың жеке даму деңгейін ескере отырып, оқытуды жекелендіруге мүмкіндік береді. Ішкі және сыртқы саралау арқылы оқушылардың танымдық қажеттілігіне, қабілетіне сай білім беру, оқу белсенділігі мен ынтасын арттыруға жағдай жасалады. Мұғалім үшін басты міндет – әр оқушының әлеуетін ашуға ықпал ететін қолайлы оқу ортасын қалыптастыру. Тек осындай жүйелі әрі мақсатты жұмыс арқылы ғана сапалы білімге қол жеткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Изғали Жоламан Изғалиұлы. Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану. Әдістемелік құрал /Использовании дифференцированных способов в планировании и обучении. Методическое пособие /– Атырау / 2019 - 68 б.;
2. Селевко Т.В. Современные образовательные технологии. М 2010.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация

В данной статье рассматривается одна из актуальных проблем современной школы — снижение интереса учащихся к предметам казахского языка и литературы и его последствия. В работе освещаются такие вопросы, как сокращение словарного запаса, ослабление навыков грамотной речи и письма, снижение мотивации к чтению. Определяется необходимость и эффективность дифференцированного подхода как одного из путей решения обозначенных проблем. Подчеркивается, что дифференцированное обучение — это современный метод, который учитывает возрастные и индивидуальные особенности каждого ученика и обеспечивает персонализированный учебный процесс. В статье подробно раскрывается сущность и особенности применения внутренней и внешней дифференциации, а также их влияние на учебный процесс с конкретными примерами. Доказывается, что подход, основанный на дифференциации, позволяет эффективно удовлетворять потребности как учащихся, испытывающих трудности в усвоении материала, так и одарённых детей.

Ключевые слова: дифференцированное обучение, активность учащихся, учебная мотивация, внутренняя дифференциация, внешняя дифференциация, языковые навыки, интерес, индивидуальное обучение, личностные особенности, педагогические методы.

Аширбаев Жандос Нурланович

Тарих пәні мұғалімі

Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің
"Қаратөбе жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ТАРИХ САБАҒЫН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

***Аңдатпа.** Бұл мақалада білім беру саласындағы заманауи талаптарға сәйкес тарих пәнін оқытуда инновациялық әдістер мен ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, өзіндік ізденісін дамыту, пәнге деген оң көзқарасын қалыптастыру жолдары сипатталған. Автор интерактивті әдістердің, мультимедиялық ресурстардың, карталар мен тест тапсырмаларының тиімділігін нақты мысалдармен дәлелдей отырып, олардың оқушылардың білім сапасына, шығармашылық қабілетіне, ойлау дағдысына әсерін көрсетеді. Сонымен қатар, мұғалімнің рөлі мен кәсіби шеберлігі, ақпараттық ортада жұмыс істеу қабілеті жаңа форматтағы оқытудың табысты болуына тікелей ықпал ететіні атап өтіледі. Мақалада білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпаратпен жұмыс істей білу және өз көзқарасын дәлелдей алу секілді дағдыларын дамытуға бағытталған әдістер ұсынылған.*

***Түйінді сөздер:** инновациялық әдістер, ақпараттық технологиялар, тарих пәні, мультимедиа, оқытудың тиімділігі, интерактивті әдістер, құзыреттілік, оқушы белсенділігі, электрондық ресурстар, білім сапасы.*

Қазақстанның білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруіне сипатталатын білім беру саласы болып табылады. Қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын информациялық қоғамға, яғни, негізгі рөлді информацияны алу, өңдеу, сақтау, тасымалдау, тарату және пайдалану істерді атқаратын жаңа қоғамға көшу процесі жүріп жатыр.

Инновациялық әдісті, оқытудың ақпараттық технологияларын тәжірибеде қолдану барысында өзінің тежеуші жақтары, кемшіліктері, қарама-қайшылық жақтары да кездеседі. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Қазақстанда Ш.М. Қаланова, Ж.А. Қараев және Ш.Т.Таубаева, Қ.Қ. Қабдықайыров, М.М. Жампейісова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады.

Инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ақпараттық технологиялар негізінде ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, тарихи объективизмді ұстана отырып шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау. Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, жаңаша жаңа форматтағы мұғалім, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» – деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын

қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Тарих сабақтарында ақпараттық коммуникативті технологияны келесі нұсқауларда қолданамын.

- Көп тараған түрі ол – мультимедиялық презентациялар.
- Флеш-фильмдер.

Келесі менің сабағымда қолданатын әдіс ол – мультимедиялық карталар. Сонымен қатар өз педагогикалық іс-тәжірибемде оқу-әдістемелік құралдарды да қолданамын. Берілген материалды терең бекіту мақсатында сабақта тестер мен хронологиялық кезеңдерді жиі пайдаланамын. Сондықтан ақпараттық технологияны қолдану және ашық бағалау жүйесін қолдану мұғалімге оқушылардың пәнге деген қызығушылығын жоғарлатуының тиімді жолдары:

- Оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде жеңілдетеді.
- Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады.
- Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі.
- Теориялық материалды толық игеру болады.
- Ақпаратты табу, оны компьютерлік технология арқылы өңдеу.
- Өз көз қарасын нақты және қысқаша қалыптастыру дағдысы артады.

Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.
2. Оқушылар үлкен ара қашықтықта орналасқан, әр түрлі ақпаратқа қол жеткізе алады.
3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдіру.

Тарих пәніне деген қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты түрлендіре отырып, оқушылардың өз қабілетін таныта, дамыта түсу бағытында әртүрлі тиімді әдістерді пайдалану тиімді. Барлық жаңа технологияның мақсаты - пәнді оқытуда оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін басқарып, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Заман талабына сай, электронды оқулық, интернет, web сайтты қолданудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану тарих пәні үшін маңызы зор.

Жоғарыда келтірілген әдістер қазіргі мектепте қолдануға болатын инновациялық әдістердің аз ғана бөлігі болып табылады. Олардың барлығы білім алушының оқу үдерісіндегі рөлін арттыруды, Жеке оқу үдерісін ұйымдастыруда мұғалімнің көмегін күшейтуді көздейді. Егер оқушылардың өздері жетістікке жете алмаса, оқуға деген шынайы тілек болмайды. Егер оқушыларға тым жеңіл тапсырмалар берілсе, оқуға деген ұмтылыс жоғалып кетуі мүмкін. Инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу дамушы, сараланған, тұлғаға бағытталған оқыту мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Оқушылар ойлауға, жасауға, өз көзқарасын білдіруге және оны қорғауға үйренеді. Мұның бәрі оқушылардың өзін-өзі растауына көмектеседі, яғни болашақ өмірге дайын болу.

Қорытындылай келе, тарихты және әлеуметтік зерттеулерді оқыту тәжірибесінде оқытудың интерактивті әдістерін қолдану оқушылардың интеллектуалды белсенділігін арттыруға, демек, сабақтың тиімділігіне ықпал ететінін атап өткім келеді. Тіпті ең пассивті студенттер де белсенді іс-шараларға қатысады, олар өзіндік ойлау дағдыларын, мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты дамытады. Ең бастысы - оқытудың интерактивті әдістерін қолдану қоғамның тапсырысын орындауға, белсенді өмірлік ұстанымы бар, өз бетінше ойлауға және шешім қабылдауға қабілетті саяси жетілген тұлғаны дайындауға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жолдасов Б. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. Білім, 2007ж. 129б.
2. Көнеев Қ., Қалықова А. Оқыту үрдісінде педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану. Білім, № 3, 2016 ж. 13б.
3. Кобдикова. Ж.У. (Ж.А. Қараевтың) Деңгейлеп оқытудың педагогикалық технологиясы. Алматы, 2007 ж. 82 б

Әуелбай Гүлшат Жеткіншекқызы

Бастауыш сынып мұғалімі

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
"№18 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада математика пәні арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесі жан-жақты қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды, соның ішінде дамыта оқыту, жобалау-зерттеу, ақпараттық-коммуникациялық әдістерді пайдалану қажеттілігі айқындалып отыр. Автор математикалық білімнің тұлғаны жан-жақты дамытудағы маңызын, математикалық сауаттылықтың мазмұны мен деңгейлерін нақтылай отырып, бастауыш сыныптардағы оқыту ерекшеліктеріне тоқталады. Сонымен қатар, халықаралық TIMSS және PISA зерттеулері негізінде мектеп оқушыларының математикалық дайындығын жетілдіруге бағытталған арнайы курс пен қосымша сабақтардың маңыздылығы атап өтілген. Мақалада практикалық тәжірибе мысалдары негізінде функционалдық сауатты тұлға қалыптастыру жолдары ұсынылған.

Түйінді сөздер: функционалдық сауаттылық, математикалық білім, бастауыш сынып, құзыреттілік, инновациялық технология, математикалық сауаттылық, дамыта оқыту, TIMSS, PISA, интеллектуалдық даму, қосымша курс, оқу мотивациясы.

Педагогикалық білім беру жүйесінде бүгінгі таңда болып жатқан инновациялық үдерістер жоғары білімді, интеллектуалды дамыған тұлғаны дайындау мәселесін барынша өткір қойып отыр.

Ғылыми-техникалық прогрес XXI ғасыр тұлғасына белгілі талаптарды қояды. Шығармашыл және интеллектуалды дамыған тұлғаны қалыптастырумен оқушыларға жеке көзқарас принциптері олардың жеке даму траекториясын ескере отырып жүзеге асырылатын қазіргі мектепте айналысуы керек, мұнда жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін бағдар белгіленеді. Бұл міндеттерді математика сабағында дамыта оқыту арқылы іске асыруға болады.

Математикалық білім – жаппай білім беру жағдайында интеллектуалдық дамудың көп ғасырлық құралы. Мұндай даму сапалы математикалық білім беруде қабылданған теорияны дұрыс таңдалған есептерді шешумен ұштастыра отырып жүйелі, дидактикалық баяндау арқылы қамтамасыз етіледі.

Математика – нақты дүниенің ең жалпы және іргелі құрылымдары туралы ғылым, ол барлық жаратылыстану ғылымдары мен қазіргі заманғы технологиялар үшін іргелі идеялардың ең маңызды көзі болып табылады. Адамзаттың барлық ғылыми-техникалық прогресі математиканың дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан, бір жағынан, математиканы білмей, әлем туралы адекватты идеяны дамыту мүмкін емес. Екінші жағынан, математикалық білімі бар адамға ол үшін кез келген жаңа объективті мәселеге ену оңайырақ. Математика практикалық есептерді сәтті шешуге мүмкіндік береді: отбасылық бюджетті оңтайландыру және уақытты дұрыс бөлу, статистикалық, экономикалық және логикалық ақпаратқа сыни тұрғыдан бағдарлану, ықтимал іскер серіктестер мен ұсыныстардың табыстылығын дұрыс бағалау, практикалық тапсырмаларды орындау үшін инженерлік-техникалық есептеулерді жүргізу. «Математика» пәнінің тәрбиелік әлеуеті де бар: ол интеллектуалды дұрыстыққа, сыни тұрғыдан ойлауға, негізді және негізсіз пайымдауларды

ажырата білуге, ұзақ ақыл-ой әрекетіне дағдыландырады. Математиканы табысты оқу басқа оқу пәндерін оқуды жеңілдетеді және жақсартады.

Қазақстан Республикасының білім беру тәжірибесінде қалыптасқан математикалық білім беру дәстүрлері қазіргі жағдайда математиканы оқытудың сапасын арттыруға бағытталған жаңалықтармен нығая түсуде. Математиканы оқытудағы инновациялар өмірлік дағдылардың құрамдас бөлігі ретінде математикалық сауаттылықты өзекті етумен байланысты.

Математикалық сауаттылық – шығармашыл, қызығушылық танытатын және ойлайтын азаматқа тән адамның өзі өмір сүріп жатқан әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, дәлелді математикалық пайымдаулар жасау және математиканы қазіргі және болашақ қажеттіліктерін қанағаттандыратындай етіп қолдану қабілеті.

Математикалық сауаттылықты меңгерген оқушылар:

- қоршаған шындықта туындайтын және математиканың көмегімен шешуге болатын мәселелерді тану;

- бұл мәселелерді математика тілінде тұжырымдау;

- математикалық фактілер мен әдістерді қолданып есептер шығару;

- қолданылатын шешу әдістерін талдау;

- қойылған мәселені ескере отырып, алынған нәтижелерді түсіндіру;

- шешімнің нәтижелерін тұжырымдау және жазу.

Білім алушылардың математикалық сауаттылығы олардың математикалық құзіреттіліктің 3 деңгейіне сай анықталады:

Шақыру. Бұл белгілі фактілерді, стандартты әдістерді, математикалық объектілерді және қасиеттер-

ді тану, стандартты процедураларды орындау, белгілі алгоритмдерді және техникалық дағдыларды пайдалану, стандартты, таныс өрнектермен және формулалармен жұмыс істеу, тікелей есептеулер арқылы таныс жағдайда тікелей қолдану.

Байланыстар орнату. Ол типтік болмаса да, оқушыларға әлі таныс немесе белгілі шеңберден аз ғана дәрежеде шығатын мәселелерді шешу үшін репродуктивті әрекеттерге негізделген. Есептің мазмұны математиканың қай бөлімін пайдалану керектігін және қандай белгілі әдістерді қолдану керектігін көрсетеді. Әдетте бұл тапсырмаларда шешімді түсіндіруге қойылатын талаптар көбірек болады, олар тапсырмада сипатталған жағдайдың әртүрлі көріністері арасындағы байланыстарды орнатуды немесе тапсырмалар жағдайындағы деректер арасындағы байланыстарды орнатуды көздейді.

Дәлелдеу. Ол математикалық құралдарды таңдауда, математика курсының әртүрлі бөлімдерінен алынған білімдерді біріктіруде және әрекеттер алгоритмін өз бетінше жасауда белгілі бір түйсік, рефлексия мен шығармашылықты талап етеді. Тапсырмалар әдетте көбірек деректерді қамтиды және оқушылардан үлгілерді табу, жалпылау және өз нәтижелерін түсіндіру немесе негіздеу жиі талап етіледі.

Алайда құзыретті тек пәндік білім, білік және дағдының жиынтығы ретінде түсіндіруге болмайды. Бұл - оқушының білімі мен дағдысын оқыту сапасының интегралды сипаттамаларының спектрімен, оның ішінде алған білімдері мен дағдыларын туындаған мәселелерді шешуге қолдана білуімен байланыстыра отырып, оқыту және күнделікті тәжірибеде өмір тәжірибесі нәтижесінде алынған жаңа сапа.

Бастауыш сыныптарда математикалық білімді меңгеру тек пәндік ғана емес, сонымен қатар жеке нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әмбебап оқу әрекетін қалыптастыруға арналған. Математика арқылы бастауыш сынып оқушылары қоршаған дүниені сипаттау үшін математикалық ұғымдарды пайдалана білу, процестер, құбылыстар туралы білімдерін жинақтап, жүйелеп, сол математикалық білім арқылы іс-әрекетінің негізгі мақсаты мен бағытын өз бетінше анықтауға үйренеді, таңбалар мен белгілермен танысады, пайымдауларды айтуға және өз пікірін тұжырымдауға үйренеді, мұғалімнің жетекшілігімен ең қарапайым этикалық нормаларды меңгереді.

Бастауыш білім беру барысында жүйелі курстар оқытылатын білім берудің барлық кейінгі сатыларынан айтарлықтай айырмашылықты иеленеді, сондықтан Қазақстан Республикасында он екі жылдық білім беруге көшкен кезде әдістемелер мен инновациялық технологияларды қарқынды іздеу жүріп жатыр.

Функционалды дамыған тұлғаны тәрбиелеу үшін келесі бағыттар бойынша қозғалу керек деп есептеймін:

- жаттығу белсенді болуы;
- оқу-тәрбие процесі дербестікті және қызмет нәтижелеріне жауапкершілікті дамытуға бағытталуы;
- оқушыларға мақсатқа жетуде тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беру;
- бағалау ережелері оқу процесінің барлық қатысушыларына түсінікті болуы;
- тұлғаға бағытталған технологияларды қолдану: жобалау-зерттеу іс-әрекеті, денсаулық сақтау технологиясы, дамыта оқыту, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, білім берудің деңгейлік саралау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақыл-ой білімін кезең-кезеңімен қалыптастыру технологиясы;
- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

Біздің мектеп үшін бұл - функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру үдерісіндегі дамудың және нәтижеге жетудің негізгі жолдары. Бір жылдан астам осы ұғымды пайдалана отырып, математикалық сауаттылықты меңгеруде белгілі нәтижелерге қол жеткіздік.

Мектебіміздің оқушылары әртүрлі халықаралық математикалық жарыстар мен олимпиадаларға белсенді қатысады. Оқушыларымыздың математикадан облыстық, қалалық олимпиадада жақсы өнер көрсетіп, жүлделі орындарды жеңіп алғанына өте қуаныштымыз.

Оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуда қосымша математика сағаты маңызды рөл атқарады, оның аясында шығармашылық белсенділік жаңа шешімдерді іздеу және табу қабілеті қалыптасады. Ұсынылып отырған арнайы курстың міндеті қандай да бір нақты білім мен дағдыларды меңгеру емес, нақты ақыл-ой қабілеттерін дамыту болып табылады. Бұл курс мазмұны мен күрделілігі жағынан алуан түрлі, баланың жеке басының дамуына қолайлы мүмкіндіктер беретін тапсырмаларға құрылған. Сонымен қатар пәнге деген танымдық қызығушылықтың дамуы, әр оқушының нәтижеге жету жағдаяттарын құру жүзеге асады. Қазақстандық мектеп оқушылары білімдерін тәжірибеде нашар енгізгенін көрсеткен PISA және TIMSS халықаралық зерттеулерін ескере отырып, арнайы курс сабақтарында тренажер ретінде TIMSS дәптерін қолданамыз.

Математика, экономика және қаржылық сауаттылық бойынша пәндік апталықтар жүйелі түрде өткізіледі. Оқыту формалары мен әдістердің алуан түрлілігі интеллектуалды дамытудағы ең маңызды пәндердің бірі ретінде «Математика» пәнінің ұстанымын нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазір интернет негізгі ақпарат көзіне айналды, біз оның мүмкіндіктерін оқушылар мен олардың ата-аналарын тәрбиелеу мен дамытуға пайдалануды жөн көрдік. Мектеп веб-сайтында құзыреттілік сипаттағы тапсырмаларды қамтитын үйдегі математикадан олимпиадалар және ата-аналарға арналған педагогикалық дәріс өткізіледі.

Әйгілі ұстаз – математик Д.Пойа былай деген: «Математиканы меңгеру деген нені білдіреді? Бұл стандартты ғана емес, сонымен қатар ойлаудың белгілі бір дербестігін, парасаттылықты, ерекшелікті, тапқырлықты талап ететін мәселелерді шешу қабілеті. Осыған орай, білім алушыларға математиканы және басқа да пәндерді оқу процесінде қазіргі қоғамда адамның толыққанды қызмет етуіне қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін математикалық формуланы бәріміз еске сақтап алайық.

«ЖЕТІК БІЛУ (ДАҒДЫ) = МЕҢГЕРУ + БІЛІМДЕРДІ ПРАКТИКАДА ҚОЛДАНУ»

Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының бойында функционалды сауаттылықтың элементарлық дағдыларын қалыптастыру білім сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Қорытындылай келе, бүгінгі білім беру жүйесінде функционалды сауаттылық – оқушының өмірлік дағдыларын қалыптастырудың негізгі көрсеткіші. Математика пәні бұл

дағдыларды дамытуда жетекші рөл атқарады. Жаңа технологияларды, тұлғаға бағытталған оқытуды, оқушының жеке даму траекториясын ескере отырып білім беру – интеллектуалды және дербес ойлайтын тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған басты жол. Мектеп тәжірибесінде арнайы курстар мен пәндік апталықтар, олимпиада дайындықтары мен интерактивті әдістерді тиімді қолдану оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырып, пәнге қызығушылығын күшейтеді. Осылайша, математикалық білім беру сапасын жетілдіру арқылы қоғамда толыққанды қызмет ете алатын функционалды сауатты азамат қалыптастыруға жол ашылады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Таңатаров Ж. Т., Сәрсенбаева Ж. И. «Математиканы оқыту әдістемесі». – Алматы: Рауан, 2020.
2. Жампейісова М. М. «Тұлғаға бағытталған технологиялар». – Алматы: 2014.
3. OECD. PISA 2018 Results: What Students Know and Can Do. – Paris: OECD Publishing, 2019.
4. TIMSS 2019 International Results in Mathematics and Science. – IEA, 2020.
5. Пойа Д. «Как решать задачу». – Москва: Наука, 1976.
6. Жумабаев Қ. «Математикалық сауаттылық: теория мен тәжірибе». – Астана: НЗМ, 2022.

ПУТИ РАЗВИТИЯ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В данной статье всесторонне рассматривается проблема развития функциональной грамотности учащихся через предмет математика. В современной системе образования чётко обозначается необходимость использования инновационных технологий, включая развивающее обучение, проектно-исследовательские методы, а также информационно-коммуникационные подходы. Автор акцентирует внимание на значении математических знаний в гармоничном развитии личности, уточняет содержание и уровни математической грамотности, останавливаясь на особенностях преподавания в начальных классах. Также подчёркивается важность специальных курсов и дополнительных занятий, направленных на совершенствование математической подготовки школьников на основе международных исследований TIMSS и PISA. В статье предложены пути формирования функционально грамотной личности на основе практических примеров.

Ключевые слова: функциональная грамотность, математические знания, начальная школа, компетентность, инновационные технологии, математическая грамотность, развивающее обучение, TIMSS, PISA, интеллектуальное развитие, дополнительный курс, учебная мотивация.

Садуакасова Райхан Нуршадиновна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
«№21 орта мектебі» КММ
Қызылорда облысы, Арал ауданы



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

Міндеттері: ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігімен жұмыс істей білуге үйрету, ой белсенділігімен тіл байлығын арттыруға баулу, дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Білім мен тәрбие беру кезеңінде саналы, дұрыс коммуникативті оқу дағдыларын жетілдіру, логикалық қабылдауды дамыту, функционалдық сауаттылықтарын арттыру пәнге деген қызығушылықты қалыптастыруға бағытталған жұмыс. Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес оқушыларға бүгінгі таңда тиянақты білім беріп, танымдық қабілетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру үшін олардың әр пәнге деген қызығушылығын, өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру, ізденгіштікке, шығармашылыққа тәрбиелеу-мектептің басты міндеті. Оқушылардың оқу - танымдық іс - әрекеті жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдіруге маңызы ерекше. Бала қоршаған орта туралы шындықты белсенді әрекеттің нәтижесінде танып біледі, ол - ойын. Авторлық бағдарламаның өзектілігі негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік білім стандартының талаптарына және білім мен тәрбие беру бағдарламасының талаптарына сай жасалған. Оқу іс-әрекетінде интегративті тәсіл жүзеге асады, сол себепті сабақта және өзіндік жұмыста орын алады. Оқытудың құзыреттілікке бағдарлануы прагматикалық сипаттағы педагогикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, балаларды нақты әлемде шебер жұмыс жасауға дайындайды. Бағдарламада балалардың пән бойынша сауаттылық дағдысын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар білім мен өмірге деген көзқарастарын өзгертеді. Әрбір ұстаздың мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай – ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі – «Ойын арқылы оқыту» технологиясы. «Тәуелсіз еліміздің тірегі – білімді ұрпақ» десек, білімнің негізі бастауышта қаланатыны белгілі.

Бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін сомдауға үлкен үлес қосады. Балаларды оқытуда және тәрбиелеуде ойынның ролі педагогикада бұрын да, қазір де қарастырылып келеді. Алдыңғы қатарлы педагогтардың бәрі де ойынды нағыз керекті және маңызды іс – әрекет деп түсінеді. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А. С. Макаренко: Ойын – балалар өмірінде өте маңызды зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай

болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады, – деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Өз іс-тәжірибемде өтетін сабақтарым көрнекіліксіз, ойынсыз өткен емес. Қай сабақ, қай тақырыпқа болмасын тиімді көрнекілік, ойынды ойластырып, алдын ала дайындалуға тырысамын. Ойынмен өткен сабақ қызықты өтіп тақырыпты жеңіл игеріп, оңай еске сақтайды, оқуға деген қызығушылығы, ынтасы арта түседі. Қазіргі кездегі қолданылып жүрген жаңа технологиялармен бірге «Ойын арқылы оқыту» технологиясында қолдануды дұрыс көремін. «Баланың ойынын тыйғаның – ойлауын тыйғаның» деген қағида бекер айтылмаған. Қазақ халқының ұлы ақыны А. Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын арқылы оқушының білім алуға, оқуға қызығушылығы артады.

Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не іс әрекет іспетті. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып-үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды. Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану біріншіден оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын белсенділігін арттырып сапасын көтеру болып табылады.

Қайрылған Нүргүл Қайрылғанқызы

Химия пәнінің мұғалімі

Павлодар облысының білім беру басқармасы, павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



ХИМИЯДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫ

Химия ғылымы – құрылымдардың, заттардың, олардың өзара әрекеттесуінің заңдылықтарын зерттейтін аса күрделі сала. Қазіргі таңда бұл саланы оқытуда жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктері ерекше орын алып отыр. Жасанды интеллект құралдары химиядағы күрделі деректерді жүйелеуге, тәжірибелерді модельдеуге, молекулалық құрылымдарды визуализациялауға, жаңа заттардың қасиеттерін болжауға және оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл модуль оқушыларды химияны тереңірек меңгеруге жетелейтін заманауи технологиялармен таныстыруға бағытталған.

Жасанды интеллект құралдарының негізгі артықшылығы – күрделі ақпаратты өңдеу мен талдаудың жылдамдығы. Химияда заттардың молекулалық деңгейдегі қасиеттерін зерттеу үшін үлкен деректер қоры пайдаланылады. Мысалы, органикалық қосылыстардың физика-химиялық параметрлері, реакцияның жүру шарттары, катализаторлардың тиімділігі сияқты

көрсеткіштер өте көп әрі түрлі сипаттамалармен беріледі. Дәстүрлі әдістермен мұндай деректерді өңдеу көп уақыт алады, ал жасанды интеллект құралдары бірнеше секундта болжам жасап, салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың тек дайын ақпаратты жаттап алуына емес, оны талдау арқылы өз бетінше қорытынды жасауына үйретеді.

Жасанды интеллект құралдарының көмегімен химиялық реакцияларды модельдеу оқушыларға тәжірибелердің нәтижесін алдын ала көруге жағдай жасайды. Зертханалық жұмыс алдында реакцияға қатысатын заттардың қасиеттерін, реакцияның мүмкін өнімдерін, энергия шығынын немесе жылу бөлінуін компьютерлік модельдеу арқылы болжауға болады. Бұл қауіпсіздікті арттырып қана қоймай, химияның күрделі процестерін көрнекі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, экзотермиялық және эндотермиялық реакцияларды нақты деректер арқылы виртуалды модельдерде көрсету оқушыларға жылу алмасу процесін сезінбей-ақ түсінуге көмектеседі.

Химиядағы жасанды интеллект құралдары тек модельдеумен шектелмейді. Олар молекулалық құрылымдарды үш өлшемді форматта бейнелеуге, заттардың кеңістіктік құрылымын көруге және оның реакциялық қабілетіне әсерін талдауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе органикалық химия мен биохимияда аса маңызды. Күрделі молекулалардың байланыстарын, изомерлерін немесе функционалдық топтарының орналасуын көрнекі түрде көру – оқушының түсіну деңгейін арттырады. Жасанды интеллект платформалары мұндай визуализацияны қарапайым әрі жылдам жасайды.

Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдары химиялық есептерді шешуде тиімді көмекші бола алады. Реакция теңдеулерін автоматты түрде теңестіру, берілген шарттарға сәйкес реакция өнімдерін болжау, концентрация немесе шығым есептерін орындау – осылардың барлығын оқушылар ЖИ құралдарының көмегімен тексеріп, өз жауаптарымен салыстыра алады. Бұл олардың есеп шығару дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, қателерін бірден көруге мүмкіндік береді.


Жасанды интеллект құралдары оқушылардың зерттеушілік және жобалық жұмыстарын ұйымдастыруда да маңызды рөл атқарады. Химия пәнінен ғылыми жоба немесе шағын зерттеу жұмысын орындау кезінде оқушылар тақырып бойынша мәлімет жинау, алынған деректерді жүйелеу, статистикалық талдау жасау, графиктер мен диаграммалар құру сияқты кезеңдерден өтеді. ЖИ құралдары бұл жұмыстарды жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге көмектеседі. Мәселен, белгілі бір катализатордың әсерін зерттеу барысында оқушы тәжірибеден алынған нәтижелерді арнайы бағдарламаларға енгізіп, олардың негізінде талдау жасап, қорытындыны автоматты түрде қалыптастыра алады.

Химия сабақтарына жасанды интеллект құралдарын енгізу оқушыларды тек пәндік біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың цифрлық сауаттылығын да арттырады. Бұл құралдармен жұмыс істеу барысында оқушылар деректердің дұрыстығын тексеруді, ақпаратты сын тұрғысынан бағалауды, алынған нәтижелерді талдауды үйренеді. Бұл дағдылар болашақта кез келген ғылыми-зерттеу қызметінде немесе жоғары оқу орындарында қажет болады.

Жасанды интеллект құралдарының көмегімен химияны оқыту оқушыға тек дайын ақпарат бермейді, керісінше оны зерттеу процесінің белсенді қатысушысына айналдырады. Оқушы молекуланың құрылымын өз қолымен құрастырады, реакцияны виртуалды ортада іске қосады, нәтижелерін талдап, қорытынды жасайды. Бұл олардың қызығушылығын оятып, өздігінен ізденуге ынталандырады.

Осылайша, химиядағы жасанды интеллект құралдары оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналып, оқушыларды ғылымға жақындатады, пәнді оқытуды жаңа деңгейге көтереді және олардың ғылыми ізденіс дағдыларын дамытады.

Жалғас Елмира Сәрсенбайқызы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-модератор
№133 мектеп гимназиясы
Алматы қаласы



АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ

Абай атамыз – бүкіл қазақ халқының мақтанышы, рухани ұстазы. Абайдың мұрасын біз әрдайым қастерлеп, оқып, үйренеміз. Оның шығармалары бізге әлі күнге дейін үлгі болып келеді.

Абай атамыз өлеңдері арқылы бізге білімнің, адалдықтың, еңбектің, достық пен бірліктің маңызын түсіндіреді. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде жастарға жалқау болмай, үнемі ізденіп, үйренуге кеңес береді. Ал «Интернатта оқып жүр» өлеңінде жастарды тәртіпті, білімді, мәдениетті болуға шақырады.

Абай тек ақын емес, сонымен бірге сазгер де болған. Ол әуезді, жүрекке жылы тиетін көптеген әндер жазған. «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, Қаламқас» сияқты әндері халық арасында әлі күнге дейін айтылып келеді. Біз де музыка сабағында осы әндерді үйреніп, айтып жүреміз.

Абайдың қара сөздері де ерекше. Ол қара сөздерінде халқына ақыл-кеңес айтып, өмірдің мәнін түсіндіреді. Мысалы, «Қара сөздерінде» ол адам болу, адалдық, еңбексүйгіштік туралы жазған. Мұны біз сабақта оқып, өзімізге үлгі аламыз.

Мен үшін Абай атамыздың өмірі – үлкен үлгі. Ол білімге, еңбекке, адалдыққа шақырды. Біз де Абайдың өсиеттерін орындап, жақсы оқып, мейірімді, еңбекқор болып өсуіміз керек. Сонда ғана біз Абай атамыз армандағандай «толық адам» боламыз.

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының мәңгілік жарық жұлдызы. Оның еңбектері ешқашан ұмытылмайды. Біз оны оқыған сайын жаңадан ой түйеміз, жаңа нәрсе үйренеміз. Абайдың айтқан әр сөзі бізге күш береді, жүрегімізді нұрландырады.

Биыл – Абайдың туғанына 180 жыл. Бұл мерейтой бізді тағы да Абайды еске алуға, оның шығармаларын тереңірек оқуға, түсінуге шақырады. Біз, бастауыш сынып оқушылары да, Абайды құрметтеп, оның өлеңдерін жаттап, әндерін шырқап жүрміз.

Мен Абай атамыздың «Адам бол!» деген сөзін әрқашан есімде ұстаймын. Бұл – мен үшін ең үлкен өсиет. Болашақта да Абайдың шығармаларын оқып, оның айтқан ақылдарын орындауға тырысамын.

Абай Құнанбайұлы әрқашан жастарды білімге, адалдыққа, еңбекқорлыққа шақырды. Ол өз халқына тек жақсылық тіледі. Біз де сол Абайдың өсиетін орындап, жақсы оқуға, көп ізденуге, жақсылық жасауға, үлкенді сыйлауға, кішіні құрметтеуге тырысуымыз керек. Сонда ғана біз Абай атамыз армандаған «толық адам» боламыз.

Абайдың әр өлеңі, әр қара сөзі – бізге бағыт-бағдар беретін жарық шам сияқты. Біз осы шамның жарығынан күш алып, болашағымызды нұрландырамыз. Абайды оқыған сайын біз адамгершілікке, мейірімге, достыққа, еңбексүйгіштікке үйренеміз. Бұл қасиеттер – әр баланың бойында болуы тиіс қасиеттер. Сондықтан мен Абай атамызды әрдайым мақтан тұтамын.

Оның өлеңдерін, қара сөздерін жаттап, әндерін айтып жүремін. Бұл – менің Абайға деген құрметім. Біз бәріміз де осылай істесек, Абайдың рухы бізге әрқашан риза болады.

Қорыта келе, Абай Құнанбайұлы – мәңгілік біздің жүрегімізде. Ол – халқымыздың шамшырағы, бізге жол көрсететін ұлы тұлға. Абай атамыздың 180 жылдығы – бізді білімге, ізгілікке, мейірімге, адалдыққа тағы да жетелейтін үлкен мереке. Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы бізге мәңгі үлгі. Ол әрқашан біздің қасымызда рухымен бірге жүреді. Біз оның жолымен жүрсек, халқымыздың болашағы да жарқын болады.

Қасымбаева Каламқас Токтасынова

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
 М.Маметова атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын-орталығы
 Жетісу облысы, Сарқан ауданы





**М.МАҚАТАЕВ «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА» ПОЭМАСЫНЫҢ
 КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Педагогтің аты-жөні:	Қасымбаева Каламқас Токтасынова
Күні:	
Сыныбы: 8	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының композициялық құрылымы.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану
Сабақтың мақсаты:	Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану:
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, талдау.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту	I. Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу Оқушыларды топқа бөлу, сабақ мақсатымен таныстыру.	Оқушылар «Тілек бұлты» психологиялық ахуал бір-бірлеріне бүгінгі сабаққа қатысты тілектер айтады	ҚБ: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» мадақтау сөзімен ынталандыру.	Презентация

	<p>Өткен тақырыпқа шолу жасау. Үй тапсырмасын сұрау.</p> <p>Жеке жұмыс «Пазл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру, үй тапсырмасын сұрау мақсатында оқушыларға сұрақтар қою</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді; 1 б</p>	<p>Презентация</p>
	<p>Майлин "Шұғаның белгісі" хикаяты</p> <p>Жасанды интеллект. Мұқағали Мақатаев. Мұқағали Мақатаев:</p> <p><i>Қымбатты оқушылар!</i> <i>Сендер менің «Аққулар ұйықтағанда» атты поэмалмен таныстыңдар.</i> <i>-Шығармамен танысу барысында сендерді қандай мәселе толғандырды?</i> <i>-Шығарма сендерге қандай ой салды?</i> <i>- Достарыңа не үшін оқуға кеңес берер едіңдер?</i></p>	<p>Оқушылар сұраққа жауап береді</p> <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Шығармамен танысу барысында сендерді қандай мәселе толғандырды? -Шығарма сендерге қандай ой салды? - Достарыңа не үшін оқуға кеңес берер едіңдер? 	<p>Дескриптор: Өз пікірлерімен бөліседі; 1 б</p>	<p>Жасанды интеллект слайд</p>
<p>Сабаққа кіріспе</p>  <p>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу.</p>	<p>1-тапсырма. Оқушыларға жаңа тақырып туралы түсінік беру «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы суреттерді оқиғаның сюжеті бойынша орналастыру. «Оқиға тауы» әдісі. Шығарманың композициялық құрылымына талдау жасайды.</p>	<p>Тақтада шығарма мазмұны бойынша суреттер ілініп тұрады. Білім алушылар суреттерді оқиғаның сюжеті бойынша орналастырып, шығарманы сюжеттік- композициялық құрылысына талдайды.</p>	<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Поэманы біледі ;1 б - Суреттерді сәйкестендіреді;1 б 	<p><u>Суреттер, презентация</u></p>
	<p>2-тапсырма. «wordwall.net» әдісі арқылы шығармашылық композициялық құрылымын талдау/ауызша/</p>	<p>Оқушылар «wordwall.net» әдісі арқылы шығармашылық композициялық құрылымын талдайды. /ауызша/</p>	<p>Дескриптор: -Шығарманың композициялық құрылымын талдау; 2 б</p>	<p>https://wordwall.net/ru/resource/68539173</p>
	<p>3-тапсырма. ТЖ.</p> <p>1-топ. Ғалым пікірін оқып, көзқарасыңды білдір. Кестені толтыр. 2-топ. «Егер мен журналист болсам...» сұхбат. Талқыланатын сұрақтар: 1. Аққудың өліміне кім кінәлі? 2. Ананың іс-әрекетіне сіздің көзқарасыңыз. 3. Егер сіз ананың орнында болсаңыз... 3-топ. «Кейіпкермен сырласу» әдісі арқылы кейіпкерге өз көкарастарын білдіріп, бүгінгі өмірмен байланыстыра хат жазу.</p>	<p>Оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1-топ. Кестені толтырады 2-топ. Сұхбат алады. 3-топ. Хат жазады. 	<p>Дескриптор: Шығарманың сюжеті бойынша көзқарасын білдіреді; 2 б</p>	

	<p>4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Жазушы шешімімен келісесің бе? Жазушы шығармасын "...Мына жатқан «Жетім көл», мына аққуды, Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа... Жоқ! Мен емес... Мен атпадым... Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!» Ғазиз ана, ербеңдеп екі қолы, Жиылған жұртқа қарап алақтады. Күледі, бірде жылап, зарланады, Көкке қарап, бекерге қарманады. Бірде үнсіз, мелшиіп тың тыңдайды, Құлағында аққудың арман-әні. Алдымен жұрт үн-түнсіз таңданады, Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады... Бірде ана көкке жайып алақанын: «Қазір, ботам... Мінеки, таң атады... Қазір, ботам, аққумен ұшықтаймын... Жазыласың құлыным...балапаным! " деген сөзбен аяқтайды. Сен қалай аяқтар едің? Өз пікірің, көзқарасың...</p>	<p>Оқушылар <u>«Фанфик» әдісі арқылы шығарманы өз көзқарасы тұрғысында аяқтайды.</u> Фанфик – оқырманның қандай да бір кітаптың, киноның сюжетін басқа бағытта, өз көзқарасы тұрғысынан дамытып жазған туындысы. Бұл жанрда оқырман сүйікті кейіпкерлерінің әділетсіз, қатал тағдырын өзгертіп, бақытты өмірге бағыттай алады. Керісінше арман-мақсатына жетіп, бақытты ғұмыр кешкен кейіпкерлердің өміріне тосқауыл мен кедергілер қойып, шым-шытырық сюжетке айналдыру да өз еркінде.</p>	<p>Дескриптор: Шығарманы өз көзқарасы тұрғысынан аяқтайды; 2</p>	<p>Оқулық, жұмыс дәптерлері .</p>
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия</p>	<p>Рефлексия Анаға тілек</p> 	<p>Ананың арманы не? Ананы киелі құсты атуға негізгі себеп болған жағдай ол баласын өлімнен аман алып қалу. Сондықтан да ана махаббаты шексіз...Оқушылар кішкентай жүрекшеге аналарына тілек жазып тақтаға іледі. «Анаға тілек»</p>	<p>ҚБ: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» мадақтау сөзімен ынталандыру</p>	

Саламат Жұлдыз Күнболатқызы
Информатика пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
Ақмола облысы, Қосшы қаласы



«ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ»

Қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды өзгерістерге ұшырап отыр. Жаһандану мен цифрландырудың дамуы білім алушылардың оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін іздеуге себеп болды. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының әлеуеті ерекше назар аударуға лайық. ЖИ тек өндіріс пен бизнес саласында ғана емес, сонымен қатар білім беруде, әсіресе информатика пәнінде оқытудың мазмұнын жаңғыртуға зор мүмкіндік беруде.

Жасанды интеллект – бұл адамның когнитивтік (ойлау, талдау, шешім қабылдау) қызметін модельдейтін ақпараттық технологиялардың жиынтығы. Қазіргі таңда білім беру саласында кеңінен қолданылатын ЖИ құралдары:

- Chatbot және виртуалды ассистенттер (мысалы, ChatGPT);
- Интеллектуалды оқыту жүйелері (Adaptive Learning Systems);
- Деректерді талдау және болжау (Learning Analytics);
- Бейне, сурет және мәтін тану жүйелері;
- Геймификацияға арналған алгоритмдер.

Бұл құралдар информатика пәнінің мазмұнын практикалық әрі интерактивті етуге жағдай жасайды.

Информатика пәні қазіргі заманғы білім беру жүйесінің ең маңызды және қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып табылады. Бұл пән ақпараттық процестерді зерттеуді, компьютерлік жүйелердің жұмыс істеу принциптерін түсінуді, бағдарламалау негіздерін меңгеруді, сондай-ақ деректерді өңдеу мен талдау тәсілдерін үйретуді қамтиды. Оқушылар информатика сабақтарында тек компьютерді қолдану дағдыларын ғана игеріп қоймайды, сонымен бірге логикалық ойлау, проблемаларды шешу және шығармашылық тұрғыда іздену қабілеттерін де дамытады. Информатика пәнінің мазмұны жасанды интеллект технологияларымен тікелей байланысты, себебі ЖИ қазіргі таңда ақпараттық процестерді ұйымдастырудың, деректерді талдаудың, бағдарламаларды оңтайландырудың және автоматтандырудың басты құралына айналды. Сондықтан информатика сабақтарына ЖИ элементтерін енгізу оқушылардың құзыреттілігін тереңдетуге, теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға және цифрлық қоғамның талаптарына сай дайындалуына зор мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект технологияларын пайдалану арқылы оқушылар бағдарламалау логикасын терең түсінеді, себебі олар тек дайын кодты оқып қана қоймай, сонымен қатар алгоритмдердің қалай жұмыс істейтінін, қандай деректерді қалай өңдейтінін және машинаның

шешім қабылдау процесін модельдеуді үйренеді. Мұндай тәжірибе олардың алгоритмдік ойлау қабілетін дамытады, яғни кез келген мәселені кезең-кезеңімен талдап, оның шешу жолдарын нақты қадамдарға бөліп қарастыруға машықтандырады. Сонымен қатар ЖИ құралдары арқылы деректерді өңдеу мен талдауды тәжірибелік тұрғыда меңгеру мүмкіндігі туындайды, өйткені оқушылар үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеуді, оны құрылымдауды, сұрыптауды және нәтижелерін визуалдауды үйренеді. Бұл дағдылар қазіргі заманғы еңбек нарығында аса қажет болып отыр.

Жасанды интеллект элементтерін информатика сабағына енгізу ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға да ықпал етеді. Оқушылар ЖИ-мен жұмыс істеу барысында деректердің құпиялылығын сақтау, жеке ақпаратты қорғау, этикалық нормаларды ұстану сияқты маңызды қағидаларды меңгереді. Мұғалімнің басшылығымен жүргізілетін мұндай сабақтар жасөспірімдердің тек техникалық біліктілігін ғана арттырып қоймай, олардың саналы цифрлық азамат ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Осылайша, информатика пәнінің ерекшелігі – оның теориялық және практикалық мазмұнының жасанды интеллект технологияларымен табиғи үйлесім табуында. Мұндай үйлесім оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырып қана қоймай, болашақта жаңа технологиялармен жұмыс істеуге қабілетті, дербес ойлайтын, шешім қабылдауға бейім тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайды.

ЖИ арқылы әр оқушының білім деңгейін талдап, оның әлсіз және күшті жақтарын анықтап, жеке оқу траекториясын құруға болады

Мысалы:

- Интерактивті тапсырмалар (мысалы, бағдарламалау тренажерлері);
- Тест нәтижелерін автоматты талдау;
- Оқушыға лайықталған қосымша материал ұсыну.

Информатика пәніндегі практикалық жұмыстарды, тест тапсырмаларын және бағдарламалық код жазу бойынша берілетін жаттығуларды жасанды интеллект технологиялары арқылы автоматты түрде тексеру мұғалімдердің жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді. Бұрын мұғалімдер оқушылардың әрбір жұмысын жеке-жеке тексеріп, қатесін анықтап, баға қойып және түсініктеме беруге көп уақыт жұмсайтын болса, қазір ЖИ негізіндегі автоматтандырылған жүйелер бұл процесті жылдам әрі сапалы орындай алады. Мұндай жүйелер жазылған кодтың дұрыс орындалуын, алгоритмнің тиімділігін, деректер құрылымын қолдану сапасын, тіпті код стилін де бағалап, оқушыға жедел кері байланыс береді. Жасанды интеллекттің талдау мүмкіндіктерінің арқасында әрбір оқушы өз қатесін бірден көріп, сол сәтте түзету жасай алады. Бұл бір жағынан мұғалімнің уақытын үнемдесе, екінші жағынан оқушының өзіндік жұмыс жасау дағдысын, жауапкершілігін және білімін терендетеді. Автоматтандырылған бағалау жүйелері оқушылардың үлгерімін динамикада бақылап, олардың жетістіктерін, әлсіз тұстарын және даму траекториясын нақтылап көрсетеді, осылайша әр оқушыға жеке білім беру жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект негізінде жасалған виртуалды зертханалар мен тренажерлер информатика сабағын жаңа деңгейге көтереді. Мұндай платформаларда оқушылар бағдарламалау тілдерінің мүмкіндіктерін, деректер қорын басқару жүйелерін, желілік технологиялардың жұмыс принциптерін немесе киберқауіпсіздік негіздерін тәжірибе жүзінде үйрене алады. Мәселен, виртуалды зертханада компьютерлік желіні құру немесе қорғау, мәліметтер қорын жасау және сұрауларды орындау, алгоритмдердің жұмысын нақты деректер арқылы тексеру секілді күрделі процестерді қауіпсіз ортада жүзеге асыруға болады. Бұл оқушыларға теориялық білімді тек жаттап қана қоймай, оны нақты тәжірибеде қолдануды үйретеді. Виртуалды зертханалар кез келген жерде және кез келген уақытта қолжетімді болғандықтан, білім алушыларға қосымша мүмкіндіктер береді, сондай-ақ қымбат жабдықтар мен күрделі бағдарламалық кешендерсіз-ақ тәжірибе жасауға жағдай жасайды. Мұғалімдер үшін де бұл қолайлы, себебі олар оқушылардың жұмысына онлайн режимде бақылау жасап, процесті бағыттап, қажет кезде түзетулер енгізе алады.

Жасанды интеллект құралдарын пайдалану оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға және жобалық қызметін ұйымдастыруға да үлкен мүмкіндік береді. Информатика сабағында оқушыларға өз идеяларын іске асырып, шынайы өмірде қолдануға болатын өнімдер жасауға жағдай жасалғанда, олардың пәнге деген қызығушылығы күрт артады. ЖИ көмегімен оқушылар чатбот құрастыра алады, бейне немесе сурет тану жүйелерін жасай алады, шағын нейрондық желілерді үйретіп, оларды нақты мәселелерді шешуге қолдануды үйренеді. Мұндай жобалар оқушыларға тек техникалық дағдыларды меңгерту ғана емес, сонымен бірге командалық жұмыс, зерттеу жүргізу, деректерді жинау және өңдеу, нәтижелерді ұсыну секілді ХХІ ғасыр дағдыларын да қалыптастырады. Жобалық жұмыстар барысында оқушылар өздерінің шығармашылық әлеуетін ашып, жаңа технологияларға бейімделуді үйренеді, ал мұғалім олардың кеңесшісі мен бағыттаушысы ретінде әрекет етеді. Осылайша, жасанды интеллект негізіндегі бағалауды автоматтандыру, виртуалды зертханалар мен тренажерлерді қолдану және шығармашылық-жобалық жұмыстарды ұйымдастыру информатика пәнін заманауи, мазмұнды әрі практикалық тұрғыда тиімді етуге жол ашады.

Кесте – 1. ЖИ құралдарының үлгілері

Құрал	Қолданылуы	Артықшылығы
Scratch + ЖИ кеңейтімдері	Балаларға визуалды бағдарламалау арқылы ЖИ элементтерін таныстыру	Ойын түрінде, интуитивті түсінікті
Google Teachable Machine	Сурет, дыбыс немесе позаны тануды үйрету	Кодсыз жұмыс, дербес тәжірибе жасауға мүмкіндік
Microsoft Azure AI Tools	Деректерді талдау, чатбот жасау	Бұлттық ортада жұмыс, кәсіби деңгей
ChatGPT, Copilot	Оқушыларға код түсіндіру, үй тапсырмасын қолдау	Жедел кеңесші, мәтіндік көмек

ЖИ-ді қолданудың артықшылықтары:

- Уақыт үнемдеу: Мұғалімнің тексеру және талдау жұмыстарын автоматтандыру;
- Жеке тәсіл: Әр оқушыға бейімделген оқыту;
- Қызығушылықты арттыру: Интерактивті әдістер арқылы сабақтың тартымдылығы;
- ХХІ ғасыр дағдылары: Оқушыларда сыни ойлау, деректерді талдау, креативтілік пен коллаборация қалыптасады.

Жасанды интеллект технологияларын білім беру процесіне енгізу барысында бірқатар қиындықтар мен тәуекелдерге ерекше көңіл бөлу қажет. Ең алдымен академиялық адалдық мәселесі туындайды, себебі оқушылардың дайын жауаптарды пайдаланып, өз бетінше ойлану және іздену дағдыларын төмендетіп алу қаупі бар. Сонымен қатар мұғалімдердің дайындық деңгейі де маңызды рөл атқарады, өйткені ЖИ құралдарын тиімді пайдалану үшін педагогтар арнайы оқытудан өтіп, жаңа технологияларды меңгеруі тиіс. Инфрақұрылымдық жағдайлар да кедергі болуы мүмкін, мысалы тұрақты интернеттің жоқтығы, компьютерлік сыныптардың жеткіліксіздігі немесе лицензияланған бағдарламалардың болмауы ЖИ құралдарын толыққанды қолдануға мүмкіндік бермейді. Бұдан бөлек, құпиялылық пен деректер қауіпсіздігі мәселесі өзекті болып табылады, себебі оқушылардың жеке ақпаратын қорғау, алынған мәліметтердің заңсыз таралуына жол бермеу және этикалық нормаларды сақтау білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі болып саналады.

ЖИ технологиялары дамыған сайын информатика пәнінде:

- Интерактивті онлайн-курстар көбейеді;
- Автоматтандырылған бағалау жүйелері жетілдіріледі;
- Мектеп оқушылары ЖИ-дің бастапқы алгоритмдерін үйреніп, өз өнімдерін жасай бастайды;
- Білім беру контенті үнемі жаңарып, бейімделгіш болады.



Култлеуова Жанагул Мешитбаевна
 Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
 «№81 орта мектебі» КММ
 Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қызылжар ауылы




ЗАТТАРДЫҢ ҚАСИЕТІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ ?

Білім беру ұйымының атауы	«№81 орта мектебі» КММ	
Пәні:	Жаратылыстану	
Бөлім:	Заттар және олардың қасиеті. Ауа мен су	
Педагогтің аты-жөні:	Култлеуова Ж	
Күні:		
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	№23 сабақ. Заттардың қасиеті қалай өзгереді ?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.3.1.1 заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау; 4.3.1.2 құрылған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу	
Сабақтың мақсаты	заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтайды	
Құндылықтар және оның мақсаты:	ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ Білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені бақылаудың, жүйелеудің және түсінудің қарапайым дағдыларының болуы.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру</p> <p>Өткен білімді еске түсіру 10 мин</p> <p>Жаңа білім 30 мин</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу, түгендеу Психологиялық ахуал туғызу «Шаттық шеңбері»</p> <p>Оқушылар «Сыйлық» әдісі арқылы бір-біріне жылы сөздер айтып, сыйлық табыстайды үш топқа бөлінеді</p> <p>1-топ «Қатты» 2-топ «Сұйық» 3-топ «Газ»</p> <p>1-ші тапсырма Үй тапсырмасын сұрау Оқушыларға «Educaplay» платформасы арқылы тапсырма беріліп, үй тапсырмасы сұралады</p> <p>Жаңа сабақ Топтық жұмыс 1 тапсырма</p>	<p>Оқушылар бейнежазбадағы көрсетілген іс-қимылдарды жасап, бір-біріне сыйлық табыстайды Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Өз сөмкесіндегі заттарға зерттеу жасайды. Заттардың қасиеттеріне қарай бөледі</p> <p>Заттардың қасиеттерін атайды</p>	<p>Оқушылар экрандағы көрсетілген жаттығуларды жасайды. Үш топқа бөлінеді Жарайсың!</p> <p>Дескриптор: Айналасындағы дүниеге зерттеу жасай алады-1б Заттардың қасиеттерін біледі-1б</p>	<p>Интер тақта, Сыйлық тәріздес қиындылары Суреттер</p>   <p>Сөмке</p>



Жеке жұмыс
2 тапсырма

44-жұмыс парағы. **Заттардың қасиеті қалай өзгереді?**

Үдерістер
Заттардың қасиетін өзгертетін немесе жаңа затқа айналдыратын үдерістерді қызыл қарындашпен, қасиеті өзгермейтін, басқа зат түзілуі жүрмейтін үдерістерді көк қарындашпен боя. Бос ұшықтарға заттарды басқа затқа айналдырып өзгертетін үдерістердің аттарын жаз.



Функционалдық сауаттылық тапсырмасы

Жұптық жұмыс
3 тапсырма
Стаканға су құйып оған қантты салып бақылау. Су-еріткіш қасиетке не.
Қант қатты күйден жұмсақ күйге ауысты.



Жеке жұмыс
«Umaigra» платформасы арқылы оқушыларға тест тапсырмалары беріледі
Қанттың қасиеті қандай?
Қант қатты күйден жұмсақ күйге қалай ауысты?
Судың қасиеті қандай?
Тәжірибе жасау барысында судың дәмі өзгерді ме?
ҚБ тапсырмасын орындату

Бекіту
2-минут

Кері байланыс
3-минут

Сабақты қорытындылау
Үйге тапсырма
Оқушылардан «Білім шамы» әдісі арқылы кері байланыс алынады.
Жалғастырыңыз:
Маған ... қызықты болды
Бұл ... қиындық туғызды
Осы ... мені ойландырды

Дәптермен жұмыс жасайды

Тәжірибе жасайды

Судың еріткіштік қасиетін бақылайды

Оқушылар тақтадағы сұрақтарға жауап береді

ҚБ:
Тамаша!

Дескриптор:
Үдерістер туралы біледі-2б
Үдеріске ұшырататын жұмысты бояйды-2б

Дескриптор:
Судың еріткіштік қасиетіне көз жеткізеді-2б
Заттардың қалай өзгертінін бақылай алады-2б

Дескриптор
Заттардың қасиеті қандай табады
Дұрыс жауабын белгілейді
Жалпы балл: 2 бал

Сөмкедегі заттар

Қағаздар

Заттар тобын жазып алатын парақшалар

Жұмыс дәптері

Стакан

Қант

Қасық

Umaigra logo

Оқулық Жауап парағы,

Тусупбаев Аблайхан Тулегенович
Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары
"Қарағанды "Bolashaq" жоғарғы колледжі" ЖММ
Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ: МЕКТЕПТЕГІ АҚПАРАТТАНДЫРУ САЯСАТЫНА ЫҚПАЛЫ

***Аннотация.** Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің даму бағыты цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті кешенді пайдалану арқылы анықталуда. Әсіресе колледж деңгейінде білім беруді ақпараттандыру саясаты – жаңа әдістемелік, ұйымдастырушылық және технологиялық қадамдарды талап ететін үдеріс. Жасанды интеллекттің білім беру кеңістігіне енуі оқытушылардың кәсіби іс-әрекетін жаңа сапалық деңгейге көтеріп қана қоймай, студенттердің жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада жасанды интеллекттің негізгі мүмкіндіктері, оның цифрлық трансформацияға ықпалы, колледж деңгейінде ақпараттандыру саясатының тиімді іске асырылу жолдары ғылыми-публицистикалық тұрғыда талданады. Сонымен бірге жасанды интеллекттің студенттердің білім сапасын арттырудағы, оқытушылардың әдістемелік қызметін жетілдірудегі және оқу процесін дербестендірудегі рөлі жан-жақты ашылады.*

***Кілт сөздер:** жасанды интеллект, цифрлық трансформация, ақпараттандыру саясаты, колледж, білім беру, цифрлық технологиялар, әдістемелік қолдау.*

Білім беру жүйесінің жаһандық трансформациясы қазіргі таңда тек қана жаңа оқулықтар мен заманауи бағдарламалық қамтылым енгізумен шектелмей, ең алдымен цифрлық ортада тиімді жұмыс істей алатын білім беру мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Осы орайда жасанды интеллекттің колледждегі ақпараттандыру саясатына ықпалын қарастыру мәселесі тек педагогикалық тәжірибенің ғана емес, сонымен қатар стратегиялық басқару мен әдістемелік бағыттың да өзегіне айналып отыр. Бүгінгі студент – ақпараттық технологияларды еркін меңгерген, ақпараттық ағындар ішінде бағдар табуға қабілетті тұлға болуы тиіс, ал бұл міндеттің орындалуы жасанды интеллекттің әлеуетін тиімді пайдалана алумен тығыз байланысты.

Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне ықпалының ең басты ерекшелігі – деректерді талдау және оларды жекелендірілген оқу траекториясына бейімдеу мүмкіндігі. Әр студенттің білім алу қарқыны, қабылдау қабілеті мен қызығушылық аймағы әртүрлі болғандықтан, дәстүрлі әдістемелік тәсілдер көбіне барлық студентті бір үлгіге сәйкестендіреді. Ал жасанды интеллект негізіндегі платформалар нақты студенттің оқу нәтижелерін сараптап, оған сәйкес тапсырмалар ұсынуға, әлсіз тұстарын түзетуге және күшті қырларын одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл білім алушының білім сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар оның оқу процесіне деген ынтасын күшейтуге де ықпал етеді.

Колледж деңгейінде ақпараттандыру саясатын жүзеге асыруда жасанды интеллекттің енгізілуі бірнеше маңызды салаларды қамтиды. Біріншіден, оқу үдерісін ұйымдастыруда оқытушыларға әдістемелік қолдау көрсетіледі. Мысалы, жасанды интеллект сабақ конспектілерін талдау арқылы ең тиімді әдістемелік үлгілерді ұсынуы немесе студенттердің жазбаша жұмыстарындағы типтік қателерді автоматты түрде анықтап, оқытушыға талдау есебін дайындауы мүмкін. Екіншіден, басқару жүйесі деңгейінде колледждің ақпараттандыру саясаты тиімді жоспарланып, деректерді сандық өңдеуге негізделген аналитикалық шешімдер қабылдау мүмкіндігі артады. Бұл жағдай білім беру мекемесінің жалпы сапасын арттыруға және басқару мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Жасанды интеллект цифрлық трансформацияның негізгі қозғаушы күші ретінде білім беру кеңістігінде бірнеше артықшылықтарымен ерекшеленеді. Біріншіден, ол оқу материалын

студенттің деңгейіне сәйкес бейімдей алады. Бұл әсіресе арнайы пәндер бойынша күрделі тақырыптарды түсіндіруде маңызды, себебі әрбір студенттің қабылдау ерекшелігі мен танымдық қабілеті бірдей болмайды. Бір студент теориялық материалды тез меңгерсе, екіншісі практикалық жаттығулар арқылы жақсы игереді. Осындай жағдайда жасанды интеллект оқытудағы икемділікті қамтамасыз етіп, оқу материалының күрделілігін біртіндеп арттыру арқылы студенттің білімді меңгеру траекториясын қалыптастырады. Бұл тәсіл дәстүрлі оқытуда жиі кездесетін «барлығына бірдей әдіс» қағидасын алмастырып, әрбір білім алушыға жеке білім беру жолын ашуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, жасанды интеллект студенттердің оқу нәтижелерін үздіксіз қадағалап, олардың даму динамикасын көрсететін аналитикалық есептер береді. Мұндай деректер тек оқытушыға ғана емес, студенттің өзіне де маңызды, себебі ол өзінің әлсіз және мықты тұстарын нақты көре алады. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша жиі қателесетін студентке жасанды интеллект қосымша түсіндірме, бейнематериал немесе тәжірибелік тапсырмалар ұсынып, қателерді азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, мұндай жүйелер оқытушыға уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді: студенттің үлгерімін қолмен тексермей-ақ, жасанды интеллект ұсынған есеп-қисапты пайдалана отырып, нақты әдістемелік шешім қабылдай алады. Нәтижесінде оқытушы тек білім беруші ғана емес, студенттің жеке траекториясын басқаратын кеңесші рөлін атқарады.

Үшіншіден, жасанды интеллект білім беру мекемесінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету құралы бола алады, себебі ол плагиатты автоматты түрде анықтап, студенттердің өзіндік жұмысқа деген жауапкершілігін арттырады. Бұл тек формалды тексеріс емес, студенттерді шығармашылыққа баулудың, өз ойын дербес жеткізудің тиімді тетігі. Студент дайын ақпаратты көшіріп алуға емес, оны саралап, жаңа формада ұсынуға үйренеді. Сонымен қатар, жасанды интеллект жазба жұмыстарында логикалық сәйкессіздіктерді, тілдік қателерді түзетуге көмектесіп, білім алушыларды ғылыми стильде сауатты жазуға баулиды. Бұл жағдай болашақ мамандардың кәсіби этикасын қалыптастыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Төртіншіден, жасанды интеллекттің тағы бір артықшылығы – ол білім беру процесін қолжетімді әрі ашық етеді. Қашықтан оқыту форматында студенттер өз бетінше дайындалу үшін виртуалды көмекшімен жұмыс істей алады, ал бұл оқытушының қатысуынсыз да білім алуды жалғастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе пандемия сияқты күтпеген жағдайларда жасанды интеллект білім алудың үздіксіздігін қамтамасыз ететін сенімді құралға айналады. Одан бөлек, ол инклюзивті білім беруде ерекше қажеттіліктері бар студенттерге арнайы бейімделген тапсырмалар ұсынып, білім теңдігін сақтауға көмектеседі.

Ақпараттандыру саясаты колледждегі білім беру кеңістігінің барлық деңгейін қамтитын кешенді үдеріс болғандықтан, жасанды интеллекттің енгізілуі тек техникалық жаңашылдық қана емес, педагогикалық мәдениеттің өзгерісін де талап етеді. Мұғалімнің рөлі ақпарат берушіден білімді ұйымдастырушы мен бағыттаушыға ауысады. Бұл жағдайда оқытушы студентке дайын ақпаратты жеткізуші емес, оның жеке қабілеттерін ашуға ықпал ететін тәлімгер рөлін атқарады. Жасанды интеллект мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, оның әдістемелік қызметін толықтырып, тиімділігін арттырады.

Колледждегі цифрлық трансформация саясаты аясында жасанды интеллекттің қолданылуы студенттердің кәсіптік құзыреттерін дамытуға да зор үлес қосады. Бағдарламалық қамтамасыз ету, инженерлік технологиялар немесе экономика саласында білім алып жатқан студенттер жасанды интеллектпен жұмыс істеу дағдыларын меңгере отырып, болашақ кәсіби өмірінде заманауи еңбек нарығына бейімделе алады. Сонымен бірге, жасанды интеллектке негізделген құралдар студенттердің логикалық ойлауын, талдау қабілетін және креативтілігін дамытуға ықпал етеді.

Білім беру саласында жасанды интеллектті енгізу мәселесі тек техникалық немесе әдістемелік тұрғыдан емес, сонымен қатар этикалық және құқықтық тұрғыдан да қарастырылуы қажет. Ақпараттық қауіпсіздік, студенттердің жеке деректерін қорғау, жасанды интеллекттің шешім қабылдау алгоритмдерінің ашықтығы сияқты мәселелер – колледждің

ақпараттандыру саясатының басты бағыттарының бірі болуы тиіс. Тек осындай кешенді көзқарас қана жасанды интеллекттің білім беру кеңістігіндегі мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект пен цифрлық трансформация колледждегі ақпараттандыру саясатына түбегейлі ықпал етіп, білім беру процесін жаңа сапалық деңгейге көтеруде. Ол студенттің жеке оқу траекториясын қалыптастыруға, оқытушылардың әдістемелік іс-әрекетін жетілдіруге, басқару шешімдерін ғылыми негізде қабылдауға жағдай жасайды. Демек, жасанды интеллект – тек заманауи технологиялық құрал ғана емес, білім беру мәдениетінің, педагогикалық философияның және стратегиялық басқарудың жаңа парадигмасын айқындайтын құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Luckin R., Holmes W., Griffiths M., Forcier L.B. Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education. Pearson, 2016.
2. Selwyn N. Education and Technology: Key Issues and Debates. London: Bloomsbury, 2017.
3. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану туралы әдістемелік нұсқаулық. Астана, 2022.
5. Heffernan N., Heffernan C. The ASSISTments Ecosystem: Building a Platform that Brings Scientists and Teachers Together for Minimally Invasive Research on Human Learning and Teaching. International Journal of Artificial Intelligence in Education, 2014.

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ВЛИЯНИЕ НА ПОЛИТИКУ ИНФОРМАТИЗАЦИИ В ШКОЛЕ

***Аннотация.** Современное направление развития системы образования определяется комплексным использованием цифровых технологий и искусственного интеллекта. Особенно на уровне колледжей политика информатизации образования представляет собой процесс, требующий новых методических, организационных и технологических подходов. Внедрение искусственного интеллекта в образовательное пространство не только поднимает профессиональную деятельность преподавателей на новый качественный уровень, но и предоставляет возможность выстраивания индивидуальной образовательной траектории студентов. В данной статье с научно-публицистической точки зрения рассматриваются основные возможности искусственного интеллекта, его влияние на цифровую трансформацию, а также эффективные пути реализации политики информатизации на уровне колледжа. Кроме того, подробно раскрывается роль искусственного интеллекта в повышении качества знаний студентов, совершенствовании методической деятельности преподавателей и персонализации учебного процесса.*

***Ключевые слова:** искусственный интеллект, цифровая трансформация, политика информатизации, колледж, образование, цифровые технологии, методическая поддержка.*

Жармухамбетқызы Назерке
Арнайы пән оқытушысы
«М. Төлебаев атындағы музыка училищесі» КМҚК
Семей қаласы



ВОКАЛИСТІҢ КОНЦЕРТТІК ОРЫНДАУҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Вокал өнері – адамзат өркениетінің ежелден келе жатқан рухани құндылықтарының бірі. Өн айту – адамзаттың ішкі жан дүниесін, көңіл күйін, өмірлік тәжірибесін, мәдени мұрасын жеткізудің ең әсерлі тәсілі болып табылады. Өннің күші арқылы адам жүрегін тебірентіп, тыңдарманға рухани әсер ету мүмкіндігі ерекше. Осыған байланысты вокалдық өнер әрқашан да зерттеу нысаны болып келеді.

Кез келген орындаушы үшін сахнаға шығу үлкен сынақ екені белгілі. Өн айту тек техникалық тұрғыдан дайындықты ғана емес, сонымен бірге психологиялық дайындықты да қажет етеді. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, орындаушының сахнадағы жетістігі оның психологиялық жағдайына тікелей байланысты. Егер әнші өз-өзіне сенімді болса, ол шығарманы еркін әрі әсерлі жеткізеді, ал сенімсіздік болса, оның дауыс сапасына да, орындаушылық мәнеріне де кері әсер етеді.

Сахналық қобалжу феномені музыка психологиясында кеңінен зерттелген. Дэвид Кенни, Джон Слобода және басқа да ғалымдар концерт алдындағы қобалжу орындаушының физиологиялық және психологиялық күйіне күрделі әсер ететінін айтады. Артық толқу тыныс алудың жиілеуіне, дауыс діріліне, артикуляцияның нашарлауына, қимыл-қозғалыстың еркін болмауына әкеледі. Бұл факторлар орындаушының шығарманы толыққанды жеткізуіне кедергі келтіреді.

Сонымен бірге қобалжудың жағымды жағы да бар. Шамалы толқу орындаушыны жинақтайды, оның сахнадағы жауапкершілік сезімін арттырады, шығарманы шынайырақ жеткізуге ықпал етеді. Демек, мәселе қобалжуды мүлде жоюда емес, оны бақылауда ұстап, оң арнаға бұра білуде.

Қобалжуды жеңудің бірнеше әдістері бар. Біріншіден, дұрыс тыныс алу жаттығулары маңызды. Әсіресе диафрагмалық тыныс алу әншіге еркіндік береді, дауыс аппаратына күш түсірмейді, жүйке жүйесін тыныштандырады. Екіншіден, аутотренинг әдістерін қолдану тиімді. Өзін-өзі сендіру формулалары («Мен сенімдімін», «Мен әдемі орындаймын», «Мен шығарманы еркін жеткіземін») сахналық сенімділік қалыптастыруға көмектеседі. Үшіншіден, визуализация тәсілі де жақсы нәтиже береді: әнші сахналық жағдайды алдын ала елестетіп, өзін табысты орындаушы ретінде көреді. Мұндай психологиялық дайындық шынайы сахналық сенімділік қалыптастырады.

Психологиялық дайындықтың маңызды құрамдас бөлігі – эмоционалдық дайындық. Вокалдық өнер – сезім өнері. Өннің әуені мен мәтіні тыңдарманға эмоция арқылы жетеді. Егер орындаушы шығарманы тек техникалық тұрғыдан ғана жеткізсе, ол тыңдарманға әсер етпейді. Сондықтан әнші әрбір әннің мазмұнын жүрекпен сезініп, оның эмоционалдық мәнін ашуы керек. Бұл үшін вокалист әдебиетпен, поэзиямен, театр өнерімен тығыз байланыста болуы

қажет. Әдеби-көркем білім әншінің сахналық бейнесін байытады, эмоцияны еркін жеткізуге ықпал етеді.

Жас орындаушылар үшін педагогтың қолдауы шешуші рөл атқарады. Вокал мұғалімі тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен бірге психологиялық сенімділік қалыптастыруға да көңіл бөлуі керек. Шәкірттің әр жетістігін қолдап, әр қателігін дұрыс түсіндіру – оның шығармашылық дамуына ықпал етеді. Егер педагог тым қатал немесе шамадан тыс сыншыл болса, бұл студенттің сенімсіздігін арттырып, сахнадағы қобалжуды күшейтеді. Керісінше, жылы қарым-қатынас пен қолдау әншінің психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, вокалистің өздігінен психологиялық дайындық жүргізуі де аса маңызды. Әнші өзін-өзі бақылап, әрбір концерттен кейін тәжірибесін талдап отыруы қажет. Өзінің күшті және әлсіз жақтарын саралай отырып, ол болашақтағы орындауларын жақсарта алады. Өзін-өзі дамыту – кәсіби өсу мен шығармашылық еркіндіктің кепілі.

Сахна мәдениеті де психологиялық дайындықпен тығыз байланысты. Әнші сахнада өзін ұстау мәнеріне, қимыл-қозғалысына, киім үлгісіне мән беруі тиіс. Бұл тыңдарманға әсер ету құралы ғана емес, сонымен бірге орындаушының өзіне сенімділігін арттыратын фактор. Көрерменнің алғашқы әсері көбіне сахналық бейнеден қалыптасады. Сондықтан сахналық мәдениет пен психологиялық дайындық қатар дамуы тиіс.

Қорытындылай келгенде, вокалистің концерттік орындауға психологиялық дайындығы – оның кәсіби шеберлігінің негізгі құрамдас бөлігі. Техникалық тұрғыдан мықты дайындалған орындаушы егер психологиялық тұрақтылығы болмаса, сахнада толыққанды нәтиже көрсете алмайды. Ал керісінше, психологиялық тұрғыдан сенімді, эмоционалды еркін әнші өзінің шынайы өнерін паш етіп, тыңдарман жүрегін баурай алады.

Сондықтан вокал өнерімен айналысатын әрбір орындаушыға психологиялық дайындыққа жүйелі түрде көңіл бөлу ұсынылады. Бұл тек жеке әдістерді қолданумен шектелмей, педагогикалық қолдау, өзін-өзі дамыту, эмоционалды жетілу, сахналық мәдениет қалыптастыру сияқты кешенді жұмыстарды қамтуы тиіс. Осылайша, психологиялық дайындық вокалдық өнердің сапасын арттырып қана қоймай, орындаушының тұлғалық дамуына да ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айзенк Г. Ю. Психология искусства. – М.: Прогресс, 1996.
2. Выготский Л. С. Психология искусства. – М.: Искусство, 1997.
3. Кабалевский Д. Б. Музыканың тәрбиелік мәні. – Алматы: Мектеп, 2005.
4. Коган Г. Музыканттың сахналық өнері. – М.: Музыка, 1981.
5. Немов Р. С. Психология. В 3 т. – М.: Просвещение, 2003.
6. Сейсенбаева А. Ж. Музыкалық-педагогикалық психология негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.
7. Хрестоматия по музыкальной психологии / Под ред. В. Н. Холоповой. – М.: Музыка, 2002.
8. Шип С. Психология музыкальной деятельности. – М.: Музыка, 2006.
9. Якупова М. С. Жас өнерпаздың сахна мәдениеті. – Алматы: Өнер, 2018.
10. Lehmann A. C., Sloboda J. A., Woody R. H. Psychology for Musicians: Understanding and Acquiring the Skills. – Oxford: Oxford University Press, 2007.
11. Kenny, D. T. The Psychology of Music Performance Anxiety. – Oxford: Oxford University Press, 2011.
12. Davidson J. W. The Social Psychology of Music Performance. – Cambridge: Cambridge University Press, 2016.

Берегенова Айдана Берегенқызы

Тәрбиеші

"Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің
"Б.Аманшин атындағы қазақ орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒА НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың көпмәдениетті тұлғасын қалыптастырудағы шығармашылық іс-әрекеттің рөлі қарастырылады. Автор ұлттық мәдениеттің элементтері мен дәстүрлерін сақтау мен дамытудың жолы ретінде көркемдік және қолданбалы өнерді, оның ішінде сурет салу, модельдеу, қолдану, музыка, драма секілді бағыттарды атап өтеді. Мақалада әртүрлі халықтардың ұлттық ерекшеліктерін таныстыру арқылы балалардың толерантты қарым-қатынасын дамытуға бағытталған нақты педагогикалық әдістер мен тәсілдер сипатталады. Сонымен қатар, балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін, эстетикалық талғамын, зияткерлік және мәдени деңгейін арттырудың маңыздылығы ашып көрсетілген.

***Түйінді сөздер:** көпмәдениетті тәрбие, мектеп жасына дейінгі балалар, шығармашылық іс-әрекет, сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық мәдениет, толеранттылық, драма, бейнелеу өнері, этнопедагогика, ата-ана мен бала қарым-қатынасы*

Көп мәдениетті тәрбие қазіргі заманғы қоғамды жаңғырту ортасында ұлттық мәдениеттердің алуан түрлілігіне әсер етеді. Бұл өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудағы құндылықтарды қамтитын этникалық мәдениеттерді сақтау мен дамытудың элементі және сол арқылы педагогикадағы өзекті мәселелерді шешеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың көп мәдениетті тұлғасының негіздерін қалыптастыруда драма, модельдеу, қолдану, сурет салу, музыка сияқты шығармашылық іс-әрекеттің маңызы зор. Шығармашылық сабақтар балаларға білім қуанышын сыйлайды. Шығармашылық процесінде бала өзінің суреттерінде, қосымшаларында, қолөнерінде білген, көрген, бастан кешкен нәрселерін білдіруге тырысады.

Модельдеу, қолдану және сурет салу – бұл бейнелеу қызметінің түрлері, олардың негізгі мақсаты шындықтың бейнелі көрінісі болып табылады. Баланың бейнелеу қабілетін игеруі үшін оны мақсатты визуалды қабылдау – байқауға үйрету керек. Шынында да, қандай-да бір затты салу немесе мүсіндеу үшін алдымен онымен танысып, оның пішінін, өлшемін, түсін, бөліктердің орналасу құрылымын есте сақтау керек. Тәрбиеші баланың өзі үшін ғана емес, айналасындағылар үшін де сурет салатындығын, мүсіндейтінін, саусақтарын салатындығын ескеруі керек, ол оның суретін бағалағанын және онда бейнеленген эпизодты бәрі түсінгенін қалайды. Осыған байланысты ағымдағы міндеттерді жүзеге асыра отырып, ойын қызметінің кешенін (модельдеу, аппликация, сурет салу, оригами) қамтитын оқу- тәрбие жұмысына енгізілді: Коммуникативтік және шығармашылық қызмет арқылы ұлттық толеранттылықты қалыптастыру. Балаларды Қазақстан халықтарының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге үйрету. Балаларды коммуникативті және шығармашылық іс- әрекетте әртүрлі халықтардың ұлттық мәдениетінің сипаттамалық элементтерінің айырмашылығына және берілуіне үйрету.

Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- әр түрлі халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне және әдет-ғұрыптарына қызығушылықты ояту;
- белгілі бір халықтың бейнелеу өнері туралы білімдерін кеңейту;

- басқа халықтардың көркем шығармашылығына қызығушылықты ояту;
- балалардың әртүрлі ұлт адамдарына деген толерантты қарым-қатынасын тәрбиелеу;
- балаларды әртүрлі ұлт өкілдерімен таныстыру;
- балаларды әртүрлі халықтардың костюмдерімен таныстыру.

Шығармашылық іс-әрекет арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың көп мәдениетті тұлғасының негіздерін қалыптастыру үшін біз ерекше материалдар мен ерекше техниканы қолдана отырып, халықтық қолданбалы өнер объектілерін қолданамыз, бұл балаларға ұмытылмас жағымды эмоцияларды сезінуге мүмкіндік береді. Балалар көретін сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары олардың алдында халық мәдениетінің байлығын ашады, оларға ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді игеруге көмектеседі, сұлулықты түсінуге және сүйуге үйретеді. Халықтық сәндік-қолданбалы өнер баланы заттар мен бейнелердің бай әлеміне енгізеді. Бұл жанды эмоционалды реакцияны тудырады және балалардың шығармашылық белсенділігін белсендіреді, суретте немесе қосымшада көргендерін өз бетімен көрсетуге деген ұмтылысты оятады. Сондай-ақ, өнердің бұл түрі Мектеп жасына дейінгі баланың көп мәдениетті тұлғасын қалыптастыруға, өз халқының өнеріне және басқа халықтардың ұлттық мәдениетіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті тәрбиелеуге ықпал етеді, соның негізінде достық сезімдер мен қатынастар дамиды. Осы бағытта мақсатты жұмысты жүзеге асыру үшін мұғалім әр түрлі қолөнердің даму тарихын егжей - тегжейлі білуі керек, әдістер мен әдістерді таңдап, даму ортасын ұйымдастыру бойынша жұмыс жасауы керек; әр түрлі түрлердің болуын қамтамасыз ететін шығармашылыққа арналған материалды таңдау керек (маталар, қамыр, пластилин, бояулар, түрлі түсті және сапалы қағаз, бұйымдардың силуэттері мен шаблондары), әр түрлі иллюстрациялық материалдар, сәндік - қолданбалы өнердің шынайы бұйымдарын, дағдыларды қалыптастыру үшін плакат модельдерін сатып алу. Бұл жағдайда ойын қызметінің әр түрлі формаларын қолдану қажет:

- ойын кейіпкерінің қатысуы, сәлемдеме немесе хат, өзінің қолөнерімен әлемге әйгілі елдерге, қалаларға, ауылдарға, ауылдарға саяхат;

- ертегіге экскурсиялар;

- шебер суретшілерге, мүсіншілерге, кесте тігушілерге, тігіншілерге, тоқушыларға айналдыру. Формалардың кезектесуінің симметриясы мен ырғағы, халық өнерінің ою-өрнектерінің белгілі бір түстері тартады, мектеп жасына дейінгі балалардың көргендерін ашық түстермен көбейтуге деген ұмтылысын тудырады. Салыстырмалы әдіс әдістерінің арқасында балалар қазақ ою - өрнегінде батырлар да, қой мүйіздері де, қызғалдақтар да; орыс халқының ою - өрнегінде-құстар, гүлдер, аңдар; украин- кресттер мен геометриялық фигуралар; ал өзбек ою-өрнегінде өсімдік өрнектері және т. б. қолданылатынын біледі. Мұндай ойын сабақтарында балалар ұлттық киім, аяқ киім және тұрмыстық заттарға тән белгілермен танысады. Балалар киім – кешектерді: қазақ халқының камзолын, орыс халқының сарафанын, өзбек халқының шапанын, қырғыз халқының бишпетін, жапон халқының кимоносын; бас киімдерден-тәжік халқының тақиясы, белорус халқының қалпағы, еврей халқының кипасы, орыс халқының кокошникін, кавказ халқының папасын және т. б. ажырата және атай үйренеді. Зерделеу барысында балалар елдердің сәулетті көрікті жерлерін ажыратады: Қазақстандық "Бәйтерек", ресейлік "Кремль", француздық "Эйфель мұнарасы", итальяндық "Пезан мұнарасы", ағылшын алыптары - "Биг Бен" сағаттары және т.б.

Сәндік - қолданбалы өнер туындыларын көркем сөздермен, питомниктер, әзілдер, частушкалар, мақал-мәтелдер, халық музыкасы мен әндермен бірге қарау керек. Ойын сабақтарын, жағдайларды әр түрлі ұйымдастыру, әртүрлі педагогикалық әдістер мен әдістерді, көркем сөздерді, музыканы қолдану – мұның бәрі балаларға ерекше өнер әлеміне еруге, әртүрлі халықтар мен ұлттардың көркем мәдениетіне қосылуға мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін драманың рөлі ерекше: сөйлеу әрекеті, эмоционалды сала, психологиялық процестер. Бұл бағытта әр түрлі халықтардың ертегілерін, балалар ақындары мен жазушыларын; әр түрлі қызмет түрлерін (ойын, театрландыру, этюдтер, жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар және т.б.)

пайдалануға көп көңіл бөлінеді. Тәжірибе көрсеткендей, шығармашылыққа белсенділікпен кірісу балалардың ой-өрісін байытады. Басқа халықтардың мәдениетін біле отырып, бала жағымды эмоцияларды сезінеді, соның негізінде терең қуаныш, таңдану, ләззат сезімдері пайда болады, бейнелі идеялар қалыптасады. Барлық бұл туғызады, балалардың талпынысы есте сақтау мен айтып беру сол заттар, оларға ұнады, жанданады және дамиды, белсенділігі қалыптасады, эстетикалық сезімін, дамып, көркем дәмі. Балалар зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады. Балабақша мен отбасының бірлескен күшімен жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Біз балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық көрмелерін ұйымдастырамыз, ата-аналар жиналыстарында, жеке әңгімелерде, консультацияларда ақпарат береміз.

Ата-аналар шеберлік сабақтарына, костюмдер жасауға және қол жұмыстарын, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен заттарын ұсынуға қатысады.

Осылайша, балаларды шығармашылық қызмет арқылы әлемнің әртүрлі халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерімен таныстыру қажет. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауын, қиялын, бейнелі ойлауын дамытуға ықпал етеді, әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдерімен ынтымақтастық, толерантты қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастырады және күтілетін нәтижелерге қол жеткізеді.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абакумова И.В., Ермаков Н.П. О становлении толерантной личности в поликультурном образовании / Вопр. психол. 2003. №3. с. 78-82.
2. Актуальные вопросы этнопсихологической подготовки педагога. Оқу құралы, 2004

Саргулова Асемгуль Айтбаевна
Бастауыш сынып мұғалімі
«№2 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ (ЖИ АРҚЫЛЫ СЫНИ ОЙЛАУ, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖЕТІЛДІРУ)

Аннотация.

Мақалада заманауи білім беру үдерісінде оқушылардың дағдыларын дамыту мәселесі қарастырылады. Әсіресе жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру, функционалдық сауаттылық пен цифрлық сауаттылықты жетілдіру жолдары талданады. Жаңа технологиялардың білім беру саласына енуі дәстүрлі педагогикалық тәсілдермен үйлестіріле отырып, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететіні айқындалады. Мақалада сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты талдау, практикалық жағдайда қолдана білу, сандық құралдарды тиімді пайдалану дағдылары білім алушылардың болашақтағы кәсіби және әлеуметтік өміріне қажетті базалық құзыреттер ретінде қарастырылған. Жасанды интеллекттің педагогикалық әлеуеті мен шектеулері сараланып, мұғалім рөлінің өзгеруі, оның оқыту үдерісіндегі жаңа міндеттері нақты мысалдармен түсіндіріледі.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, сыни ойлау, функционалдық сауаттылық, цифрлық сауаттылық, білім беру, педагогикалық инновация.

Бүгінгі таңда әлемдік білім беру кеңістігі терең өзгерістерге ұшырап отыр. Жаһандану жағдайында оқушыға тек қана білім беру жеткіліксіз, оған өмір бойы өз бетінше үйренуге, ақпаратты талдауға, дұрыс шешім қабылдауға, жаңа технологияларды игеруге қабілетті тұлға ретінде қалыптасу қажет. Осындай жағдайда жасанды интеллектке негізделген технологиялардың мектептегі оқу-тәрбие процесіне енуі заңды құбылыс болып отыр. Бұл құбылыстың мәні – оқыту сапасын арттыру ғана емес, сонымен бірге оқушылардың бойында ХХІ ғасырдың басты дағдыларын: сыни ойлауды, функционалдық және цифрлық сауаттылықты дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашу.

Сыни ойлау – тек ой қорыту қабілеті емес, ол әлемді саналы қабылдаудың, әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстырып, тексеріп, логикалық тұрғыдан бағалаудың негізі. Дәстүрлі сабақта мұғалім оқушыға дайын ақпарат береді, ал оқушы оны меңгеруге тырысады. Ал жасанды интеллект құралдары бұл үрдісті түбегейлі өзгертіп отыр. Енді оқушыға дайын жауап емес, мәселені шешудің әртүрлі жолдарын көрсетуге, ақпаратты сұрыптауға, оны логикалық өңдеуге мүмкіндік беріледі. Мәселен, қазақ тілі сабағында мәтінді талдау кезінде жасанды интеллект оқушыға әртүрлі түсіндірме беріп, баламалы жауаптарды ұсына алады, ал оқушы солардың ішінен ең қисындысын таңдауға дағдыланады. Бұл оның сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға үлкен серпін береді.

Сонымен қатар, жасанды интеллекттің ең басты артықшылықтарының бірі – оқушыны ойлануға мәжбүрлеуі. Әдетте дайын ақпаратқа сүйеніп келген оқушы мұндай жағдайда пікірталас жүргізуге, өз көзқарасын негіздеуге, деректердің шынайылығын тексеруге тырысады. Мысалы, ЖИ-дың бір тақырып бойынша әртүрлі көзқарасты ұсынуы оқушының ойлау көкжиегін кеңейтіп, оған біржақты қарауға жол бермейді. Бұл үрдіс оқушылардың ақпараттық мәдениетін арттырып қана қоймай, жалған ақпарат пен шынайы деректерді ажыратуға, өз көзқарасын дәлелдеуге бейімдейді. Нәтижесінде, оқушылардың танымдық белсенділігі күшейіп, олар өз бетімен ізденуге ынталанады.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі мәні – оқушы алған білімін өмірлік жағдайларда тиімді қолдана білуінде. Жасанды интеллект технологиялары бұл үдерісті жеңілдетіп, түрлі симуляциялық тапсырмалар мен өмірге жақын жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, әдебиет сабағында оқушыға белгілі бір кейіпкердің көзқарасымен эссе жаздыру, немесе қазақ тілі сабағында нақты өмірлік жағдаяттарға сәйкес диалог құрату арқылы оның функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. Бұл жерде ЖИ тек көмекші құрал емес, ол мұғалімнің әдістемелік шеберлігімен үйлескенде ғана тиімді нәтиже береді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда ЖИ құралдары оқушыны түрлі кәсіби және тұрмыстық жағдаяттарға дайындайды. Мысалы, электронды пошта жазу, ресми құжат толтыру, интернеттен ақпарат іздеу сияқты күнделікті дағдыларды меңгеруге жасанды интеллект жәрдемдесе алады. Мұндай тапсырмалар оқушыларды өмірге жақын жағдайларда әрекет етуге үйретеді, оларды болашақ мамандығына бейімдейді. Сонымен бірге, оқушыға ұсынылған интерактивті тапсырмалар оның өзіне деген сенімін нығайтып, білімді тек теориялық тұрғыда емес, практикалық тұрғыда да қолдана білу қабілетін дамытады.

Цифрлық сауаттылық – заманауи қоғамда табысты өмір сүрудің басты шарттарының бірі. Бүгінгі оқушы смартфон мен компьютерді күнделікті өмірде пайдаланады, бірақ олардың мүмкіндігін білім алу мақсатында толыққанды қолдана бермейді. Мұғалім жасанды интеллект құралдарын сабақта жүйелі пайдалану арқылы оқушыларды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мақсатты түрде қолдануға баулиды. Мәселен, арнайы тіл үйрету қосымшалары арқылы оқушы өз сөздік қорын байыта алады, ал мәтінді автоматты талдау бағдарламалары оның грамматикалық қателерін көрсетіп, нақты ұсыныстар береді. Бұл үдеріс оқушыны тек тұтынушы ғана емес, саналы қолданушы, тіпті кей жағдайда жасанды интеллектпен серіктес ретінде әрекет етуге бейімдейді.

Сонымен қатар, цифрлық сауаттылық оқушылардың кибермәдениетін қалыптастыруды да қамтиды. Жасанды интеллект оқушыларды интернеттегі қауіп-қатерлерден сақтандыруға, жеке деректерді қорғауға, ақпаратты дұрыс пайдалануға үйрететін түрлі тренингтер мен симуляциялар ұсына алады. Бұл арқылы оқушылар тек техникалық тұрғыдан емес, этикалық тұрғыдан да саналы пайдаланушыға айналады. ЖИ негізінде жасалған тапсырмалар арқылы олар жалған ақпаратты тануды, медиамәтіндерді саралауды, интернеттегі сындарлы қарым-қатынас жүргізуді үйренеді. Мұндай тәжірибе олардың болашақтағы кәсіби және әлеуметтік өмірінде үлкен рөл атқарады.

Сонымен қатар жасанды интеллект мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертпейді, керісінше оның кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мұғалім оқыту мазмұнын құрастырушы, оқушыны дұрыс бағыттаушы, оқу процесін үйлестіруші рөлінде қалады. Ал ЖИ көмекші құрал ретінде оқу материалдарын жекелендіру, бағалау, талдау, статистикалық мәліметтер ұсыну сияқты міндеттерді атқарады. Бұл мұғалімге әрбір оқушының деңгейіне сай тапсырма құруға, сыныптағы оқушылардың жалпы жетістігін сараптауға уақыт үнемдеуге жағдай жасайды.

Әрине, жасанды интеллекттің білім берудегі мүмкіндіктерімен қатар, белгілі бір шектеулері де бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Ең алдымен, ол мұғалімнің шығармашылық қызметін алмастыра алмайды. ЖИ алгоритмдері белгілі бір үлгілерге сүйенеді, ал оқушының тұлғалық ерекшелігі, оның эмоционалдық дамуы, ұлттық-мәдени құндылықтарды игеруі тек мұғалімнің тікелей ықпалымен жүзеге асады. Сондықтан ЖИ қолдану – мақсат емес, құрал. Оны сауатты пайдалану үшін мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі жоғары болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне енуі оқушылардың дағдыларын дамытуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ол сыни ойлауды жетілдіруде, функционалдық сауаттылықты арттыруда, цифрлық сауаттылықты нығайтуда қуатты құрал бола алады. Алайда бұл үдеріс мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, әдістемелік ізденісіне, педагогикалық құндылықтарға сүйенгенде ғана нәтижелі болмақ. Жаңа технологиялар дәстүрлі білім беру тәжірибесін толықтыра отырып, оқушыны жан-жақты дамытудың тиімді жолдарын ұсынады. Сондықтан қазіргі мектептің басты міндеті – оқушыларды ХХІ ғасырдың дағдыларымен қаруландыруда жасанды интеллект мүмкіндіктерін орнымен, сындарлы және жүйелі пайдалану.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. OECD. Future of Education and Skills 2030: OECD Learning Compass. – Paris: OECD Publishing, 2019.
2. Trilling, B., Fadel, C. 21st Century Skills: Learning for Life in Our Times. – San Francisco: Jossey-Bass, 2009.
3. Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., Forcier, L. B. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – London: Pearson, 2016.
4. Voogt, J., Roblin, N. P. A Comparative Analysis of International Frameworks for 21st Century Competences: Implications for National Curriculum Policies. – Journal of Curriculum Studies, 2012.
5. Fullan, M., Langworthy, M. A Rich Seam: How New Pedagogies Find Deep Learning. – London: Pearson, 2014.

Амирбекова Гулбану Сайыновна

Информатика пәні мұғалімі

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
"№ 21 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі



ВЕБ-БЕТ ЖАСАУ НЕГІЗДЕРІ (HTML/CSS)

***Аннотация.** Мақалада мектептегі информатика пәнінде «Веб-бет жасау негіздері (HTML/CSS)» тақырыбын оқытудың ғылыми-әдістемелік және педагогикалық қырлары қарастырылады. HTML мен CSS тілдерін меңгерудің оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы, логикалық ойлауын жетілдірудегі және цифрлық құзыреттерін қалыптастырудағы рөлі жан-жақты талданады. Сонымен қатар пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы маңызы, мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен оқушылардың жеке бастамасын қолдаудың қажеттілігі атап өтіледі. Мақалада веб-бет жасауды оқытудың білім беру процесіндегі инновациялық маңызы мен практикалық тиімділігі ашылады.*

***Кілт сөздер:** веб-бет, HTML, CSS, информатика, мектеп, әдістемелік құрал, цифрлық құзырет, шығармашылық, білім беру.*

Веб-технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесінде жаңа мүмкіндіктер мен жаңа талаптарды қалыптастыруда. Қазіргі мектеп жағдайында информатика пәнін оқыту тек бағдарламалау негіздерін немесе қарапайым ақпараттық сауаттылықты қалыптастырумен шектелмей, оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту, оларды болашақ кәсіби қызметінде қажетті цифрлық құзыреттерге бейімдеу бағытын ұстануы қажет. Соның ішінде веб-бет жасау негіздері — HTML мен CSS тілдерін меңгеру — оқушылардың тек техникалық машығын ғана жетілдіріп қоймай, олардың шығармашылық қабілетін арттыруға, логикалық ойлауын дамытуға және цифрлық ортада өзін еркін сезінуіне ықпал ететін маңызды құрал болып отыр. Әсіресе ХХІ ғасырдың еңбек нарығында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мамандарына сұраныстың артуы мектеп қабырғасында веб-технология негіздерін үйретудің өзектілігін дәлелдей түседі.

Веб-бет жасауды үйретудің педагогикалық маңызы зор. Оқушылар HTML тілінің тегтерін пайдалана отырып, құрылымдық ойлау қабілетін дамытады, мәтіндік ақпаратты жүйелеуді, оны логикалық блоктарға бөлуді үйренеді. Ал CSS арқылы олар осы құрылымды эстетикалық тұрғыдан әдемі безендіруге, түстер үйлесімділігін таңдауға, шрифттердің мәнерін өзгертуге және веб-бетті қолданушыға ыңғайлы етуге машықтанады. Мұндай тәжірибелер оқушылардың ақпараттық объектілермен жұмыс жасау дағдысын арттырып қана қоймай, эстетикалық талғамын қалыптастырады. Бүгінгі білім беру жүйесінде мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес, бағыт-бағдар беруші, оқушының шығармашылығын ашушы тұлға болуы тиіс. Осы тұрғыдан веб-бет жасау негіздерін оқыту оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, жеке жобалар орындауға мүмкіндік береді.

HTML мен CSS тілдерін меңгеру барысында оқушылар тек кодты жаттап қана қоймай, ақпараттық объектілерді жүйелеудің логикасын түсіне бастайды, бұл олардың аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіреді. Әр тегтің қызметін ажыратып, оны тиісті орынға қолдану арқылы бала ақпаратты иерархиялық құрылымда бейнелеуді үйренеді, яғни кез келген мәтіндік немесе визуалды мәліметтің белгілі бір тәртіппен орналасуы керектігін санасында қалыптастырады. Бұл тәжірибе оқушыны болашақта күрделі жобалармен айналысуға дайындап, үлкен көлемдегі ақпаратты басқару дағдысын дамытады. Сонымен қатар CSS көмегімен элементтердің орналасуын, өлшемін, түстік үйлесімін өзгерту барысында оқушылар эстетикалық талғамын қалыптастырып, интерфейстің қолданушыға ыңғайлы болуы үшін қандай қағидаларды сақтау керектігін түсіне бастайды. Бұл дағдылардың барлығы жас ұрпақтың тек болашақ бағдарламашы ретінде емес, жалпы цифрлық ортада сауатты маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді, себебі кез келген салада ақпаратты дұрыс ұйымдастыру мен оны тартымды түрде ұсыну бәсекеге қабілеттіліктің негізгі шарттарының бірі болып отыр.

Сонымен қатар веб-бет жасауды үйрету оқушылардың пәнаралық байланысын дамытады. Мысалы, әдебиет сабағында талданған шығарманы HTML арқылы цифрлық форматта безендіріп, CSS көмегімен оны эстетикалық тұрғыда көркемдеп ұсынуға болады. География сабағында оқушылар карталарды интерактивті етіп көрсетуге, тарих сабағында хронологиялық кестелерді веб-бетке орналастыруға мүмкіндік алады. Осылайша, информатика сабағында меңгерілген веб-технологиялар басқа пәндерде алған білімді жаңа деңгейде көрсетуге жағдай жасайды. Бұл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Қазіргі таңда жасанды интеллект пен цифрлық білім беру ресурстары веб-бет жасауды үйретуде маңызды көмекші құралға айналып отыр. Әртүрлі онлайн платформалар мен интерактивті ортада оқушылар HTML мен CSS-ті тәжірибе жүзінде қолданып, бірден нәтиже көре алады. Мұғалім үшін мұндай платформалар оқушылардың қателіктерін түзетуге, олардың прогресін бақылауға және жеке бағыт беруіне септігін тигізеді. Сонымен қатар интернеттегі ашық кодтар, дайын шаблондар мен дизайн үлгілері оқушыларды шығармашылық ізденіске жетелейді. Бұл білім алушыны тек дайын ақпаратты тұтынушы емес, жаңа өнімнің жасаушысы ретінде қалыптастырады.

Алайда мектеп жағдайында веб-бет жасауды оқыту барысында белгілі бір қиындықтар да туындайды. Мәселен, барлық оқушының техникалық базасы немесе компьютерлік сауаттылығы бірдей болмайды, кейбіреулері үшін кодпен жұмыс істеу күрделі көрінуі мүмкін. Мұндайда мұғалімнің әдістемелік шеберлігі айрықша мәнге ие болады. Мұғалім оқушыларды біртіндеп қарапайымнан күрделіге жетелеп, нақты мысалдармен, тәжірибелік тапсырмалармен қолдап отырса, оқушылардың барлығы дерлік HTML мен CSS-тің негізгі қағидаларын меңгере алады. Осы тұрғыдан алғанда, сабақта жобалық әдісті қолдану тиімді. Әр оқушыға шағын веб-бет жасауға тапсырма беру олардың теориялық білімін практикада қолдануына мүмкіндік береді.

Веб-бет жасауға үйрету барысында оқушылардың шығармашылық еркіндігі мен жеке бастамасын қолдау да маңызды. Егер мұғалім тек нақты бір тапсырманы орындауды талап етсе, оқушының қызығушылығы шектеліп қалуы мүмкін. Ал егер ол оқушыға өз идеясын жүзеге асыруға еркіндік берсе, оқушы шығармашылық белсенділік танытады, өзінің даралығын көрсетеді. Мұндай жағдайда оқушы веб-бет жасау процесін тек сабақтың міндеті ретінде ғана емес, өзінің жеке қызығушылығы ретінде қабылдайды. Бұл білімнің өмірлік мәнге ие болуына ықпал етеді.

Осы айтылғандардың барлығы мектепте информатика пәні мұғалімдерінің веб-бет жасау негіздерін оқытудағы әдістемелік шеберлігін дамытудың өзектілігін көрсетеді. Әлемдік тәжірибеде бағдарламалау негіздерін ерте жастан оқытуға ерекше назар аударылып келеді. Себебі бағдарламалық ойлау дағдыларын қалыптастыру XXI ғасыр адамы үшін басты құзыреттердің бірі болып табылады. Демек, HTML мен CSS-ті үйрету мектеп информатикасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, оған әдістемелік тұрғыда жүйелі қолдау қажет.

Мектепте веб-бет жасауға оқыту тек кәсіби бағдар берудің алғашқы қадамы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың цифрлық ортадағы сыни ойлау қабілетін дамытуға, ақпаратты сараптап қабылдауға, оны өз қажеттілігіне сай түрлендіруге үйретеді. Осы арқылы оқушылар тек пайдаланушы емес, жаңа білім мен өнімнің авторы ретінде қалыптасады. Бұл өз кезегінде жас ұрпақты ақпараттық қоғамға толыққанды бейімдеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөрібаев Б., Әбдіғаппар Ж. *Информатика: әдістемелік нұсқаулар*. Алматы: Қазақ университеті, 2021.
2. UNESCO. *ICT Competency Framework for Teachers*. Paris: UNESCO Publishing, 2018.
3. Resnick, M. *Lifelong Kindergarten: Cultivating Creativity through Projects, Passion, Peers, and Play*. MIT Press, 2017.

Елжанова Кымбат Бекбулатовна

Информатика пәні мұғалімі

Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің “№15 жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесі



ОҚУШЫЛАРДЫ ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ҰБТ-ГЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Мақалада оқушыларды информатика пәнінен Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) дайындаудың тиімді жолдары қарастырылады. ҰБТ – білім сапасын бағалаудың негізгі тетігі ретінде білім беру үдерісін жетілдіруге ықпал ететін құрал екендігі талданады. Жүйелі дайындықтың маңыздылығы, оқу процесіне мониторинг жүргізудің қажеттілігі, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, білім олқылықтарын түзету әдістері көрсетіледі. Сонымен қатар, тест тапсырмаларымен жұмыс істеудің түрлі формалары, қашықтықтан оқыту ресурстарын пайдалану, психологиялық қолдау көрсету және пән мұғалімдері мен ата-аналардың өзара әрекеттестігі арқылы тиімді нәтиже алуға болатындығы айқындалады. Автор оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда пәнді терең меңгерту, тест технологияларын дұрыс қолдану, білімді жүйелеу мен жалпылаудың рөлін ерекше атап өтеді.

Кілт сөздер: ҰБТ, информатика, дайындық жолдары, тест технологиясы, білім сапасы, мониторинг, оқушыларды қолдау, педагогикалық әдістер.

Қазақстанда 2004 жылдан бастап жалпы білім беретін мектеп бітірушілерінің білім сапасын бағалау мақсатында Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) түрінде тәуелсіз сыртқы бақылау қолданылады. ҰБТ сыртқы бағалау рәсімі ретінде білім сапасын басқару үдерісінің

тиімділігін арттыруға кең мүмкіндіктер береді. Орта білім беру орындарының ұстаздары «Оқушыларды ұлттық бірыңғай тестілеуге қалай тиімді дайындауға болады?» деген сұраққа үнемі жауап іздейді. Бұл мәселе оқу процесінің барлық қатысушыларын: мұғалімдерді, ата-аналарды, оқушыларды алаңдатады.

Мектепте жүргізілетін жүйелі жұмыстар ғана белгілі нәтиже бере алады. Мектепте пән мұғалімдерінің, бүкіл педагогикалық ұжымның жүйелі жұмысы оң нәтиже беруде. Нәтиже өздігінен келмейді. Олардың алдында оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының – білім алушылардың, ата-аналар мен мұғалімдердің ұзақ, тынымсыз еңбегі тұрады. «Балық берме, қармақ бер» дегендей, оқушылар үшін де солай - тамаша тәртіпке қол жеткізе аламыз, оларды оқуға мәжбүрлей аламыз, бірақ білімді игеру балалардың қызығушылықтарын ояпай мүмкін болмас. Балаларды ойлауға, ашуға, ойлап табуға үйрету үшін мұғалімнің өзі көп нәрсені ойлап табуы, ашуы, оқушыларды дайындаудың белгілі бір әдісін әзірлеуі керек.

Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау процесінде оқушылардың ҰБТ нысаны мен материалдары бойынша өтетін пәндер бойынша дайындық сапасын бақылауға ерекше көңіл бөлінеді. Сапа мониторингі жүйелі және жан-жақты болуы керек. Ол келесі параметрлерді: ҰБТ нысанында оқушылар таңдаған пәндер бойынша ағымдағы бағалардың мониторингін, бақылау жұмыстары бойынша, өзіндік жұмыс бойынша бағаларды, мектепшілік ҰБТ сынақ нәтижелерді қамтуы керек. Бұл жұмысты ҰБТ сұрақтары бойынша директордың орынбасары, пән мұғалімдері жүргізіп, талдап, әкімшілік жиналыстарда талқылауға шығарып, ата-аналардың назарына ұсынады. Мониторинг білім алушыларды жақсы дайындауға және ҰБТ бітіру кезіндегі бағаларды болжауға мүмкіндік береді.

ҰБТ-ға нәтижелі дайындық білім беру саласында перспективалық нысандарды, әдістерді, оқу-әдістемелік құралдарды пайдалану жағдайында мүмкін болады. ҰБТ-ның негізгі мақсаты – түлектердің дайындық деңгейі мен сапасын объективті бағалау. Алынған ақпарат бітіруші түлектерді дайындаудың әртүрлі аспектілерін талдауға және осы негізде пәннің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Білім алушылардың ҰБТ нысанындағы қорытынды аттестацияға дайындық сапасын арттыру жөніндегі іс-шаралар жүйесі келесі қызмет бағыттарын қамтиды:

- Әкімшіліктің пән мұғалімдерінің сабақтарына баруы, әдістемелік көмек;
- Мектеп әдістемелік бірлестіктерінің жұмыс жоспарларына ҰБТ-ға, қосымша семинарларға, біліктілікті арттыру курстарына дайындық мәселелерін енгізу;
- Оқушылар үшін пән мұғалімдерімен жеке консультациялар;
- ҰБТ-ға дайындалу үшін қашықтықтан оқыту ресурстарын тарту;
- Негізгі оқыту бағдарламасын кеңейтетін элективті курстардың кең ауқымы;
- Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, кеңес беру, ҰБТ-ға дайындықтың жеке стратегияларын әзірлеу;
- Қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ны дайындау және өткізу тәртібі туралы ата-аналар мен оқушыларды ақпараттандыру бойынша ата-аналар жиналысы;
- Оқу пәндері бойынша сынақ емтихандарын, оқыту және тексеру сынақтарын өткізу және олардың нәтижелерін мұғалімдер кеңесінде талқылау;
- ҰБТ бойынша сынақ турларын өткізу (мектеп және аудан);
- Сынақ турларының қорытындысы бойынша оқушыларды ҰБТ-ға дайындау ережелері бойынша пән мұғалімдерімен кездесулер өткізу;
- Олқылықтардың типологиясын анықтау. Оқушыларға қиындық тудыратын тақырыптар банкі құру (нәтижелер бойынша);
- Оқытушылардың қиындық туғызатын тақырыптарды оқыту сапасын бақылауды ұйымдастыруы.

Оқу процесінде және ҰБТ тапсыру кезінде, біріншіден, білім немесе, дәлірек айтқанда, не істеу керектігін түсіну, екіншіден, оны жасай білу үлкен рөл атқарады. Сондықтан барлық мұғалімдер білім беру жүйесіне тестілеу технологияларын белсенді түрде енгізуде, өйткені жағада тұрып жүзуді үйренуге болмайтыны бекер емес.

Пәндер бойынша ҰБТ-ға дайындық мәселелері мен ерекшеліктеріне сүйене отырып, пән мұғалімдері оқушыларға ұлттық бірыңғай тестілеуді сәтті тапсыруға көмектесетін өзіндік әдіс-тәсілдерді әзірлейді:

- тірек-сызбалармен, синхронологиялық кестелермен, электрондық оқыту құралдарымен жұмыс;

- жыл бойына жоспарлы түрде тақырыптарды қайталауды жүзеге асыру, сонымен қатар олардың талдауы, түсіндірмелері, ұқсастығы бар тест тапсырмаларын орындау, сол арқылы оқушылардың ассоциативті ойлауын дамыту. Мұғалімдер 11-сынып оқушыларына пәндер бойынша консультациялар береді, мұнда дайындықтың әртүрлі формаларын – дәрістер, семинарлар, практикалық элементтері бар лекциялар, лекция элементтері бар семинарлар, практикумдар және т.б. пайдалана отырып, оқушылар 5-11 сыныптардың бағдарламалық материалын қайталайды.

Түзету іс-әрекетінің кезеңі әрқашан оқушылардың тапсырмаларды орындауындағы жетістіктер мен кемшіліктерді талдаудың және бақылаудың ең маңызды кезеңінен тұрады, бұл оқушылардың тестілеуге нақты дайындық деңгейін анықтауға, олқылықтардың типологиясын анықтауға мүмкіндік береді.

ҰБТ-ға дайындық кезінде оқушылардың білімін түзету үшін келесі жұмыс түрлері қолданылады:

- оқу дағдыларын бақылау мақсатында ғана емес, сонымен қатар бақылау және оқыту әдісі ретінде тесттермен жұмыс істеу;

- енгізуді басқару кезінде тесттермен жұмыс істеу немесе мәселедегі негізгі семантикалық блоктарды анықтау;

- оқушылар дұрыс жауапты анықтап қана қоймай, өз таңдауын негіздейтін топтық жұмыстар;

- тесттерді өз бетінше дайындау;

- құрастырылған тест тапсырмасын қою;

- ұжымдық таңдаған позицияны кейіннен қорғай отырып, топта тест бойынша жұмыс істеу.

Орта және жоғары сынып мұғалімдері өз жұмыстарын ҰБТ-да ұсынылатын түрлі тапсырмалармен жоспарлайды. Мұны орындау қиын емес, өйткені әрбір бағдарлама тақырыбына мұндай тапсырмаларды енгізу дағдыларды дамытатын оқу әрекетінің ауқымын кеңейтеді. Аралық, ағымдық бақылау кезеңінде, сондай-ақ тақырыпты оқудың қорытынды кезеңінде, мысалы, тақырыптық бақылауға дайындық кезінде, таңдауы бар, сонымен қатар қысқа және толық, бір немесе бірнеше жауабы бар тапсырмалар ұсынылады. Сонымен бірге ҰБТ-ға дайындық мектептегі пәндерді жүйелі оқуды алмастырмайды, емтиханға кез келген дәстүрлі дайындық сияқты ол жүйелі қайталауды, жалпылауды, білімді жүйелеуді, стандартты тапсырма шарттарын өзгертуді және тапсырмалардың жаңа түрлерін қарастыруды қамтиды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Пауан, 2016. – 384 б.
2. Bloom, B. Taxonomy of Educational Objectives. – New York: David McKay Company, 1956.
3. Anderson, L.W., Krathwohl, D.R. A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A Revision of Bloom's Taxonomy. – New York: Longman, 2001.
4. Popham, W.J. Classroom Assessment: Principles and Practice for Effective Standards-Based Instruction. – Boston: Pearson, 2014.

Шаганбаева Айжан Тлеулесовна

Тарих пәні мұғалімі, педагогика ғылымының магистрі
"Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебі" КММ
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Село Жібек жолы

**БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ
ЗИЯЛЫЛАРЫ****Аннотация.**

Мақалада алғашқы қазақ зиялыларының халықаралық деңгейдегі қызметі, олардың шетелдік білім беру жүйелерімен байланысы, этнографиялық және тарихи зерттеулері жан-жақты талданады. Қазақ зиялыларының Ресей, Түркия және Еуропада алған білімдерінің қазақ қоғамын жаңғыртуға әсері, аграрлық саясатты реформалаудағы, әліпби жасау мен тіл ғылымын дамытудағы рөлі көрсетіледі. Сонымен бірге, жастарды шетелде оқыту бастамаларының кейінгі білім беру жүйесіне ықпалы қарастырылады. Мақалада зиялылардың ғылыми еңбектері қазақ тарихын жүйелеуге, ұлттық сананы оятуға және отарлық кезеңдегі қоғамдық ойдың дамуына қосқан үлесі тұрғысынан бағаланады.

Кілт сөздер: қазақ зиялылары, халықаралық байланыс, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, этнография, тіл ғылымы, ұлттық жаңғыру, білім беру, жастарды шетелге оқыту, тарихи сананы қалыптастыру.

Қазақ халқының қоғамдық санасы мен ұлттық ой-өрісінің дамуы тарихында ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында пайда болған алғашқы қазақ зиялыларының рөлі ерекше. Бұл кезең қазақ даласының рухани ояну дәуірі ретінде бағаланады, өйткені дәл осы уақытта халық ағарту ісіне, ғылымға, әдебиетке, педагогикаға, қоғамдық-саяси қозғалысқа белсене араласқан тұлғалар шоғыры қалыптасты. Қазақ зиялылары отарлық саясаттың ассимиляциялық қысымына қарамастан, ұлттық бірегейлікті сақтап қалуға және оны жаңғыртуға бағытталған күрделі миссияны атқарды. Олар халықты білім мен ғылымға тарту арқылы өркениеттік даму жолына бастау міндетін мойнына алды. Зиялылар ұғымы қазақ қоғамында тек сауатты адамдарды ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пікір қалыптастырушы, ұлт тағдырына жауапкершілікпен қарайтын, ұлттық құндылықтарды қорғап, жаңа идеяларды алға тартушы көшбасшыларды білдірді.

Алғашқы қазақ зиялыларының қалыптасуына Ресей империясының отарлық әкімшілік реформалары, жаңа мектептер жүйесінің пайда болуы, қазақ даласына ғылым мен мәдениеттің енуі әсер етті. ХІХ ғасырдың екінші жартысында ашылған орыс-қазақ мектептері, гимназиялар, әскери училищелер қазақ жастарына білім алуға мүмкіндік берді. Сол оқу орындарын бітірген Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов сынды тұлғалар ұлттық ой-санаға жаңа серпін беріп, қазақ халқының тарихында ағартушылық дәуірдің негізін қалады. Бұл қайраткерлер халықтың тұрмысын, салтын, дәстүрін, тілін, ауыз әдебиетін ғылыми тұрғыдан зерттеп, оны кейінгі ұрпаққа жеткізуді басты міндет санады.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасқан жаңа толқын зиялылардың арасында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедұлы, Елдес Омаров, Мұхамеджан Тынышбаев сияқты ұлт қайраткерлері ерекше орын алады. Олар қазақ қоғамының саяси, мәдени, ғылыми өмірін жаңғыртуға ұмтылды, газет-журналдар шығарып, ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру жолында еңбек етті. Ахмет Байтұрсынұлының әліпби реформасы қазақ тіл білімінің іргетасын қалауға бағытталды, ал оның «Тіл құралы» еңбегі ана тілін ғылыми тұрғыдан сипаттаудың алғашқы үлгілерінің бірі болды. Әлихан Бөкейхан қазақ жерінің тарихын, шаруашылығын зерттеп, ұлттық автономия құру идеясын көтерді. Бұл тұлғалардың ғылыми еңбектері тек ағартушылық сипатта ғана емес, сонымен қатар отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің идеологиялық негізіне айналды.

Алғашқы қазақ зиялылары тек білім мен ғылым саласында ғана емес, сонымен қатар этнография, археология, тарих ғылымдарында да еңбек сіңірді. Шоқан Уәлихановтың Қашғарияға жасаған сапарлары, оның жазбалары қазақ халқының және көрші халықтардың тарихын зерттеуде баға жетпес дереккөзге айналды. Ол шығыстану ғылымында тұңғыш қазақ ғалымы ретінде әлемдік деңгейде мойындалды. Ыбырай Алтынсариннің қазақ даласында зайырлы мектептер ашуы, қыз балаларға арналған мектептерді ұйымдастыруы сол кезең үшін нағыз жаңашылдық болды. Ол педагогикалық еңбектерінде оқу процесін баланың жас ерекшелігіне сай ұйымдастыру қажеттігін атап өтті және ұлттық тәрбие мен білім берудің үйлесімділігін басты қағидаға айналдырды.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қызметінде баспасөздің маңызы ерекше болды. «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы тәрізді басылымдар халықтың саяси сауатын ашып, ұлттық сананы оятты. Бұл басылымдарда ағартушылық мақалалар, саяси-экономикалық талдаулар, әдеби туындылар жарияланып, қоғамды жаңғырту идеялары талқыланды. Мұның барлығы қазақ қоғамында жаңа әлеуметтік топ – ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына ықпал етті. Зиялылар халықтың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, білімнің маңызын түсіндірді, жастарды оқуға шақырды.

Қазақ зиялыларының қызметін тек ағартушылықпен шектеп қарауға болмайды. Олар ұлттың мүддесін қорғауда саяси күреске де белсенді араласты. Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметінің құрылуы – қазақ зиялыларының ұйымдастырушылық қабілетінің, ұлттық жауапкершілігінің көрінісі. Бұл қозғалыс қазақ халқының өзін-өзі басқару құқығын қорғауға, ұлттық мемлекеттік идеясын жүзеге асыруға бағытталды. Алаш қайраткерлерінің бағдарламаларында білім беру ісін дамыту, мектептер мен медреселер желісін кеңейту, оқу құралдарын ана тілінде шығару, мұғалімдерді даярлау мәселелері негізгі орын алды.

Білім мен ғылым жолындағы алғашқы қазақ зиялыларының еңбегі ұлттық мәдениет пен ғылымның іргетасын қалады. Олардың ұстанымдары мен идеялары бүгінгі күні де өзекті. Қазіргі білім беру жүйесінде олардың тәжірибесі мен мұралары құнды әдістемелік негіз ретінде қарастырылады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімін жүйелеу принциптері қазіргі қазақ тілі бағдарламаларына енгізілген, Ыбырай Алтынсариннің тәрбиелік идеялары қазіргі педагогикалық процестің негізін құрайды, Шоқан Уәлихановтың тарихи-этнографиялық зерттеулері ұлттық тарихты оқытуда басты дереккөз болып табылады.

Алғашқы қазақ зиялыларының қызметін зерттегенде олардың халықаралық байланыстарына да назар аудару маңызды. Көптеген қазақ зиялылары Ресейдің, Түркияның, Еуропаның ірі университеттерінде білім алып, сол елдердің ғылыми және саяси тәжірибелерін қазақ қоғамына бейімдеді. Мысалы, Әлихан Бөкейхан Ресей Мемлекеттік Думасында қазақ халқының мүддесін қорғап, аграрлық мәселе, жерді пайдалану, көшпелі шаруашылықты реформалау жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар берді. Ахмет Байтұрсынұлы түркі халықтарының ортақ әліпбиін жасауға атсалысып, қазақ тілін зерттеуде лингвистикалық жаңа әдістерді қолданды.

Сонымен қатар, қазақ зиялылары ұлттық тарихты жүйелеуге, фольклорды жинақтауға, этнографиялық еңбектер жазуға ерекше мән берді. Әлихан Бөкейханның қазақ рулары мен тайпалары туралы статистикалық және этнографиялық зерттеулері, Халел Досмұхамедұлының медицина, биология, әдебиеттану саласындағы еңбектері ғылыми тұрғыдан өте құнды болды. Бұл еңбектер қазақ халқының өзіндік болмысын, тарихын және мәдениетін әлемдік ғылым кеңістігіне танытуға жол ашты.

Зиялылардың тағы бір маңызды еңбегі – жастарды шетелге оқуға жіберу мәселесін көтеруі. Олар болашақ мамандарды техникалық, педагогикалық, инженерлік бағыттарда даярлау арқылы қазақ қоғамын жаңғыртуды көздеді. Осы идея кейіннен тәуелсіз Қазақстанда да жалғасын тауып, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының негізін қалады деуге болады.

Осылайша, алғашқы қазақ зиялылары білім мен ғылымды ұлттық сананы оятудың, халықты өркениетке бастау жолындағы ең маңызды құрал ретінде қарастырды. Олардың ағартушылық, ғылыми және қоғамдық қызметі бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы күресінің рухани бастауы болып қала береді. Бұл тұлғалардың өмір жолын, еңбегін мектеп тарихы сабақтарында

терең әрі жүйелі оқыту жас ұрпақтың ұлттық рухын күшейтеді, тарихи санасын қалыптастырады және оларды Отанға қызмет етуге шабыттандырады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: «Санат», 2017.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992.
3. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектер. – Алматы: «Алаш», 2010.

ПЕРВЫЕ КАЗАХСКИЕ ИНТЕЛЛИГЕНТЫ НА ПУТИ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация.

В статье всесторонне рассматривается деятельность первых казахских интеллигентов на международном уровне, их связи с зарубежными системами образования, а также этнографические и исторические исследования. Показано влияние образования, полученного казахскими интеллигентами в России, Турции и Европе, на модернизацию казахского общества, их роль в реформировании аграрной политики, создании алфавита и развитии лингвистики. Также анализируются влияние инициатив по обучению молодежи за рубежом на последующее развитие образовательной системы. Научное наследие интеллигенции оценивается с точки зрения их вклада в систематизацию казахской истории, пробуждение национального сознания и развитие общественной мысли в колониальный период.

Ключевые слова: казахская интеллигенция, международные связи, Аликхан Букейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, этнография, лингвистика, национальное возрождение, образование, обучение молодежи за рубежом, формирование исторического сознания.

THE FIRST KAZAKH INTELLECTUALS ON THE PATH OF EDUCATION AND SCIENCE

Abstract.

This article provides a comprehensive analysis of the international activities of the first Kazakh intellectuals, their connections with foreign educational systems, as well as their ethnographic and historical research. It highlights the impact of education received by Kazakh intellectuals in Russia, Turkey, and Europe on the modernization of Kazakh society, their role in reforming agrarian policies, developing the alphabet, and advancing linguistic science. The article also examines the influence of early initiatives to send youth abroad for education on the future development of the national education system. The scientific contributions of the intellectuals are evaluated in terms of their role in systematizing Kazakh history, awakening national consciousness, and contributing to the evolution of social thought during the colonial period.

Keywords: Kazakh intellectuals, international relations, Alikhan Bokeikhanov, Akhmet Baitursynuly, ethnography, linguistics, national revival, education, foreign study programs, formation of historical consciousness.

¹Жотабаев Нұрлан Өмірзақұлы дене шынықтыру пәні мұғалімі

²Ванкеева Гүлназ Бекмұратқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

¹Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі»

«Қалқа Жапсарбаев атындағы орта мектеп» КММ

«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛІН ҮЙРЕТУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ».

Қазақ халқының ескі мұрасының - бірі тоғызқұмалақ ойыны. Тарихтың сарғайған парақтары дәлелдегендей, халқымыз өзінің төл өнерлерін ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Бабалардан мирас болып қалған, әрі нағыз халықтық ойын ретінде сан ғасырлар бойы өзінің жұртты баурап алатын қасиетін сақтап қалған, ақыл-ойдың нағыз қайнар көзі - тоғызқұмалақ өнері. Қазақта керемет екі құдірет бар. Бірі-қос ішекті, тоғыз пернелі үкілі домбыра, екіншісі – тоғыз - тоғыздан симметриялы орналасқан отаулары, қасиетті құмалақтары бар қос қазаннан тұратын тоғызқұмалақ. Ертеде, еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнаған қазақ халқының ақыл-ой спорты - тоғызқұмалақ ойыны.

Тоғызқұмалақ - әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Жасөспірімнің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынға көп көңіл бөлген. Тоғызқұмалақ-шахмат, дойбы сияқты оқушылардан өз бетімен шұғыл шешім қабылдауға, ойлау қабілетін арттыруға, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа, ауызша тез есептеуге, есте сақтау қабілетін жетілдіруді, терең ойлауға және математикалық амалдарды толық меңгеруге қажет ететін ақыл-ой спорты. Тоғызқұмалақ ойыны-өте қызық, әрі терең ойлауды талап ететін, халқымыздың даналығын көрсететін ұлттық ойындардың бірі. Халқымызбен бірге жасап келе жатқан тоғызқұмалақ ойыны қазір кең тарап, дамып, жетіліп келеді. Қазақ халқының ақыл-ой спорты-тоғызқұмалақ аласапыран заманның әлегінен ұмыт бола жаздап, XX ғасырдың жетпісінші жылдарында ғана қайта жанданып, жаңа даму жолына түсті. Аласапыран замандар басталғанға дейін тоғызқұмалақты Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, тағы басқа қазақтың данышпан, ғұлама ұлдарының құмарта ойнағаны жөнінде деректер бар. Көшпелі халықтардың өмірінде бүтін сандардың төрт амалын есептеп шығару осы тоғызқұмалақ ойыны арқылы қалыптасқан. Сондықтан да бұл ойын «**малшы математикасы**» деп аталған.

Тоғызқұмалақ ойынын жалпы білім беретін мектеп оқушыларына үйрету барысында ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді әдістері мен ерекшеліктері қарастырылады. Заманауи білім беру үдерісінде цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыру, қызығушылығын ояту және ойынның әдіс-тәсілдерін тиімді меңгеру жолдары сипатталады.

Бұл ойын - тек уақыт өткізуге арналған құрал ғана емес, логикалық ойлау қабілетін дамытатын, математикалық ұғымдарды меңгеруге көмектесетін ерекше құрал. Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды жаңғырту және оны ақпараттық технологиялармен ұштастыру - маңызды міндеттердің бірі.

Тоғызқұмалақ және оның білім берудегі рөлі.

Тоғызқұмалақ – екі ойыншы арасында жүргізілетін стратегиялық әрі тактикалық ойлауды талап ететін ойын. Бұл ойын арқылы оқушылар:

- Логикалық және сыни ойлау қабілетін дамытады;
- Тапқырлық пен сабырлыққа үйренеді;
- Есептеу дағдыларын жетілдіреді;
- Ұлттық мәдени мұрамен танысады.

Осы қасиеттер Тоғызқұмалақты мектеп бағдарламасына қосуға зор мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы.

Бүгінгі таңда білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану – заман талабы. Тоғызқұмалақты үйретуде де ақпараттық технологиялардың маңызы зор. Олар келесі бағыттарда тиімділік береді:

- Интерактивті платформалар арқылы ойын ережелерін, әдіс-тәсілдерін көрнекі түрде түсіндіруге болады;

- Онлайн ойын бағдарламалары арқылы оқушылар бір-бірімен немесе компьютермен жаттығу жасай алады;

- Мультимедиялық ресурстар (видео, анимация, слайд) арқылы визуалды қабылдауды жақсартады;

- Оқу нәтижелерін цифрлық бағалау арқылы оқушылардың жетістігін бақылауға мүмкіндік береді.

Қолданылатын негізгі ақпараттық ресурстар:

- «Togyzkumalak.com» онлайн платформасы – оқушылар мен мұғалімдерге арналған қолжетімді және интерактивті ресурс;

- Мобильді қосымшалар («Togyz Kumalak», «IQ Bala» және т.б.) – смартфон арқылы үйренуге мүмкіндік береді;

- YouTube платформасындағы оқу бейнероликтері – теория мен тәжірибені ұштастырады;

- Интерактивті тақта арқылы оқыту – сынып жағдайында ойын комбинацияларын көрсетуге ыңғайлы;

- Виртуалды жаттықтырушылар – оқушылардың деңгейіне қарай тапсырмалар ұсыну мүмкіндігін береді.

Ақпараттық технологияларды қолдану әдістері:

- **Теорияны меңгерту кезеңінде** – мультимедиялық презентациялар, анимациялық түсіндірулер пайдаланылады;

- **Тәжірибелік кезеңде** – онлайн симуляторлар мен қосымшалар көмегімен жаттығулар орындалады;

- **Бақылау және бағалау кезеңінде** – сандық тесттер мен викториналар өткізу арқылы оқушының білім деңгейі анықталады;

- **Қосымша үйрену ресурстары ретінде** – оқушыларға үйде өздігінен жаттығуға мүмкіндік береді.

Тоғызқұмалақ-халық педагогикасының бір саласы, әрі тәрбие құралы ретінде жас жеткіншектердің бойында тоғыз түрлі әдет-ғұрып қасиеттерді қалыптастырады. Ұлттық ойындарды жандандыруды мақсат тұтқандықтан, спорт әліппесін үйретумен қатар, жастардың ой-өрісін, сана сезімін дамытуға, өмірге қажетті ауыз есепке төселдіруге, тез арада дұрыс шешім жасай алуға, ұстамдылыққа, төзімділікке, сабырлыққа, жігер-намысты шыңдауға, көп еңбектенуге септігін тигізеді. Халқымыздың қасиеті мен өнегесін, бабалардың ақ батасын, адал тілегін бүгінгі әрбір азаматқа үйрету, санасын ояту, тәрбиелеу әр мұғалім мен ата-ананың парызы.

Тоғызқұмалақ – ұрпақ санасына ұлттық рух пен логикалық ойлау мәдениетін сіңіретін құнды мұра. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану - бұл ойынды мектеп жағдайында үйретуді жеңілдетіп қана қоймай, оны қызықты, тартымды, нәтижелі етуге ықпал етеді. Цифрлық білім беру ресурстары Тоғызқұмалақтың кең таралуына, болашақ ұрпақтың ұлттық ойынға қызығушылығының артуына септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ. Аманжолов. «Тоғызқұмалақ – ұлттық ойын». – Алматы, 2018.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жалпы білім беру стандарттары.
www.togyzkumalak.com
3. «Цифрлық білім ресурстары» әдістемелік жинағы. – Астана, 2022

Арқұл Таңшолпан Ғалиқызы
Әлеуметтік педагог
№ 14 Бейімбет Майлин атындағы орта мектеп
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Ақбастау ауылы



МЕКТЕПТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

"...Әлеуметтік педагог есте ұстауы керек ең бастысы-баланың адам табиғатын құрметтеу, оған еркін, қалыпты дамуды қамтамасыз ету, оған тірі және берік сенімдерді оятуға тырысу, оны саналы түрде, жақсылық пен шындыққа құрметпен әрекет етуге үйрету..."

Н. А. Добролюбов

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі мектептегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған балаларға көрсетілетін көмек пен әлеуметтік педагогтың атқаратын қызметі жан-жақты қарастырылады. Мемлекеттік әлеуметтік қолдауға сүйене отырып, мектептерде аз қамтылған, көпбалалы және қиын жағдайдағы отбасылардың балаларына жүйелі көмек көрсетіледі. Мақалада әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметі, оның негізгі міндеттері мен жұмыс бағыттары, сондай-ақ мұғалімдермен, оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы рөлі егжей-тегжейлі сипатталады. Сонымен қатар, әлеуметтік педагогтың тұлғалық және кәсіби қасиеттері, диагностика мен кеңес беру жұмыстары арқылы баланың әлеуметтенуіне ықпалы ашып көрсетілген.

Түйінді сөздер: әлеуметтік педагог, әлеуметтік көмек, мектеп, әлеуметтік жұмыс, аз қамтылған отбасы, диагностика, бала құқықтары, тәрбие, ата-ана, педагогикалық кеңес, әлеуметтік қызмет

Қазіргі уақытта мектептегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған балаларға жәрдем беру "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" заңға сәйкес жүзеге асырылуда. Аталмыш заңда қарастырылғандай, жан басына шаққандағы орташа табысы мектепте төмен ұрмысты отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілуде. Жыл бойы аз қамтылған, көпбалалы, бейберекетсіз отбасының оқушыларына әлеуметтік көмек көрсетіліп, тұрмыстық және материалдық жағынан жағдай жасалынады. Әрбір оқушының әлеуметтік ортаға қарым-қатынасын зерттей отырып, отбасындағы тұрмыс жағдайын, ата-аналардың әлеуметтік статусын анықтау арқылы сыныптың әлеуметтік картасы шығарылды. Баланың әлеуметтік – тұрмыстық қамтамасыз етілуін қадағалап, тексеру, оқушылардың құқықбұзушылығының алдын-алу шараларын ұйымдастыру, сәтсіз отбасы есебінде тұрған отбасылармен және мектепте білім алатын оқушымен де тығыз жұмыстар жүргізіп отыру мектеп әкімшілігі, соның ішінде мектептің әлеуметтік педагогының ең жауапты ісі.

Әлеуметтік мұғалімнің жұмысындағы кәсібилік көбінесе осы қызмет түрін таңдаған адамның жеке қасиеттеріне байланысты. Әлеуметтік мұғалім келесі қасиеттерге ие болуы керек:

- табиғилық-бұл процесте өзі болу, басқалармен өзара әрекеттесу;
- ізгі ниет-басқаларды жақсы қабылдау қабілеті, кез келген уақытта оған мұқтаж басқа адамды қолдауға дайын болу;
- нәзіктік-басқа адамдармен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік;
- нақтылық - қойылған сұраққа нақты жауап бере білу, нақты және өз ойларыңыз бен пайымдауларыңызды айту;
- адамгершілік-балаларға, олардың отбасыларына, өз ұжымына деген сүйіспеншілік; мейірімділік, гуманизм, адамгершілікпен бірге.

Мектептің әлеуметтік қызметінің негізгі функцияларына мыналар жатады:

- сыныптарда, мектепте орын алатын жалпы және жеке әлеуметтік мәселелерді анықтау;
- білім алушының жеке ерекшеліктерін, әлеуметтік қызмет объектілері топтарын зерттеу және диагностикалау;
- мұғалімнің оқушымен, топпен, ата-аналармен жұмысында көмек көрсету;
- білім алушыны ол үшін өмірлік маңызы бар немесе болуы мүмкін проблемалардың туындауына байланысты әлеуметтік қорғау;
- топты, сыныпты жеке адамдардан әлеуметтік қорғау;
- мұғалімнің жеке-педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау және оған педагогикалық шеберлікті одан әрі арттыруға, оқушылармен, ата-аналармен жұмыста педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыруға көмектесу;
- топтарда, мектепте жоспарланған және өткізілетін тәрбие іс-шараларын әлеуметтік-педагогикалық бағалау;
- оқушылардың әртүрлі топтарымен, жекелеген оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен әлеуметтік-педагогикалық іс-шараларды тікелей дайындау;
- оқушылардың әлеуметтік мәселелерін шешу мүддесінде әлеуметтік қорғау органдарымен, кәметке толмағандармен жұмыс жөніндегі бөлімдермен, басқа мекемелермен ынтымақтастық орнату.

Мұндай жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектептің әлеуметтік қызметіне диагностика (психолог және әлеуметтанушы) және қолданбалы жұмыс (әлеуметтік қызметкер және әлеуметтік педагог) мәселелерін шеше алатын мамандар қажет. Олардың әрқайсысы өз қызметін бала мен мектептің мүддесі үшін жүзеге асыруға арналған.

Жалпы, мектептің әлеуметтік қызметінің барлық қызметінде шартты түрде екі негізгі бағытты бөлуге болады: әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика. Мектептің әлеуметтік қызметі қызметінің негізгі бағыты оқушылар арасында бейімделмеген, белгілі бір әлеуметтік ауытқулары, мінез-құлқындағы ауытқулары бар жеке тұлғаларды, топтарды анықтау және олармен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыру болып табылады. Бұл қызметке тікелей басшылықты мектеп директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары жүзеге асырады. Әлеуметтік педагог. Қазіргі уақытта көптеген мектептерде әлеуметтік педагог лауазымы енгізілді. Сонымен қатар, көбінесе бұл маман мектептен тыс уақытта мектеп оқушыларымен мәдени-демалыс жұмыстарымен айналысатын тәрбиеші немесе әлеуметтік қызметкер ретінде қызмет етеді.

Алайда, мектептердің нақты тәжірибесі бұл маманның өзіндік кәсіби қызметі бар екенін көрсетеді. Әлеуметтік педагог — бұл диагностика нәтижесінде алынған мәліметтер негізінде педагогикалық сауатты түрде мектептің әртүрлі мамандарының педагогикалық қызметінде оларды жүзеге асыру үшін әдістеме, әдістемелік ұсыныстар жасай алатын маман. Сонымен қатар, ол жеке оқушылармен, оқушылардың әртүрлі топтарымен, олардың ата-аналарымен, мұғалімдерімен тәрбиелік, әлеуметтік-педагогикалық жұмысты педагогикалық тұрғыдан дұрыс құра білуі керек.

Ол көмектесе алады:

а) мұғалімге: оқушымен оны оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмыс істеудің жеке әдістемесін әзірлеу; сыныппен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыру; жекелеген ата-аналармен қарым-қатынасты жүзеге асыру әдістемесін әзірлеуге көмек көрсету және жоспарлау; мұғалім мен оқушы арасындағы жанжалды шешуге көмектесу; мұғалім, оқушы және оның ата-анасы; мұғалім мен сынып және т. б.;

б) оқушыға кеңестермен (консультациялармен): өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыста; сыныптағы, мұғаліммен, ата-аналармен жанжалды жағдайларды (қарым-қатынастарды) қалай жеңуге болады (болашақта ескерту);

в) ата-аналарға кеңес, әдістемелік көмек: ұлымен (қызымен) қарым-қатынас орнатуда; өз баласымен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты түзету үшін; баламен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жетілдіру мүддесінде мұғаліммен қарым-қатынасты дамытуда (келісуде).

Әлеуметтік мұғалімнің кәсібилігі жеке тұлғаның қадір-қасиетін де, қамқоршының мәселелік өрісін де анықтау, оның дамуының мүмкін нұсқаларын болжау, мотивацияға оң әсер ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту процестерін белсендіру қабілетінде көрінеді. Бұл маман бала енгізілген әлеуметтік микрожүйе қалыптастыратын құндылық бағдарларын дұрыс анықтаған кезде мүмкін болады. Әлеуметтік мұғалім баланың қажеттіліктері мен мінез-құлқын анықтайтын әлеуметтік рөлдерді анықтай алуы керек. Шынында да, кең мағынада кәсіби әлеуметтік-педагогикалық қызмет жеке тұлғаның адамгершілік саласын, өмірлік өзін-өзі анықтаудағы әлеуметтік маңызды көзқарастарды қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Қорытынды

Мақалада көрсетілгендей, әлеуметтік педагогтың қызметі мектепте оқитын балалардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік мәселелерді анықтау, олармен дер кезінде жұмыс жүргізу және қолдау көрсету бағытында маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік педагог — оқушының дамуына кедергі келтіретін тұрмыстық, психологиялық, тәрбие мәселелерін шешуге ықпал ететін кәсіби маман. Ол тек оқушымен ғана емес, сонымен қатар ата-аналармен, мұғалімдермен де тығыз жұмыс жасайды. Баланың әлеуметтенуі, мектепке бейімделуі және құқық бұзушылықтың алдын алу ісінде әлеуметтік педагогтың кәсібилігі мен тұлғалық қасиеттері басты фактор ретінде анықталады. Сонымен бірге, бұл саладағы жұмыс тиімді болуы үшін әртүрлі мамандардың (психолог, әлеуметтанушы, әлеуметтік қызметкер) бірлескен іс-қимылы қажет. Жалпы алғанда, әлеуметтік педагог – қазіргі мектеп жүйесінің маңызды және қажетті буыны.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңы.
2. Қалиев С.Ж., Бабаев С.Б. «Әлеуметтік педагогика негіздері». – Алматы: Рауан, 2016.
3. Қожахметова К.Ж. «Мектептегі әлеуметтік жұмыс». – Алматы: Дарын, 2018.
4. Смирнова Е.О. «Социальная педагогика». – Москва: Академический проект, 2020.
5. Жұмабаев С. «Әлеуметтік педагог қызметінің ерекшеліктері». // Педагогика және психология журналы, №4, 2022.
6. Юсупова А. «Әлеуметтік педагогика және қазіргі мектеп». // Білім – Образование журналы, №2, 2021.

Кенесбекова Ақнұр Бөленқанқызы

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің
“Опытное поле орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ДАМУ ПРОЦЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада көркем еңбек пәнінде жобалық әдісті қолданудың маңыздылығы мен ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Жобалық іс-әрекет – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың өз бетімен жұмыс істеу, шешім қабылдау және жауапкершілік алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық құрал. Көркем еңбек пәні тек қана еңбекке баулу емес, сонымен қатар жеке тұлғаның эстетикалық талғамын, техникалық сауаттылығын және функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Мақалада жобаларды жоспарлау мен жүзеге асырудың кезеңдері, жобалық жұмыстардың тақырыптарын таңдау критерийлері, шығармашылық жобаның тәрбиелік мәні мен пәнаралық байланыс рөлі нақты мысалдармен сипатталады. Жобалық әдіс оқушылардың ішкі мотивациясын оятуға, дербестікке тәрбиелеуге және шынайы өмірмен байланысты нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

Түйінді сөздер: жобалық әдіс, көркем еңбек, шығармашылық жоба, оқушы әрекеті, еңбек тәрбиесі, пәнаралық байланыс, эстетикалық тәрбие, дербестік, технология, жобаны қорғау

Шеберлік пен көркемдік - сұлулықтың қажетті элементі. Онсыз эстетикалық сезім де, эстетикалық тәжірибе де болмайды.

Көркем еңбек білім беру саласы жалпы білім берудің құрамдас бөлігі болып табылады және жас ұрпақты өз бетінше өмір сүруге, мамандықты саналы таңдауға және оған жету жолына тәрбиелеуді қамтамасыз ететін мектептің жалпы педагогикалық мақсатына жетуге ықпал етеді. Көркем еңбек негізі – оқушылардың өзіндік жобалық әрекеті. Көркем еңбек мұғалімі үшін мектеп оқушыларының жобалық іс-әрекетін басқару, жалпы алғанда, жаңалық емес. Көп жағдайда пән мұғалімі өз сабақтарында жобалық іс-әрекетке жетекшілік ететінін білмеуі де мүмкін. Бұл оның жетекшілігімен олар еңбек объектілерін өндірумен байланысты барлық конструкторлық және технологиялық мәселелерді шешкенде болады.

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының жобалық іс-әрекетін жүйелеп, оны мұғалімнің пән бағдарламасы бойынша бағыттауымен «Жоба» бөлімі енгізілді. Көркем еңбекті оқытудың жобалық әдістемесі жобалаудың мұғалімнің бақылауымен емес, онымен бірге ынтымақтастық педагогикасына негізделетінін болжайды.

Шығармашылық жоба – бұл оқушылардың іс-әрекетін белсендіретін оқу және еңбек әрекеті, нәтижесінде олар субъективті, кейде объективті жаңалығы бар өнім жасайды. Жоба – «болашаққа ой жүгірту» деген нақты анықтама бар. Басқаша айтқанда, бұл - іс-әрекеттің соңғы нәтижесінің идеалды көрінісі, «ойдағы соңғы өнім».

Жобаны аяқтау немесе қорғау үшін мұғалім тарапынан да, оқушылар тарапынан да көп дайындық жұмыстары қажет. Нәтижесінде жаңа, ерекше нәрсе жасалатын жұмыс шығармашылық болып саналады. Сондықтан көркем еңбек сабақтарында орындалатын жобаларды шығармашылық деп те атайды. Шығармашылық жобаларды жүзеге асыруда оқушылар өздерінің білімдерін, дағдыларын, қабілеттерін толық көрсету үшін оларға көбірек дербестік беру қажет.

Жобалық әдісті қолдану мектеп оқушылары мен ересектер арасында осындай өзара әрекеттестік пен қарым-қатынастың пайда болуына ықпал етеді, онда мақсатқа жету үшін жеке тұлғаның шығармашылық күш-жігері жүзеге асырылады, тек жоспарланған нәтиже ғана

емес, сонымен қатар ішкі өсіп келе жатқан адамның әлемі дамиды. Жобалаудың тәрбиелік рөлі осы еңбек қатынастарының оқушылардың рухани өмірінде, олардың ойлары мен сезімдерінде бейнеленуіне, жеке тұлғаның ерікті күш-жігерінің кеңдігі мен тереңдігіне байланысты. Жалпы еңбек тәрбиесінің өзегі ретінде еңбекке деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу балаға еңбек процесінде пайда болатын адамдар арасындағы қарым-қатынас сұлулығымен сусындағанда ғана мүмкін болады.

